

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
дербес білім беру ұйымы**

2021

ЖЫЛҒЫ ЕСЕП

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК
МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ
ТӘЖІРИБЕСІН
ТАРАТУ ТУРАЛЫ**

2-бөлім

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

КІРІСПЕ

1-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

7

1.1. Оқу жоспарларын әзірлеу және қайта қарау

2-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

11

2.1. Оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК)

12

2.2. «Жүйелі-әдістемелік кешен», «Онлайн-мектеп», «Шамшырақ» білім беру платформалары

18

2.3. Кітапханалар

18

2.4. Басылымдар

3-БӨЛІМ. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

25

3.1. Тәрбие жұмысы

28

3.2. Жазғы мектеп және элективті курстар

28

3.3. Робот техникасы

4-БӨЛІМ. ҚР ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫН КӘСІБИ ТҰРҒЫДАН ДАМУ

35

4.1. ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттыруға арналған білім беру бағдарламалары

35

4.2. Тренерлер құрамын дайындау

37

4.3. ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттыру

49

4.4. Курстық оқыту сапасына мониторинг жүргізу

50

4.5. Педагог кадрларға курстан кейін қолдау көрсету

5-БӨЛІМ. ДББҰ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ БОЙЫНША ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

61

5.1. Зияткерлік мектептер – Өңірлердегі әдістемелік орталықтар

63

5.2. Тәжірибені ұлттық деңгейде тарату

6-БӨЛІМ. «АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ» ЖОБАСЫ

7-БӨЛІМ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«НЗМ» ДББҮ	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҰБТ	Ұлттық бірыңғай тестілеу
ББ	Білім басқармасы
Аудандық/ Қалалық БББ	Аудандық/Қалалық білім беру бөлімдері
АҚ	Акционерлік қоғам
ҚҚ	қоғамдық қор
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ХМАО	Ханты-Мансийск автономиялық округі
ОӘК	Оқу-әдістемелік кешен
CEFR	Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігі, шет тілін меңгеру деңгейлерін сипаттауға арналған бүкіл әлемде танылған стандарт
ISSN	ISSN нөмірі сегіз таңбалы код болып табылады, ол газеттер, журналдар және мерзімді басылымдардың кез келген санатын баспа түрінде де, электронды түрде де анықтау қызметін атқарады
ЮНЕСКО	Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі мамандандырылған мекемесі
WRO	Халықаралық роботтар сайысы, 10-21 жас аралығындағы оқушыларға арналған жарыс
LEGO	әртүрлі заттарды жинауға және модельдеуге арналған бөлшектер жиынтығы болып табылатын конструкторлар сериясы
ЖӘК	Жүйелі-әдістемелік кешен
ПОҚ	профессор-оқытушылар құрамы
ЕНЦ	Жаратылыстану-ғылыми бағыт
ЖАОК	жаппай ашық онлайн курс
ООЖМ	Оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу
Lesson Study	оқу мен оқытуды үнемі жетілдіруге бағытталған бірлескен рефлексивті мектеп практикасы
БББО	Білім беру бағдарламалары орталығы
ПӨО	Педагогикалық өлшемдер орталығы
ПШО	Педагогикалық шеберлік орталығы
АТСО	Ақпараттық технологиялар мен сервис орталығы
АКТ	ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
ЖАО	Жергілікті атқарушы органдар

КІРІСПЕ

COVID-19 пандемиясына байланысты жаһандық дағдарыс қоғамның көптеген салаларына, оның ішінде көптеген елдің білім беру жүйесіне айтарлықтай әсер етті. Қоғам өміріндегі өзгерістер мұғалімдерге жаңа міндеттер қояды, оларды шешу жаңа білім беру тәжірибесін жедел қалыптастырып, олардың ішінен ең сәттілерін таратуды талап етеді. Озық педагогикалық тәжірибе педагогикалық қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты бекіту, сақтау және берудің, сондай-ақ білім беру сапасын арттырудың маңызды құралы болып табылады.

Қазіргі заманның мұғалімі міндетті түрде өзінің кәсіби тәжірибесін тарата білу керек: бұл – оның кәсіби құзыреттілігін және атқаратын лауазымына сәйкестігін куәландыратын міндетті қасиет қана емес, сонымен қатар өзін-өзі дамыту құралы. Білім беру үдерісіне білім беру қызметін жүргізудің балама формалары мен әдістерін кеңінен таратпай, жұмыс тәсілдері мен әдістерін жетілдірмей бұған қол жеткізу мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы 8 сәуірдегі тапсырмасына сәйкес «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы қызметінің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі – еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне тәжірибені жүйелі түрде тарату. Тәжірибені тарату ДББҰ-ның 2030 жылға арналған даму стратегиясына (Жоғары Қамқоршылық кеңесінің 1 желтоқсандағы 2018 жылғы шешімі), 2014-2028 жылдарға арналған білім беру мазмұнын жаңарту жол картасына (ҚР БҒМ 2014 жылдың 18 тамызы күні бекіткен), 2014-2027 жылдарға арналған 12 жылдық білім беруге көшу жөніндегі жұмыс жоспарына (ҚР БҒМ-ның 2014 жылдың 21 тамызындағы № 358 бұйрығы), ДББҰ-ның 2023 жылға дейінгі тәжірибені тарату жоспарына (ДББҰ Басқармасының 2020 жылдың 25 желтоқсанындағы №58 шешімі) сәйкес жүзеге асырылады.

2021 жылы тәжірибені тарату бойынша жұмыстың негізгі нәтижелері:

9-17 тамыз аралығында «Мұғалімнің тәжірибесіне әдістемелік қолдау көрсету» тақырыбына өткен еліміздегі педагог мамандардың республикалық тамыз конференциясы аясында барлық мұғалімге алғаш рет онлайн форматта негізгі пәндерді түгел қамтыған пәндердің секциялық отырыстар өткізілді.

Жалпы алғанда, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, жетекші және пилоттық мектептердің педагог мамандары жалпы 84 вебинар, шеберлік сабағын және таныстырылым өткізді.

ДББҰ орталықтарын үйлестіру барысында бастауыш білім пәндерінен, «Жаратылыстану», «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру», «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Ағылшын тілі», «Математика», «Информатика», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Қазақстан Тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселелеріне қатысты вебинарлар жүргізілді.

9 күн бойы қазақ және орыс тілдерінде «жанды» форматта екі студия жұмыс істеді. Конференцияның әрбір күні белгілі бір оқу пәніне арналды, оның аясында мұғалімдер үшін маңызды тақырыптар ашылып, нақты ұсыныстар жасалды, мәселелер шешілді, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған тапсырмалар талданды.

Секциялық отырыстарда халықаралық сарапшылардың пікірлері, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жаңа оқу жылында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға қатысты ұсыныстар айтылды.

Конференция жұмысын Youtube арнасында қазақ тілінде – 189 196 рет, орыс тілінде – 142 332 рет қараған.



- Қарағанды, Қызылорда, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктері, «AitasKz» АҚ, «Bilim Foundation» ҚҚ-мен бірге еліміздің 14 ауыл мектебінде «Ауыл мектебі» жобасын жалғастырып жатыр.

- «Атырау облысының орта білім беру жүйесін дамытуға жәрдемдесу» жобасы жүзеге асырылды.

- «Атырау облысының орта білім беру жағдайы туралы жиынтық талдамалық есеп» дайындалып, онда мектептегі білім беру үдерісінің барлық тұстарына қатысты талдаулар ұсынылды, өңірдің білім беру жүйесінің өсу және даму бағыттары анықталды.

- «Bilim Media Group» ЖШС-мен бірлесіп «Online Мектеп» цифрлық білім беру платформасы құрылды, 1-11-сыныптар үшін қазақ және орыс тілдерінде 24 000 сабақ сценарийі, 550 000 критериалды бағалау тапсырмасы әзірленді. Платформаға еліміздің 4 621 мектебі қосылған.

- Мектеп тренерлері мен үйлестірушілерінің жұмыс тәжірибесімен алмасуы үшін «Мектеп тренері» онлайн алаңы құрылды, онда 12 800-ден астам жазылушы тіркелген. Алаңда 82 оқыту материалы орналастырылған.

- «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісіне ие мұғалімдердің үздік педагогикалық тәжірибесін тарату мақсатында Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Шамшырақ» онлайн алаңы әзірленді. Алаңда 40 490 жазылушы тіркелген, 71 бейнематериал: ашық сабақтар, шеберлік сыныптары, подкасттар, бейнепортреттер орналастырылған.

- Республиканың әрбір мектебі үшін мектептің әдістемелік активін жоспарлы дайындау жүргізілуде. 59 326 мектеп тренері дайындықтан өтті: 17 517 – оқыту әдістері мен технологияларынан, 7 526 – зерттеуден, 9 056 – бағалау үйлестірушісі, 25 227 – бағалау тапсырмаларын әзірлеуші.

Тәжірибені тарату және коммерцияландыру жұмыстары жақын және алыс шетелде жалғасуда. 2021 жылы ДББҰ қызметкерлері бірқатар білім беру іс-шараларын, кездесулер, кәсіби ынтымақтастық сұхбаттар өткізіп, жинақталған тәжірибені Ресей (ХМАО-ЮГРА, Татарстан), Қырғызстан және Өзбекстандағы әріптестеріне таратты.

Осы есепте ДББҰ-ның Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне және халықаралық білім беру кеңістігіне тәжірибені тарату қызметінің материалдары ұсынылған.



БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

1.1

Оқу жоспарларын әзірлеу
және қайта қарау

1.1. Оқу жоспарларын әзірлеу және қайта қарау

ДББҰ тәжірибесін еліміздің білім беру жүйесіне тарату білім беру мазмұнын жаңарту, тәрбие жұмысы жүйесі, жаңа бағалау жүйесін енгізу, педагог мамандардың біліктілігін арттыру және еліміздің білім беру ұйымдарымен тығыз ынтымақтастық арқылы кешенді жүзеге асырылады.

Білім беру мазмұнын жаңарту үдерісі 2015-2016 оқу жылында еліміздің 30

жалпы білім беретін мектебінде мазмұны жаңартылған оқу бағдарламаларын енгізуді пилоттаудан басталып, 2020-2021 оқу жылында осы бағдарламаларды еліміздің барлық мектептеріне енгізумен аяқталды. Білім беру мазмұнын жаңарту тәжірибесін тарату ауқымын толық қабылдау үшін 2015-2021 жылдардағы оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу және жетілдіру үдерісіне шолуды ұсынамыз (1-диаграмманы қараңыз).

1-диаграмма. Оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу және қайта қарау.

Оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу



Оқу бағдарламалары мен жоспарларын қайта қарау



*2015 жылы 3 мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты әзірленді.

Оқу бағдарламаларын тиімді жүзеге асыру мақсатында мұғалімдер, әдіскерлер, қалалық және облыстық білім басқармаларының қызметкерлеріне әдістемелік қолдау көрсетіледі. 2015 жылдан бері оқу бағдарламалары бойынша еліміздің шамамен **9 000** педагогі үшін 100-ден астам оқыту тренингі өткізілді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын (5.4-т. «Адами капиталды дамыту») жүзеге асыру аясында 2018-2019 жылдары 1-4-сыныптарға арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», 5-9-сыныптарға арналған «Информатика» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 17 қазандағы №576 бұйрығы), қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған «Информатика» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығы) пәндерінен жаңа оқу бағдарламалары қайта қаралып, бекітілді.

2021 жылы «АКТ», «Информатика» пәндерінен 3, 7, 8-сыныптардың орта **мерзімді жоспарларын қайта қарауға қатысты 3 онлайн семинар**, еліміздің мұғалімдері үшін «АКТ» пәнінен 2-сыныптардың орта мерзімді жоспарларын әзірлеуге қатысты 1 семинар өткізілді. Семинарлардың қорытындысы бойынша 1 құжат әзірленіп, 3 құжат қайта қаралды, олар <http://www.smk.edu.kz/Course/Type/30/190?redirectto=1002> порталында орналастырылды.

Критериалды бағалау жүйесі

Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің педагогтері үшін бағалау жүйесін енгізуді әдістемелік қолдау мақсатында 2021-2022 оқу жылына арналған жиынтық бағалау ерекшеліктері өзекті етіліп, жаңартылды.

3, 6, 8-сынып пәндерінен тоқсандық жиынтық бағалауға арналған материалдар әзірленді:

- жиынтық бағалауға арналған 1500 тест тапсырмасы;
- жиынтық бағалаудың тест тапсырмаларына арналған 268 ресурс;
- тоқсандағы жиынтық бағалаудың 35 спецификациясы.

Сонымен қатар, тілдік пәндерден тыңдалым және айтылым дағдыларын бағалауға арналған 214 ресурс әзірленді. 2021 жыл ішінде ЖӘК-те «Критериалды бағалау» бөлімінде барлығы 1 914 материал орналастырылды.

Оқушыларды қорытынды аттестаттау

ҚР БҒМ сұранысына сәйкес 2020-2021 оқу жылында республикалық мектептердің 9(10)-сынып оқушыларын қорытынды атте-

статтау мақсатында 888 емтихан тапсырмасы мен оларға арналған 150 ресурс әзірленіп, сараптамадан өтті.

Емтихан материалдарын сараптауға қатысты жұмыс кездесулері өткізіліп, 2021-2022 оқу жылын қорытынды аттестаттауға арналған материалдар:

- 64 тест спецификациясы;
- республикалық мектептердің 9(10)-сынып оқушыларын аттестаттау емтиханына 1 124 тапсырма, 230 ресурс;
- жалпы білім беретін және республикалық мектептердің 11(12)-сыныптың «Алтын белгі» үміткерлерін аттестаттау бойынша 6 804 емтихан тапсырмасы, оларға арналған 1 392 ресурс дайындалды.



БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

2.1

Оқу-әдістемелік
кешендер (ОӘК)

2.2

Білім беру
платформалары
Жүйелі-әдістемелік
кешен (www.Smk.Edu.Kz)

2.3

Кітапхана

2.4

Басылымдар



2.1. Оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК)

Пересмотр УМК для 1 класса

Қорландыру циклі аясында «Математика», «Жаратылыстану», «Дүниетану», «Музыка», «Көркем еңбек», сондай-ақ «Қазақ тілі (Т2)», «Орыс тілі (Я2)» және «Әліппе», «Ана тілі» пәндерінен 1-сыныпқа арналған қазақ және орыс тілдеріндегі 13 оқулық пен ОӘК-ті жаңартылған білім беру бағдарламасындағы, атап айтқанда, лексика-грамматикалық минимумдағы өзгерістерге сәйкес, сонымен қатар қазақстандық контекст пен әлемдегі ағымдағы жағдайды ескеріп қайта қарау жұмысы жүргізілді.

Оқулықтардың сапасын арттыру халықаралық стандарттар мен қазақстандық тұжырымдамаларды басшылыққа алып, оларды пәнаралық кіріктіру, ауқымды зерттеу тәсілін енгізу (оның ішінде: CEFR, Педагогика ғылымдары академиясының «Заманауи оқулық тұжырымдамасы», «Қазақ музыка теориясы»), ғылыми кеңесшілер мен салалық мамандарды тарту жолымен жүргізілді.



1-сурет. Музыкадан 1-сыныпқа арналған оқулық пен ОӘК мұқабалары

ОӘК әзірлеушілерін оқытуды ұйымдастыру аясында Педагогика ғылымдары академиясының платформасында жалпы 41 автор оқуды сәтті аяқтады. Оқушының жас ерекшеліктері мен әлеуметтік жағдайына: жасы, оқу тілі, тұрғылықты жері (қала-ауыл), ресурстарға қолжетімділігі, инклюзивтілік, оқушының жеке тәжірибесіне ерекше назар аударылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығына сәйкес «Музыка» пәнінен 1-сыныпқа арналған орыс тіліндегі оқулық пен ОӘК орта білім беру ұйымдарына, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерге, оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтар тізбесіне енгізілді (1-суретті қараңыз).



Жалпы білім беретін мектептердің мазмұны жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында 2020-2021 жылдары 2-сыныптарға арналған «Қазақ тілі (Т1)», «Әдебиеттік оқу», «Қазақ тілі (Т2)», «Орыс тілі (Я2)», сондай-ақ «Дүниетану», «Математика», «Жаратылыстану», «Музыка», «Көркем еңбек» пәндерінен; 5-сыныптарға арналған «Математика»,

«Жаратылыстану», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен; 7-сыныпқа арналған «Көркем еңбек», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен қазақ және орыс тілдеріндегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер қайта қаралды (1-кестені қараңыз).



1-кесте. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді қайта қарау

ОӘК-ті қайта қарау	2-сынып	5-сынып	7-сынып	БАРЛЫҒЫ
Қайта қаралған ОӘК саны	15	8	5	28

ҚР БҒМ бастамасы бойынша ОӘК қайта қарауға тартылған 75 автор «Педагогика ғылымдары академиясы» ҚБ-да «Оқулықты әзірлеу әдіснамасы және авторлардың кәсіби дағдыларын жетілдіру» тақырыбына қашықтан оқытудан (72 академиялық сағат) өтті.

ҚР БҒМ мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2021 жылға арналған тақырыптық жоспарындағы өзгерістерге байланысты 5, 7-сыныптарға арналған оқулықтар мен ОӘК-ті қайта қарау тоқтатылып, оқулықтар мен ОӘК сараптамаға жіберілмеді.

2-сыныпқа арналған оқулықтар мен ОӘК пәндік сараптаманың екі кезеңінен өтті. «Математика», «Дүниетану», «Жаратылыстану», «Көркем еңбек» пәндерінен қазақ және орыс тілдерінде, «Музыка» орыс тілінде, «Әдебиеттік оқу» және «Русский язык Я2» пәндерінен оқулықтар мен ОӘК қорытынды сараптамаға, пәндік сараптау комиссияларының қарауына жіберілді. Нәтижелерді жариялау 2022 жылдың ақпан айына жоспарланған.

2.2. Білім беру платформалары Жүйелі-әдістемелік кешен (www.Smk.Edu.Kz)

ДББҰ Басқармасы Төрайымының тапсырмасына сәйкес «NIS Ақпараттық технологиялар және сервис орталығы» жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – АТСО) 2016 жылы орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында еліміздің мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталған «Жүйелі-әдістемелік кешен» <http://smk.edu.kz> ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – ЖӘК) әзірледі. ЖӘК-тің барлық материалы қолжетімді, тегін ұсынылған.


2021 күнтізбелік жылы жаңартылған білім беру мазмұнына кезең-кезеңмен көшудің аяқталуына байланысты ЖӘК басты бетінің дизайны жаңартылды (2-суретті қараңыз). ЖӘК-ті жүргізу және жетілдіру аясында кіру, көру және жүктеу саны, тіркелген пайдаланушылар саны бойынша деректерді автоматты түрде шығару жүзеге асырылды.



2-сурет. ЖӘК-тің басты беті


Осылайша, жоғарыда аталған жетілдіру нәтижесінде пайдаланушылар үшін әрбір 15 минут сайын автоматты түрде жаңартып, онлайн режимінде ЖӘК нақты статистикалық деректеріне мониторинг жүргізу мүмкіндігі енгізілді. Тіркелген пайдаланушылар бойынша жүйе аймаққа қатысты ақпараттың болуына қарамастан пайдаланушылардың жалпы санын көрсетеді. Статистикалық деректерді негізгі бетте шығару жоғары жүктеме кезеңінде жүйенің күйін есепке алу және бақылау мақсатында пайдаланушылардың кіру динамикасын бақылауға мүмкіндік береді (3-суретті қараңыз).

АТСО мамандары жариялау құқығы бар пайдаланушыларды жүйелік бөлімдерде материалдарды жүктеуге шектеу қою мақсатында жариялау функционалының артықшылықтарын шектеп және әрбір бөлім үшін материалдарды қарау функцияларын енгізді. Осы функционалдың қолданылуы әрбір бөлім бойынша тиісті функционалдық рөлдер үшін жариялау және қарау құқықтарын орнатуға мүмкіндік берді, бұл дұрыс емес бөлімді көрсетіп, материалдарды орналастыру тәуекелдерін барынша азайтты.



3-сурет. Статистикалық деректерді көрсету


ЖӘК-те «Мектептегі балалардың әл-ауқаты» бөлімі қосылды, оған материалдардың тиісті түрлері мен жылдам іздеуге арналған сүзгі кестесі енгізілді (4-суретті қараңыз).



4-сурет. «Мектептегі балалардың әл-ауқаты» бөлімі

Материалдарды жүктеуге жауапты қызметкерлерге жариялау және редакциялау құқығы берілді. Осы бөлімде материалдарды қарау, жүктеу, бағалау және түсініктемелер жазу мүмкіндіктері бар. Материалдарды қосу құқығын беру үшін «Бөлім редакторы» деп аталатын жаңа рөл енгізілді. Көрсетілген рөлге сәйкес пайдаланушыларға бөлімде материалдарды жариялау, редакциялау және олардың орнын ауыстыру құқығы беріледі. Көрсетілген рөл мазмұнды толтыруға және бөлімнің мазмұнына жауапты тиісті қызметкерлердің есептік жазбаларына берілді. Материалдың тақырыбы мен санатын таңдау міндетті емес.

ЖӘК пайдаланушылар санының күнтізбелік кезеңдегі өсу динамикасына сәйкес 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап тіркелген пайдаланушылар санының өсуі байқалады (2-диаграмманы қараңыз).



2-диаграмма. 2021 жыл бойы ЖӘК пайдаланушылар санының өсу динамикасы

Жаңа оқу жылына дайындық аясында 2021 жылдың үшінші тоқсанында жүйеде өзекті оқу жылын 2021-2022 мәніне ауыстырған соң Мұрағатқа көшірілуіне жол бермес үшін, «Сабақ жоспары» бөліміндегі материалдардың карточкаларын редакциялау жұмыстары жүргізілді. Осылайша, мамандар орындаған техникалық жұмыстар салдарынан жоғарыда аталған бөлімдегі 23 000-нан астам материал карточкасы ағымдағы оқу жылында өзгертілді. Өзектендіру жұмыстарын жүргізу мақсатында мазмұны мен контентін толтыруға жауапты Орталықтарға ЖӘК-те өзекті оқу жылын ауыстыруға дайындық жүргізіліп жатқандығы туралы хабарламалар жіберілді. Материалдардың карточкаларын редакциялауға қатысты тиісті нұсқаулық жүргізілді.

ЖӘК техникалық қолдауын жүзеге асыру мақсатында байланыс орталығы

мен пайдаланушылардан келіп түскен өтініштерді тіркеу жүйесі жұмыс істейді. 2021 жылғы есептік статистикалық деректерге сәйкес кіру рұқсаты, аккаунтты іске қосу және құпиясөзді қалпына келтіру мәселелеріне қатысты пайдаланушылардан 800-ден астам өтініш тіркелген. ЖӘК жұмыс істеген және іске қосылған сәттен бастап мамандармен барлығы 13 000-нан астам өтініш тіркеліп, өңделді.

Қазіргі уақытта ЖӘК-те еліміздегі жалпы білім беретін мектептерінің педагогтерінен 400 000-нан астам пайдаланушы тіркелген. 2021 жылы тіркелген белсенді пайдаланушылар саны 32 637-ге жетті. Кіру саны - **20 080 068**, көру саны - **16 694 703**, жүктелген файлдар саны - **88 198 038**, материалдарға түсініктемелер саны - **6 026** (2-кестені қараңыз).

2-кесте. Қазақстан Республикасының облыстары бөлінісінде пайдаланушылардың белсенділігі туралы статистикалық деректер

№	Облыстың атауы	Кіру саны	Көру саны	Жүктелген файлдар саны	Материалға пікірлер
1	Ақмола облысы	1 228 209	1 099 688	5 931 666	229
2	Ақтөбе облысы	1 110 312	897 643	4 983 877	296
3	Алматы облысы	2 634 223	2 308 612	10 747 494	1 060
4	Алматы қ.	1 230 741	1 071 858	5 324 191	295
5	Нұр-Сұлтан қ.	580 395	475 814	2 756 195	170
6	Атырау облысы	967 314	733 810	3 733 725	116
7	Шығыс Қазақстан облысы	1 305 829	1 174 002	6 668 177	391
8	Жамбыл облысы	1 505 857	1 182 618	6 313 601	444
9	Батыс Қазақстан облысы	917 305	670 719	4 330 406	307
10	Қарағанды облысы	1 332 895	1 174 257	6 022 867	474
11	Қостанай облысы	1 075 164	858 723	5 268 680	247
12	Қызылорда облысы	1 193 313	817 288	4 542 212	360
13	Маңғыстау облысы	648 999	569 615	2 318 701	281
14	Павлодар облысы	784 950	757 592	3 826 781	399
15	Солтүстік Қазақстан облысы	962 040	887 633	5 069 776	222
16	Түркістан облысы	1 843 397	1 469 514	7 420 165	550
17	Шымкент қ.	759 125	545 317	2 939 524	185
	БАРЛЫҒЫ:	20 080 068	16 694 703	88 198 038	6 026

Тіркелген пайдаланушылардың жалпы саны - 401 004.

Платформада орналастырылған материалдар оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарларға енгізілетін өзгертулерді, сондай-ақ білім берудегі жаңа үрдістерді ескеріп, үнемі жаңартылып отырады (3-диаграмманы қараңыз).

6 жыл ішінде «Жүйелі-әдістемелік кешен»
онлайн-платформасын пайдалану статистикасы



3-диаграмма. ЖӘК-ті пайдалану статистикасы

ЖӘК 1-11-сыныптарға арналған мазмұны жаңартылған орта білім беру бағдарламалары бойынша тегін пайдалануға болатын «Сабақ жоспары», «Критериалды баға-

лау», «Оқу-әдістемелік кешен» және т.б. бөлімдер бойынша **192 771** оқу материалдарын қамтиды (5-суретті қараңыз).



5-сурет. ЖӘК-те орналастырылған материалдар



ЖӘК-те тәжірибе алмасуға, идеяларды талқылауға және кеңес алуға мүмкіндік беретін «Сұхбат алаңы» белсенді жұмыс істейді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында 7-9-сыныптар үшін оқу, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар әзірленеді.

Әдістемелік ұсынымдар мен бейнероликтер «Халықаралық және зерттеу жобалары» бөлімінде <http://www.smk.edu.kz/Course/Type/40/1221?redirectto=1212> сілтемесі бойынша орналастырылған.

<http://www.smk.edu.kz/Course/Type/42/1272?redirectto=1237> сілтемеде «Медиадиактика» бөлімінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған 27 вебинардың бейнежазбасы орналастырылды.

Педагогтер мен мектеп үйлестірушілеріне әдістемелік және консультациялық қолдау көрсету аясында ЖӘК-те <http://www.smk.edu.kz> 1-11-сынып пәндерінен бағалау мәселелеріне қатысты форумды модерациялау жұмысы жалғастырылды, 10-нан астам оқыту семинары, шеберлік сабағы және т. б. өткізілді.

«ONLINE МЕКТЕП» ([HTTPS://ONLINE-MEKTEP.ORG/LOGIN](https://online-mektep.org/login))

2020 жылғы маусым айында ДББҰ Қазақстан үшін жаңа нарық болып табылатын сандық білім контентін әзірлеу, локализация және таратуды, сондай-ақ онымен байланысты технологиялар мен қызметтерді қалыптастырып жатқан инновациялық компания Bilim Media Group-пен бірге Online Мектеп цифрлық білім беру онлайн-платформасына арналған цифрлық контентті әзірлеу жобасын (бұдан әрі - Жоба) іске қосты.

Жобаның негізгі мақсаттары әр оқушының сапалы білімге тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз ету, жеке даму траекториясын құру және оқушылардың жетістіктерін бақылау мүмкіндігі болып табылады. Платформаның идеяларына сәйкес әр сабаққа қысқаша мәлімет, сызба, зият карталары және т.б. түрдегі теориялық материалдар әзірленді. Сабақтың практикалық бөлігі бастауыш мектепке арналған 9 тапсырма және негізгі және жоғары мектептерге арналған 18 тапсырма деңгейлік тапсырмалар түрінде берілді. 3 деңгейлік тапсырмалар (А - базалық деңгей, В - ортадан жоғары деңгей, С - жоғары деңгей) функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға қажетті дағдыларды дәй-

екті және жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Сайтта сабақ мазмұнын ұйымдастырудың деңгейлік жүйесі ұсынылған. Сабақтарды әзірлеу кезінде тапсырмаларға негізделген (task-based learning) оқыту қағидаты негізге алынды. Белгілі бір деңгейдегі тапсырманы орындайтын оқушы белсенді танымдық үдеріске қатысады. Әрбір тапсырма «Білгенің жөн» және «Түсіндіру» айдарларымен бірге қысқа теориялық материал түрінде жүреді, бұл оқушыға сабақ тақырыбынан білімдерін бекітуге және тапсырмаларды мағыналы орындауға көмектеседі.

Online Mектер еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары үшін Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес 1-11-сыныптардан бастап барлық оқу пәндерінен цифрлық білім беру мазмұнын қамтиды. Онлайн платформа еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары үшін 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап іске қосылды. 2020 жылы 1-11-сыныптар үшін қазақ және орыс тілдерінде **24 074** сабақ әзірленді.

2021 жылғы 19 мамырда онлайн конференция өткізілді, оның ұйымдастырушылары ДББҰ мен «Bilim Media Group» ЖШС болды, онда жүргізілген жұмыстың қорытындысы шығарылып, даму мүмкіндіктері анықталды (6-суретті қараңыз).



6-сурет. «Bilim Media Group» ЖШС-мен бірлесе өткізген онлайн-конференция

Online Mектер бойынша одан әрі жұмыс ҚР МЖМБС, оқу бағдарламаларындағы өзгертулерді ескеріп, сабақтардың мазмұнын өзектендіруге бағытталған. Мысалы, 2021-2022 оқу жылынан бастап «Әліппе/Букварь», «Ана тілі/Обучение грамоте», «АКТ» пәндерінен қайта қаралған оқу бағдарламалары енгізіледі. Осыған орай Online Mектер платформасын жаңарту үшін

аталған пәндерден бірқатар сабақ сценарийлері қайта қаралып жатыр.

2021-2022 оқу жылында «Әліппе», «Букварь», «АКТ», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен 1-4-тоқсан үшін әзірленетін сабақтардың жалпы саны 608 сабақты құрайды.

Әзірлеу кестесіне сәйкес 2021 жылғы желтоқсанда **150** сабақты әзірлеу аяқталды, сондай-ақ **1-2 тоқсан** үшін **134** сабаққа сараптама жүргізілді. Оқу жылының соңына дейін **3-4 тоқсан** үшін **288** сабақ әзірленіп, жоғарыда аталған пәндерден **36** сабаққа сараптама жүргізіледі.

Онлайн-платформа еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары үшін 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап іске қосылды. Қазіргі уақытта Online Mектер платформасына қосылған мектептер саны – **4 621**, платформаны пайдаланатын мұғалімдер саны – **287 121**, платформаны пайдаланатын оқушылар саны – **2 301 130**. Zero.kz деректеріне сәйкес Online Mектер – қолданушылар ең көп кіретін сайттардың бірі.

Мұғалімдерді әдістемелік қолдау мақсатында Online Mектер платформасының «Ustaz» бөлімінде жекелеген модуль құру жоспарлануда, ол тереңдетілген деңгейдегі тапсырмалардан тұрады, олар мұғалімдердің стандартты және стандартты емес міндеттерді шешу әдіс-тәсілдерін меңгеру дәрежесін теңестіруге ықпал етеді. Бұл оларды оқу үдерісінде және пәндік олимпиадаларға дайындық кезінде одан әрі пайдалану үшін тапсырмалар қорын құруға мүмкіндік береді.

«ШАМШЫРАҚ»

Facebook әлеуметтік желісінде үздік педагогикалық тәжірибелерді тарату аясында 2021 жылы Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Шамшырақ» онлайн алаңы ашылды.

2021 жылы 71 ақпараттық-әдістемелік материал: ашық сабақтар, шеберлік сабақтары, Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы посттар мен подкастар орналастырылды.

Бүгінгі күні 40 490-нан астам жазылушы тіркелген, 71 бейнематериал: ашық сабақтар, шеберлік сабақтары, подкастар, бейнепортреттер және тікелей эфирлер орналастырылған.

Онлайн-алаң НЗМ және ҚР жалпы білім беретін мектептерінің педагогтері қатарынан «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгі иегерлерінің үздік педагогикалық тәжірибесін таратуға мүмкіндік берді. Алаңда «Ұлы ұстаз шығармашылығының білгірлері!» онлайн-викторинасы мен «Үздік жазылушы» онлайн-байқауы жұмыс істейді. «Жанды қарым-қатынас» жүргізу мақсатында онлайн-алаң тікелей эфир тәжірибесін қолданады, бұл өз кезегінде жазылушылардың қызығушылығын арттырып, оларды одан әрі ынтымақтастыққа ынталандырады. «Жетістік тарихы» айдары аясында «ҚСРО халық ағарту ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Ы. Алтынсарин» төсбелгісі, «Қазақстан Республикасының мәдениет үздігі» сияқты көптеген мемлекеттік марапаттар иегері, педагог Сүлейменов Оспан Сүлейменұлымен алғаш рет тікелей эфир жүргізілді (Нұр-Сұлтан қ.).

«Шамшырақ» онлайн алаң трансляциясы педагогтердің кәсіби дамуы және сабақ беру мен оқыту тәжірибесін жетілдіруге бағытталған қызметін кең ауқымда келесі жылы жалғастырады

2.3 Кітапхана

2021 жылдың ақпан мен желтоқсан айлары аралығында ПШО кітапханасында келесі тақырыптарға үш кітап көрмесі ұйымдастырылды:

- Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Ұлт ұстазы - Ыбырай Алтынсарин» көрмесі, онда Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы кітаптар, оның таңдамалы жұмыстары, фильмдер, мұрағаттық фотосуреттер және «Шамшырақ» онлайн алаңына QR код түріндегі сілтемелер орналастырылған.

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында жарық көрген тарих, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, дін, лингвистика, медиа, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік, инновацияға қатысты кітаптардан тұрады.

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Жасампаздыққа толы жылдар» кітап көрмесінде Н.Ә. Назарбаевтың кітаптары, Қазақстанның тарихы, мәдениеті, ғылымы туралы кітаптар ұсынылған.

2.4 Басылымдар

«Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналын шығару

2012 жылдан бастап ПШО Кембридж университетінің білім беру факультетінің сарапшыларымен бірлесіп қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналын (бұдан әрі - Журнал) шығарады. Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде (№12804-Ж куәлігі) және ISSN сериялық басылымдарды тіркеу жөніндегі халықаралық орталықта (ЮНЕСКО, Париж қ., Франция) тіркелген (ISSN 2308 - 7668).

Журналдың мақсаты - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ озық тәжірибесін, отандық және әлемдік үздік білім беру практикасын, ғалымдар мен педагогтердің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялау.

ПШО ДББҰ мен оның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің, Зияткерлік мектептер мен еліміздің білім беру ұйымдары педагогтерін өзекті әдістемелік өнімдерімен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ баспа қызметі ғылыми-зерттеу жобаларының нәтижелерін насихаттауға, біліктілікті арттыру курстарын әдістемелік және ресурстық қамтамасыз етуге және педагог кадрларға курстан кейінгі қолдау көрсетуге, өткізілетін іс-шараларды ақпараттық және жарнамалық қолдауға бағытталған.

Журналдың тақырыптық бағыттары:

- білім берудегі халықаралық тәжірибе;
- мектепті басқару;
- цифрлық білім беру;
- оқыту әдістемесі мен технологиялары;
- критериялды бағалау;
- білім беру мазмұнын жаңарту;
- мұғалімнің тәжірибесіндегі зерттеу.




2021 жылы мектептегі білім беруді дамытудың өзекті мәселелеріне арналған «Білім берудегі көшбасшылық», «Мектептің құндылықтары мен мәдениеті», «NIS: көшбасшылық және әл-ауқат мектебі» және «Мұғалімнің кәсіби дамуындағы көшбасшылық» атты 4 журнал нөмірі мен Педагогикалық шеберлік орталығының 10 жылдығына арналған қосымша жарық көрді.



Журналда ХХІ ғасыр көшбасшыларының негізгі дағдылары, сыныптағы және сыныптан тыс жердегі көшбасшы мұғалімнің рөлі, көшбасшы мен команда, табысты көшбасшы қасиеттері, ауылдық мектептердегі көшбасшылық сияқты өзекті мәселелер көтеріледі. Отандық ғалымдардың теориялық зерттеулерімен қатар, шығарылымда АҚШ, Жаңа Зеландия, Израиль, Египет, Қытай, Литва және Ұлыбританиялық авторлардың жұмыстары ұсынылған. Авторлар «менеджмент» және «көшбасшылық» ұғымдары мен инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, сондай-ақ заманауи мұғалімдердің уақыт сынақтарына дайындығы туралы сөз етеді.



Журналда Ы. Алтынсариннің алғашқы халық мұғалімі, Қазақстандағы алғашқы мектеп ұйымдастырушысы және алғашқы педагог-теоретик ретіндегі қызметі туралы мақалалар жарияланды. Адам жолындағы өмірлік бағдар болып табылатын құндылықтар туралы мәселелер бүгінде өзекті болып табылады және өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі оқытуды қолдауға, кәсіби мүмкіндіктерді дамытуға, жеке, әлеуметтік, моральдық және рухани қасиеттерді жетілдіруге ықпал етеді. Қазақстан, Ұлыбритания, Ресей, Үндістан, Египет, Жаңа Зеландия елдерінің ғалымдары мен педагогтары жүргізген зерттеулер болашақ мектеп құндылықтары мен мәдениетін, білім беруді дамытудың жаңа көзқарасын ұсынады.



№3 (37) журналдың қосымшасында зияткерлік мектептер мұғалімдері мен басшыларының оқушылардың зерттеу-шығармашылық қызметі, қызығушылықтары бойынша үйірмелер, ғылыми және әлеуметтік жобалар арқылы балалардың физикалық және зияткерлік дамуының ерекшеліктері туралы мақалалар жарияланады. Сондай-ақ еліміздің басқа да білім беру ұйымдарының тәрбие үдерісіне NIS жобаларын енгізу практикасы ұсынылды.

«Шаңырақ» мектеп бірлестігінің жұмыс тәжірибесі, «Туған елге тағзым» өлкетану-зерттеу экспедициясы, «Зияткерлік мектептерде оқуға ұсынылатын 100 кітап», «2 апта ауылда», «Ата-ананың кәсіпорнында 10 күн», «TEDx», «Wikipedia», «Қоғамға қызмет ету», «Қазақ әндері», «Көшбасшылық сабақтары» және т. б. жобалар туралы сөз етілді.



Журналдың мерейтойлық шығарылымы Педагогикалық шеберлік орталығының 10 жылдығына арналған. ҚР Білім және ғылым бірінші вице-министрінің, Педагогикалық шеберлік орталығы қызметкерлерінің, шетелдік серіктестер мен сарапшылардың, мектеп директоры мен тренердің мақалалары жарияланды. Орталықтың соңғы он жылда орындаған жұмысының қорытындысы шығарылды.



Журналдың төртінші нөмірінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Отбасы, мектеп және қоғам: бала мүддесі үшін ойланамыз және әрекет етеміз» ХІІ Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары берілген. Қазақстандағы және жалпы Орта Азиядағы болашақ орта білім беру мәселесі қарастырылған. Білім беру саласындағы отандық және шетелдік сарапшылардың мақалалары ұсынылған.

2021 жылы журнал беттерінде 106 автордың мақалалары жарияланды, олардың ішінде: 26-шетелдік практик ғалымдар, халықаралық сарапшылар мен кеңесшілер, 43 - НЗМ мұғалімдері, 8 - ПШО қызметкерлері, 12 - жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдері, 4 - «НЗМ» ДББҰ өкілдері, 1 - ҚР БҒМ өкілі, 4 - бұрынғы қызметкерлер, ПШО басшылары, 4 - Назарбаев Университетінің өкілдері, 2-ақпараттық - талдау орталығының өкілдері, 1 - Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының ректоры, 1 - Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры.

Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, Финляндия, Жапония, Колумбия, Үндістан, Египет, Жаңа Зеландия, Канада секілді елдердің білім беру саласындағы ғалымдары мен сарапшыларының мақалалары жарияланды.

Журнал беттерінде мектепке дейінгі және мектептегі білім беру жүйесін дамыту тәжірибесін тарату білім беру деңгейлерінің өзара іс-қимылының тұтас көрінісін, оқыту және сабақ беру мазмұны мен әдістерінің сабақтастығын, педагогикалық практиканы өзгертудің оң тәжірибесін көруге, өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдарын көрсетуге мүмкіндік береді.

3-кесте. Журналда ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялаған авторлардың сапалық құрамы (2021 ж.)

Мемлекет	Маман	Магистр	PhD	Профессор	Педагогика ғылымдарының кандидаты	Барлығы
Ұлыбритания			3	2	1	6
Финляндия			1			1
Ресей	2			1	2	5
АҚШ	6		2			8
Колумбия	2					2
Мысыр	1					1
Үндістан			1			1
Канада			1	1		2
Жаңа Зеландия			1			1
Израиль			1			1
Қытай	1					1
Литва	1					1
Сингапур					1	1
Швеция	1					1
Франция	1					1
Қазақстан	64	1	1	1	1	68
Барлығы	79	1	11	5	5	101

2021 жылы журнал авторларының сапалық құрамын талдау 18 PhD докторы, профессор, ғылым кандидаты, магистрдің және 44 бакалаврдың қатысқанын көрсетті (3-кестені қараңыз). Журнал беттерінде білім беру тәжірибесін жақсартуға бағытталған іргелі және қолданбалы психологиялық-педагогикалық зерттеулердің, әдістемелік ұсынымдардың нәтижелері жан-жақты және шынайы жарияланатын бірыңғай ақпараттық кеңістік құрылған.

2021 жылы ақпараттық-талдамалық шолулардың, ғылыми-зерттеу және әдістемелік мақалалардың жалпы саны 61 жарияланымды құрады, оның ішінде:

- Шетелдік практик ғалымдар, халықаралық білім беру сарапшылары 34,7%-ды құрады, бұл халықаралық білім беру жүйелері өкілдерінің отандық білім беру тәжірибесінде болып жатқан өзгерістерге деген аса қызығушылығын көрсетеді.

- Назарбаев зияткерлік және жалпы білім беретін мектептерінің ғалымдары, әдіскерлері, педагог мамандары мен басшылары критериялды бағалауды, оқыту мен білім берудің жаңа әдістемелері мен технологияларын тәжірибеге енгізу, зерттеу тәжірибеін ұйымдастыру және курстан кейінгі әдістемелік қолдау мәселелері бойынша 65,2%-ды құрады.

Әдістемелік құралдардың басылымы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясына» сәйкес ПШО жыл сайын 70 әдістемелік құрал шығарады. 2012 жылдан бүгінгі күнге дейін 563 әдістемелік құрал шығарылды.

2021 жылы 70 әдістемелік құрал басылып шығарылды (4-кестені қараңыз). Ұсынылған әдістемелік әдебиеттің авторлары филиал қызметкерлері болып табылады, сондай-ақ Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагогтерімен бірлескен авторлық жұмыстар да ұсынылды.

Шығарылған әдістемелік құралдар педагогикалық қызметкерлерді кәсіби қолдаудың маңызды құралы болып табылады. Онда оқу және оқыту әдістемесі бойынша жүйеленген тәжірибеге бағытталған материалдар ұсынылған, оқу құралдарының мазмұны дербес озық тәжірибе мен педагогикалық практиканы зерттеу нәтижелері негізінде әзірленген іс-әрекеттер мен ережелердің дәйектілігін көрсетеді.

Нұр-Сұлтан, Павлодар, Орал, Талдықорған, Қызылорда қалаларындағы филиалдардың әдістемелік басылымдары ерекше кәсіби мәнге ие.

4-кесте. Филиалдар бойынша тілдік пәндерден әдістемелік құралдардың жалпы саны

№	ОА/Филиалдар	Орыс.	Қаз.	Орыс / Ағылш.	Ағыл.	Барлығы
1	Нұр-Сұлтан	3	2	1	-	6
2	Ақтау	-	1	-	-	1
3	Ақтөбе	2	2	-	-	4
4	Алматы	3	1	-	-	4
5	Атырау	1	1	-	-	2
6	Қарағанды	2	-	-	-	2
7	Көкшетау	4	1	-	-	5
8	Қостанай	2	2	1	-	5
9	Қызылорда	1	6	-	-	7
10	Павлодар	2	2	-	-	4
11	Петропавл	4	-	-	-	4
12	Талдықорған	3	5	-	-	8
13	Тараз	1	3	-	-	4
14	Орал	3	1	-	1	5
15	Өскемен	1	-	-	-	1
16	Шымкент	2	6	-	-	8
БАРЛЫҒЫ:		34	33	2	1	70

Ағымдағы жылы қазақ және орыс тілдерінде жазылған әдістемелік құралдар аясында орыс тіліндегі басылымдар басым, ағылшын тіліндегі оқу құралдарының саны азайды (4-диаграмманы қараңыз).

4-диаграмма. Тілдер бөлінісіндегі әдістемелік құралдардың жалпы саны



«Педагогикалық шеберлік орталығы» жеке мекемесінің баспа әдістемелік әдебиеті туралы Ережеге» сәйкес әдістемелік басылымдар белгілі бір айдармен шығарылады. Айдарлардың кең таңдауы авторларға әдістемелік басылымның тақырыбын, ұсынылған материалдың мақсаттары мен міндеттерін анықтауға мүмкіндік береді (5-кестені қараңыз). 2021 жылы жәрдемақылардың ең көп саны «Мұғалімге көмек» айдарымен ұсынылды. Бұл таңдау іс-әрекеттегі зерттеу нәтижелері мен авторлық әді-


стемелік әзірлемелер негізінде зерттеу жүргізумен байланысты. Бұл жерде Павлодар қ. филиалы ұсынған «Сарапшылар» Бағалау техникасы» жұмысын атап өткен жөн. Әдістемелік ұсынымдардың авторлары В.В. Головинцева, В.И. Голованова, Ю.Г. Мельникова ағылшын тілі сабақтарында «Сарапшылар» ауызша және жазбаша сөйлеуді бағалау техникасына «Авторлық құқықпен қорғалатын нысандарға құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлікті» алды.

5-кесте. Айдарлар бойынша әдістемелік құралдардың жалпы саны

№	Айдардың атауы	Барлығы
1	Мұғалімге көмек	36
2	Жетекшіге көмек	5
3	ЖОО, колледж оқытушысына көмек	8
4	Мұғалімнің тәжірибесінен	12
5	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру	2
6	Зерттеу	7

Ұсынылған оқу құралдары тақырыбының өзектілігін атап өткен жөн. Басылым мазмұны сабақты жоспарлау, зерттеу жүргізу дағдыларын дамытуға ықпал ететін оқытудың тиімді технологиялары мен әдістерін көрсетеді. Алғаш рет сабақта Web-Quest, геймификация, Geogebra бағдарламаларын қолдану бойынша жұмыстар ұсынылды.

Сонымен қатар өңірлік және республикалық баспа және интернет басылымдарының беттерінде 2021 жыл бойы ПШО қызметі туралы материалдар, сондай-ақ ПШО қызметкерлерінің мақалалары жарияланды (сілтеме қосымшада).



ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

3.1

Тәрбие жұмысы

3.2

Жазғы мектеп және
элективті курстар

3.3

Робот техникасы

3.1. Тәрбие жұмысы

Назарбаев Зияткерлік мектептері кітапханаларының жұмыс тәжірибесін тарату

Бүгінгі таңда мектеп кітапханасы шығармашыл және зияткерлік тұлғаны дамытуға жағдай жасалған ақпараттық орталық рөлін атқарады. Зияткерлік мектептердің кітапханаларында қызметке жаңа технологиялар мен тәсілдемелер белсенді енгізілуде.

Зияткерлік мектептер кітапханаларының жұмысын ұйымдастыру тәжірибесі еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде белсенді түрде таратылуда және енгізілуде. Семинарларда теориямен бірге практикалық жұмыс жүргізіледі, әртүрлі сипаттағы және мазмұндағы материалдар таратылады, қатысушылармен кері байланыс рефлексия арқылы жүргізіледі. Қатысушылар семинар материалдарын белгілі бір тақырыптар бойынша нұсқаулық ретінде және мектеп кітапханасы жұмысының барлық бағыттары бойынша одан әрі іс-қимыл жоспары ретінде жұмыс барысында қолдана алады.

Негізгі тақырыптар:

- Қашықтан оқытуға арналған оқу үдерісіне көмектесетін онлайн білім беру ресурстары.
- Қашықтан оқытуға арналған онлайн-платформалардың оқу материалдарымен жұмыс істеу әдістемесі.
- Мектеп кітапханасында кітап оқуды насихаттайтын белсенді онлайн әдістері.
- Инновациялық кітапхана – мұғалімдерге ресурстық қолдау көрсету.
- Қашықтан оқыту және желілік қарым-қатынас мүмкіндіктері.
- Мектеп кітапханасында онлайн қосымшаларды қолданудың тиімді әдістері.

Пандемия жағдайында кітапханалардың тәжірибесін таратуға арналған семинарлар қашықтық форматта өткізіледі, бұл шалғай аудандардағы ауылдық елді мекендерден қатысушыларды көбірек қамтуға мүмкіндік береді. Зияткерлік мектептердің педагог-кітапханашыларының тәжірибесін таратуға 5 906 мектеп атсалысты, өткізілген семинарлар саны - 108, оларға қатысушылар саны - 10 452-ні құрады.

Сонымен қатар 2021 жылы тыңдаушыларға Зияткерлік мектептер кітапханаларының жобаларымен және әдістемелерімен толығырақ танысуға мүмкіндік беретін күндізгі семинарлар да өткізілді.

ҚР БҒМ «Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана» мемлекеттік мекемесінің сұрауы бойынша «Оқуға ынталандырудың қазіргі заманғы технологиялық әдістерін тиімді пайдалану тәсілдері» тақырыбында республикалық семинар ұйымдастырылды, оған әр облыстан 160 кітапханашы қатысты. Семинар барысында Алматы және Талдықорған қалалары Зияткерлік мектептерінің кітапханашы-педагогтері «Blind Date With Book», «Book Hospital», «Book Puzzle», «Кітапты тап», «Learnis» оқу әдістемелерімен таныстырды. Семинардың практикалық бөлімінде қатысушыларға барлық әдістемелер бойынша практикалық жұмыс ұсынылды.

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы 560 адамға арнап ұйымдастырған «Кітап оқитын мектеп» жобасын іске асыру бойынша өткен онлайн-семинарда Қостанай қ. Назарбаев Зияткерлік мектебінің педагог-кітапханашылары «Назарбаев Зияткерлік мектептері кітапханаларының кітап оқуды дамыту саласындағы жобалары» тақырыбында сөз сөйледі. Семинар ZOOM және YouTube платформаларында таратылды. Семинар барысында «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушыларына оқуға ұсынылған «100 кітап» және «READx» жобалары, «Booksrossing», «Кітап әлемді бағындырады», «BookStart» дәстүрлі акциялары ұсынылды. Қашықтықтан жұмыс істеу барысында әрбір жоба бойынша әдістер мен тәсілдерді қолдану мүмкіндіктері көрсетілді, буктрейлерлерді құру, «Кампания 1.2.3», «D. E. A. R. Бәрін тастап, кітап оқы!», «BookBingo» ойыны ойнатылды. Семинар соңында ұйымдастырушылар қатысушылардың барлық сұрақтарына жауап берді.

ҚР БҒМ Республикалық тамыз конференциясында НЗМ педагог-кітапханашыларының төмендегі тақырыптарға арналған секциялық отырысы өтті:

- «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің кітапханалары – мектептің ақпараттық-ресурстық орталығы ретінде мектеп кітапханасының жұмысын ұйымдастырудағы инновациялық әдістер мен тәсілдер»,
- «Мәтіндермен жұмыс жасауда сыни ойлауды қалыптастыру»,
- «Кітап оқуға ынталандыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыруда интерактивті онлайн құралдарын пайдалану»,

- «Кітапханалық іс-шаралар аясында оқушылардың гуманитарлық құндылықтарын қалыптастыру».

- Әрбір вебинар сайын шеберлік сабағы көрсетіледі, онда жалпы білім беретін мектептердің кітапханашылары әр тақырып бойынша пайдалы әдістемелер және қосымшалармен іс жүзінде таныса алды:

- SOAPS дәлелді талдау әдісі,
- Padlet тақтасы негізінде «Менің сүйікті кітабым» онлайн жобасын ұйымдастыру – дайындау, жариялау, нәтижелер,
- «Құндылықтар сөздігін» құру,
- «Қысқаша оқу» дәстүрлі және қашықтық форматындағы ұйымдастыру әдістері.

2021 жылғы 17 тамызда «Ауыл мектебі» жобасына қатысушы мектеп педагогтеріне арналған тамыз конференциясының секциялық отырыстары өтті. Өскемен қаласының НЗМ педагог-кітапханашысы «Мектеп кітапханаларының мүмкіндіктерін кітап оқыту үшін пайдалану» және «Мектеп кітапханаларын ұйымдастырудың заманауи әдістері» тақырыптарында семинарлар ұйымдастырды. Семинарларға бүкіл ел бойынша ауыл мектептерінің кітапханашылары қатысты.

Сонымен қатар Зияткерлік мектептер кітапханалары қала мен облыстың жалпы білім беретін кітапханалары үшін ресурстық орталықтар болып табылады. Әр аймақ үшін Facebook әлеуметтік желісінде кітапхана қызметкерлері қызықты ақпаратпен, өткізілген іс-шаралармен, жобалармен, зерттеу жұмыстарымен және т. б. бөлісетін кәсіби қауымдастық құрылды. Топтарда қызықты, креативті материалдарды жариялау ынталандырылады, НЗМ педагог-кітапханашылары қоғамдастық парақшасына модерация жасайды.

Зияткерлік мектептер кітапханаларының инновациялық тәжірибесін тарату жалпы білім беретін мектептер кітапханаларын жаңғыртуға алып келеді, бұл дамудың сапалы жаңа сатысына көшуге жағдай жасайды және оқу үдерісіне сапалы жаңа ақпаратпен қолдау көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар оқу үдерісіне қатысушыларға таным мен өзін-өзі дамыту үшін мүмкіндіктер жасауға қабілетті мектептің маңызды ұйымдық құрылымы ретінде кітапхананың жағымды бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәрбие жұмысының тәжірибесін тарату.

ДББҰ тәжірибесін тарату ретінде «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту және салауатты өмір салты мәдениеті шеңберінде оқушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Зияткерлік мектептердің тәрбие жобалары бойынша тәжірибені еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне енгізу көзделген.

2020-2021 оқу жылында жалпы білім беретін мектептер үшін семинарлар мен вебинарлар өткізілді:

- «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыру»,

- «Шаңырақ» мектеп қауымдастығын құру бойынша семинар-практикум,

- «Туған елге тағзым» өлкетану-зерттеу жобасын ұйымдастыру жөніндегі семинар-практикум,

Әлеуметтік жобалар шеңберінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша семинарлар, практикумдар:

- «Қоғамға қызмет ету»,
- «Екі апта ауылда»,
- «Баланы жұмысқа бірге ал»,
- «Ата-аналардың кәсіпорнында 10 күн,
- «Ақылды бейсенбіні» ұйымдастыру және өткізу» шеберлік сабағы,

- «Қашықтан оқыту кезеңінде оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» вебинары,

- «Қашықтан оқыту кезеңінде ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдар» вебинары,

- «Тәрбие жұмысы бойынша жаңа жобаларды енгізу» вебинары: «Ұрпақтар сабақтастығы», «Ұлы Дала ақындары», «Замандастар жырлары», «Менің өмірімде қолданатын мақал-мәтелдер»,

- «Қашықтан оқыту жағдайында тәрбие жұмысын ұйымдастыру» вебинары,

- «Оқушылардың эмоциялық зиятын дамыту» вебинары,

- «Баланың жеке басын қалыптастырудағы жазғы әлеуметтік тәжірибенің рөлі» вебинары

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәрбие жұмысы тәжірибесін таратумен қамтылған жалпы білім беретін мектептер саны 4 339, қатысушылар саны - 17 979 адамды құрады.

Жалпы елімізде 500-ден астам жалпы білім беретін мектеп Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәрбие жұмысының жобаларын енгізуде:

- БҚО Сырым және Шыңғырлау аудандарының ауыл мектептерінде енгізілген тәлімгерлік қызмет (10 мектеп),

- «Шаңырақ» қауымдастығы,
- «Туған елге тағзым» экспедициясы,
- «Мектептегі өзін-өзі басқару»,
- «100 кітап» («30 кітап», «50 кітап»),
- «Қазақтың 100 әні», «100 күй»,
- «TEDx»,
- «Ақылды бейсенбі»,
- «Менің өмірімде қолданылатын

мақал-мәтелдер»,

- «Ата-аналардың кәсіпорнында 10 күн» (Қызылорда облысы Жалағаш ауданы «Ата-ананың кәсіпорнында 3 күн»),

- «Екі апта ауылда» («Үш күн қалада»),
- «Ұлы дала мұрагерлері» форумы (Қарағанды облысы).

Барлық өңірлердегі НЗМ директорларының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары онлайн режимінде «Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысы мен әлеуметтік жобаларының ерекшеліктері», «Оқушылардың оқуы мен әл-ауқатын қолдау факторы ретінде құндылықтарға негізделген мектеп климатын құру» семинарларын өткізді. Конференцияларға 600-ге жуық педагог, тәрбиешілер, сынып жетекшілері және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты. Нәтижелері бойынша мектеп жобаларын мектептің тәрбие жұмысына енгізу мақсатында мұғалімдермен кері байланыс ұйымдастырылды.

Тәжірибе аудармасы бойынша мектептердің сұранысы бойынша жоспардан тыс іс-шаралар да өткізілді: «Ата-аналармен жұмыс», «Білім беру жобалары», «Қашықтан оқытудың онлайн платформаларының оқу материалдарымен жұмыс істеу әдістемесі», «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының аясында жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыру», «Новая реальность: её влияние на выбор профессии», «100 күй», «100 ән», «Шаңырақ» қауымда-

стығы, «Даналық бейсенбі», «Үздік оқушы», «Туған елге тағзым» тәрбие жұмыстары жобалары бойынша вебинар, «ФМБ НЗМ тәлімгерлік қызметінің тәрбие жұмысын жүзеге асыру» атты тақырыпқа ЖОО-ның практикант студенттеріне арналған вебинар, «Кибербуллинг: қауіпті қалай анықтауға болады» және т.б. Мұндай семинарларға 3 173 мектеп (5 891 мұғалім) мұғалімдері қатысты.

Жатақханада тұратын балалармен жұмыс бойынша НЗМ тәжірибесін тарату аясында облыстық отбасы үлгісіндегі балалар үйлерінің, мектеп-интернаттардың, жатақханалардың тәрбиешілеріне арналған «Назарбаев Зияткерлік мектебі жатақханасы тәрбиешілерінің қызметін жүзеге асыру», «Жатақханадағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау», «Тәрбиешілер жұмысындағы қызмет бағыттары», «Жатақханадағы үйірме қызметін ұйымдастыру», «Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» атты семинарлар өткізілді. Тыңдаушылармен оқушыларға өз эмоцияларын басқаруға, қарым-қатынас дағдыларын, креативті ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін бірқатар тәжірибелік іс-шаралар өткізілді.

ДББҰ мен «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты арасында «Кемел болашақ» жобасын қолдау бойынша 14.09.2021 ж. №166/ЮЛ-77 қызмет көрсету шарты жасалды. Келісімшарт аясында директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары 2021 жылғы 5-9 қараша аралығында орта және жоғары сынып мұғалімдеріне арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 негізгі бағыты бойынша бағдарламалар дайындап, 12 вебинар өткізді:

- Қазақстанның эволюциялық дамуы,
- Бәсекеге қабілеттілік,
- Сананың ашықтығы,
- Білім алуға ұмтылу,
- Ұлттық бірегейлікті сақтау,
- Прагматизм.

Зияткерлік мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыруда «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының құндылықтары басшылыққа алынады және «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Жоғары сынып мұғалімдеріне арналған вебинарларға 45 адам қатысты, практикалық бөлімде осы жобалардың Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқу және тәрбие жұмысындағы «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуымен байланысы көрсетілді. Мектептерде сәтті жүзеге асырылып жатқан және патриоттық тәрбиені дамытуға, оқушылардың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған «Қоғамға қызмет ету», «NIS Talks», «2 апта ауылда» жобалары вебинар тыңдаушылары арасында жағымды пікір қалыптастырды.

Вебинарларды өткізудің негізгі мақсаттары:

- рухани жаңғыру құндылықтарын насихаттау;
- жоғары адамгершілік қасиеттерді, шығармашылық белсенділік пен азаматтықты үйлестіретін бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған мектептің тәрбие жұмысының жүйесін жетілдіру;
- оқушылардың құндылық бағдарларында білім алуға ұмтылу әдетін қалыптастыру факторы ретінде пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің оқуға деген ынтасын арттыру бойынша педагогикалық іс-тәжірибені дамытуға ықпал ету.

Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету арқылы да жүзеге асырылады. «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналының 2021 жылғы №3 (37) «Көшбасшылық және әл-ауқат мектебі» тақырыбы бойынша және «Білімді ел» республикалық білім беру қоғамдық-саяси газетінің 2021 жылғы 17 тамыздағы №31(285) «NIS тәрбие жүйесі: бірегей жобалар мен тәжірибелер тоғысында» тақырыбы бойынша арнайы шығарылымдары Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысының жобалары мен іс-тәжірибелеріне арналған. Шығарылым жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне осындай жобалар мен іс-тәжірибені өз мектептеріне енгізуге мүмкіндік береді.

Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысының тәжірибесі Ресей (ХМАО-ЮГРА, Татарстан), Өзбекстан, Тәжікстан сияқты елдердің назарын аударып, халықаралық деңгейде көрсетілді.

3.2. Жазғы мектеп және элективті курстар

Зияткерлік мектептер жыл сайын ел мектептерінің 1-11-сынып оқушылары үшін Жазғы мектеп өткізеді. Бұл 31- мамыр мен 11 маусым аралығындағы өңірлердегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты қазақстандық педагог қызметкерлер мен Зияткерлік мектептердің шетелдік педагогтері онлайн және күндізгі форматта өткізетін ақылы элективті курстар.

2021 жылы Зияткерлік мектептер қазіргі заманның өзекті тақырыптарына және химия бойынша STEM курсы, химия бойынша Super Chemists курсы, Математика, математикадан NUFYPET-ке дайындық, Astronomy and Physics, Мобильді қосымшаларды әзірлеу, өнертапқыштық есептерді шығару, IELTS, Ағылшын тілі, Копирайтинг, Қаржылық сауаттылық сияқты сұранысқа ие пәндер бойынша Жазғы мектептің қызықты бағдарламаларын әзірледі.

Таңдалған курсқа байланысты оқушылар математика, физика, химия пәндерінен білімдерін тереңдетіп, ағылшын тілінде коммуникативтік дағдыларын (ауызша және жазбаша сөйлеу), бағдарламалау машықтарын, қаржылық сауаттылықты және т.б. жақсартты.

Зияткерлік мектептердің 8 760-тан астам оқушысы (1-11-сыныптар контингентінің 58%-ы) және еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің 889 оқушысы ақысыз қатысты. Ақылы жазғы мектепке 39 оқушы қатысты. Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары үшін дәстүрлі түрде ағылшын тілін оқыту ұйымдастырылған.

3.3 Робот техникасы

ДББҰ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын, 2018 жылғы 01 желтоқсандағы Жоғарғы Қамқоршылық кеңесінің шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы басқармасының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі шешімімен бекітілген Робот техникасы бойынша олимпиаданы өткізу қағидалары (№ 48 хаттама), 2016 жылғы 31 тамыздағы өзгерістер

және толықтыруларына сәйкес (№ 43 хат-тама) оқу робот техникасын дамытумен айналысады.

Олимпиадалар

ДББҰ 2014 жылдан бастап Қазақстандағы Дүниежүзілік роботтар олимпиадасының (World Robot Olympiad - WRO) ережелері бойынша робот техникасынан олимпиадалардың ұлттық ұйымдастырушысы болып табылады.

WRO - бұл 10-21 жас аралығындағы оқушылар мен студенттерге арналған жарыс. WRO төрт түрлі санаттағы (негізгі, шығармашылық, студенттік және роботтар футболы) LEGO робот техникасы конструкторын қолданатын жарыс болып табылады. Негізгі санат үшін міндет белгілі бір тапсырманы орындауы керек роботты құрастыру және бағдарламалау болып табылады, роботтың өлшемдері стандартты түрде шектеулі: 25x25x25 см. Шығармашылық санаттағы қатысушылар берілген тақырыпқа жоба дайындайды. Негізгі және шығармашылық санатқа арналған тапсырмалар жыл сайын өзгеріп отырады және әдетте күрделене түседі. Роботтар футболына қатысу үшін команда өздігінен жұмыс істейтін екі роботты дайындауы керек: шабуылшы және

қақпашы, олар инфрақызыл сәулеленген арнайы допты қолдана отырып, белгіленген алаңдағы жау роботтарымен күреседі.

Қазақстан Республикасы халқының арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында елде карантиндік іс-шаралары жалғасуда. Осыған байланысты робот техникасы бойынша жыл сайынғы іс-шаралар қашықтан онлайн форматта ұйымдастырылып, өткізілді. Сондай-ақ ресми сайтта WRO-2021 роботтарының Дүниежүзілік Олимпиадасының халықаралық кезеңі онлайн режимінде өтеді деген ақпарат пайда болды.

WRO 2021 ережелерін аудару және жариялау

Дүниежүзілік Роботтар Олимпиадасының қауымдастығы (бұдан әрі - Қауымдастық) жыл сайын 15 қаңтарда WRO робот техникасынан олимпиаданың жаңа ережелерін шығарады. Бұл ережелер ағылшын тілінде құрастырылады және оларды Қауымдастық Ұлттық ұйымдастырушыларға таратады. Ережені алғаннан кейін орыс тіліне аударылып, Қазақстандағы WRO ресми веб-сайтына орналастырылады <http://robotics.nis.edu.kz/wro-2021> / (8-суретті қараңыз).



Тема сезона 2021

В этом году тема WRO — PowerBots — будущее энергетики. В 2021 году ваша команда будет решать проблемы, связанные с использованием большого количества энергии из возобновляемых источников. Команды из категории «Regular» будут создавать и программировать роботов, которые модернизируют использование энергии в доме, помогают заряжать автомобили в гараже и помогают управлять распределением энергии в сети. Команды в Open категории разработают роботов, которые позволят нам использовать возобновляемые источники энергии наиболее эффективным образом.

Правила для Основной (Regular) категории

- Для старшей, средней, младшей возрастных групп
- Общие правила
- Младшая (Elementary) возрастная группа, 8-12 лет в год проведения олимпиады
 - Правила
 - Игровое поле (для печати)
- Средняя (Junior) возрастная группа, 12-15 лет в год проведения олимпиады
 - Правила
 - Игровое поле (для печати)

Рисунок 8. Официальный веб-сайт WRO в Казахстане

Осы маусымның WRO тақырыбы **«Энергоботтар - энергетиканың болашағы» (PowerBots - the Future of Energy)**. 2021 жылы командалар үйлерді жаңартылатын электр көздерінің қуатымен қамтамасыз ететін, үйді қайта жабдықтауға, орман өрттерімен күресуге және тағы басқа мәселелерді шешуге көмектесетін роботтар жасау керек. Олимпиада сонымен қатар роботтар футболы мен ұшқышсыз көлік құралдары арасындағы жарысты да қамтиды.

WRO-2021 робототехника олимпиадасының аймақтық кезеңі

2021 жылғы 1 маусымда WRO-2021 робот техникасынан қашықтық олимпиадасының (бұдан әрі қарай - Олимпиада) аймақтық кезеңі онлайн форматта ұйымдастырылды. Олимпиада WRO-2021 робототехника байқауының республикалық кезеңін өткізу ережелері мен регламенттеріне сәйкес өткізілді. Сайыста жақсы нәтижелер көрсеткен қатысушылар роботтар олимпиадасының республикалық кезеңіне шақырылды.

Ағымдағы жылы өңірлік Олимпиада 4 санат бойынша өтті:

1. Regular (негізгі санат). Бұл санаттағы қатысушылар жас санаты бойынша алдын ала берілген тапсырманы орындау үшін роботты жинап, бағдарламалады:

а) кіші топтың міндеті - үйді қайта жабдықтауға көмектесетін робот жасау. Робот ескі шамдарды жаңа энергия үнемдейтін шамдарға ауыстыруы керек. Сондай-ақ ол күн батареяларын шатырға орнатып, ақылды үй құрылғыларын орнатуы керек. Бұл жұмыс үйдегі қуат тұтыну мөлшерін азайтуға және жаңартылатын энергия көздерін тиімді пайдалануға көмектеседі;

б) ортаңғы топтың міндеті - көліктерді көлікжайдың кіреберісінен алып, көлік құралының түріне байланысты оларды тиісті тұраққа қоя алатын робот жасау. Содан соң робот электромобильдерді қуаттандыратын батареяларды таратуы керек;

с) жоғарғы топтың міндеті - үйлерді жаңартылатын көздерден алынатын электр қуатымен қамтамасыз ете алатын робот жасау. Ауа райына байланысты энергия көздерінің бірі тұтынушыларды қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылуы мүмкін. Артық энергияны аккумуляторларда сақтау керек.

2. 2021 жылы Open (шығармашылық санат) WRO командаларға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану кезінде туындайтын мәселелерді шешуге көмектесетін робот немесе робот моделін жасау ұсынады. Жұмыс істеу үшін үш саланың біреуін таңдауға болады:

а) сіздің үйіңіздегі немесе шаруашылығыңыздағы энергия,

б) зияткерлік тұрақ және қуаттандыру,

с) біздің күнделікті өміріміздегі энергия теңгерімі.

3. Негізгі WEDO. Биылғы тапсырма - орман өрттерімен күресе алатын және адамдарды қауіпсіз жерлерге көшіре алатын робот жасау. Сонымен қатар робот өртеніп кеткен ағаштардың орнына жаңа ағаштар отырғызуы керек.

4. Future Engineers. Future Engineers - бұл ұшқышсыз ұшатын көлік құралдарының жаңа санаты. Жарыстың жаңа форматы негізінде оқушылар зерттеу қызметіне шынайы қызығып, нақты міндеттерді шешу кезінде технологиялық тәсілді үйренгенін қалаймыз. Бұл маусымның міндеті - ұшқышсыз ұшатын көлікті жасау ғана емес, берілген уақыт ішінде барынша жақсы нәтиже көрсету. Ойын алаңы жол белгілері орнатылған жарыс трассасы болып табылады. Трассада бір уақытта бір ғана автокөлік болады. Ол шеңберді бірнеше рет толығымен автономды түрде жүріп өту арқылы уақыт жағынан барынша жақсы нәтиже көрсетуі керек.

Өңірлік Олимпиаданы өткізу форматы:

- Regular санаты үшін қосымша тапсырмаларды жариялау.

- Барлық жас топтарына қатысты Regular санаты үшін негізгі тапсырмаларға қосымша «тосынсый» тапсырмалары әзірленді, олар жарыс күні Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 10.00-де жарияланды.

- Барлық санаттар үшін роботтарды құрастыру.

- 02.06.2021 ж. сағат 10.00-ге дейін (Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен) барлық санаттағы командалар жұмыстарын көруге мүмкіндік беретін сілтеме жіберулері тиіс.

- Қатысушылардың барлығы талаптарға сай бейнеролик дайындап, қолжетімді әлеуметтік желіде жариялап, бейне сілтемені 02.06.2021 ж. сағат 10.00-ге дейін ұйымдастырушының электрондық мекен-

жайына wro@nis.edu.kz (Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен) жіберуі тиіс болды.

- Сонымен қатар Ореп санаты үшін командалар жобаға техникалық материал ұсынуы керек.

- Төрешілер алқасы жұмыстардың барлығын қашықтық форматында қарады және тексерді.

- Марапаттау.

Өңірлік кезеңге: еліміздің 9 өңірінен 48 команда, барлығы 106 бала қатысты. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің командалары - 15, жалпы білім беретін мектептердің командалары - 33.

Өңірлік қашықтық олимпиадасының қорытындысына сәйкес төрешілер алқасының шешімі бойынша 40 командаға (барлығы 88 бала) жүлделі орындар берілді. Команда қатысушылары электрондық дипломдармен марапатталды (6-кестені қараңыз:

6-кесте. Санаттар бойынша қатысушы командалардың жиынтығы

Санат	Командалар саны	оның ішінде жүлделі орындар		
		I	II	III
Regular WeDo	6	2	2	1
Regular Elementary	13	5	3	2
Regular Junior	11	4	3	2
Regular Senior	8	2	2	2
Шығармашылық кіші	4	2	1	1
Шығармашылық жоғары	5	4	1	-
Future Engineers	1	1	-	-
Барлығы	48	20	12	8

WRO-2021 робот техникасы олимпиадасының республикалық кезеңі

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрайымының 2021 жылғы 28 қыркүйектегі №267/НҚ бұйрығына сәйкес 29-30 қыркүйек аралығында онлайн форматта WRO-2021 робот техникасы олимпиадасының республикалық кезеңі ұйымдастырылып, өткізілді. Олимпиада WRO-2021 робототехника байқауының республикалық кезеңін өткізу ережелері мен регламенттеріне сәйкес жүргізілді. Өңірлік кезеңде жүлделі орындарға ие болған 39 команда ғана Олимпиадаға қатысуға шақырту алды.

Қатысушылардың жалпы саны: 87, оның ішінде:

- Назарбаев Зияткерлік мектептерінен 29 оқушы;

- жалпы білім беретін мектептерден 58 оқушы

Қатысушылардың жасы: 8-17 жас аралығы.

Олимпиаданы онлайн форматта ұйымдастыру және өткізу үшін аталған шараның техникалық нұсқаулығы әзірленді, сондай-ақ 27 қыркүйек командалардың техникалық дайындығын тексеру күні болып белгіленді.

Барлық жас топтарына қатысты негізгі санаттарға арналып жарыс күндерін өткізу үшін «Тосынсый» қосымша тапсырмалары әзірленді.

Республикалық олимпиаданың қорытындыларына сәйкес төрешілер алқасының шешімі бойынша 19 командаға жүлделі орындар берілді, сондай-ақ 2 команда «Ең жас қатысушы», «Ең креативті жоба» номинацияларын жеңіп алды. Команда қатысушылары электрондық дипломдармен марапатталды. Олимпиаданың нәтижелері мен олимпиаданың республикалық кезеңін өткізу туралы жалпы ақпаратты мына сайттардан табуға болады:

- https://lenta.inform.kz/kz/world-robot-olympiad-2021-ulttyk-chempionatynyn-zhenimpazdary-anyktaldy_a3845857

- <http://robotics.nis.edu.kz/wro-2021/> (см. рисунки 9-12).

NIS Robotics

Главная Для детей Семинары Олимпиады WRO-2021 Достижения DIY Галерея Контакты

Основная информация

Уважаемые участники!

Проведение Республиканского этапа олимпиады по робототехнике WRO-2021 запланировано на 29, 30 сентября 2021 года в режиме онлайн. Команды, занявшие I, II, и III призовые места на дистанционных региональных соревнованиях допущены к участию на Республиканский этап.

Инструкция

Техническая подготовка помещения для соревнования и оборудования

Для участия вам необходимо:

1. обеспечить устойчивое интернет-соединение. Не менее 2 Мбит/сек.;
2. скачать и установить на ноутбук приложение Zoom;
3. войти/создать учетную запись Zoom;
4. проверить качество звука и видео в настройках Zoom;
5. использовать приложение таймер (любое приложение, сайт). Поместите таймер так, чтобы было видно четкое изображение;
6. обеспечить в помещении для соревнования хорошее освещение.

Каждой команде будет необходимо подключить 2 камеры.

1 — Общий вид на комнату (может находиться несколько участников, но не тренер, камера должна транслировать изображение непрерывно)

2 — Вид на поле (желательно сверху).

Вам необходимо завести два аккаунта, чтобы транслировать два изображения. Будьте готовы прислать фотографии спорных ситуаций с дополнительной мобильной камерой и иметь возможность приблизить камеру. Также будьте готовы по просьбе судьи включить демонстрацию экрана. Просьба к участникам в целом — не разговаривать на темы, не касающиеся проведения Олимпиады.

Необходимо приготовить:

1. измерительные элементы (Куб 25х25х25см. из подручных материалов (пластик, картон и т.п. и линейка для замера куба);
2. приложение таймер;
3. игровые элементы для поля.

Технический день:

Дата проведения: 27 сентября 2021г., с 9.00 до 20.00. В технический день команда ОБЯЗАНА выйти на

9-сурет. Олимпиаданың нәтижелері мен олимпиаданың республикалық кезеңін өткізу туралы сайтта берілген жалпы ақпарат



10-12-суреттер. WRO-2021 робот техникасы олимпиадасының республикалық кезеңі

WRO-2021 робот техникасынан халықаралық олимпиада

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрайымының 2021 жылғы 5 қарашадағы №335/НҚ бұйрығына сәйкес Қазақстан командалары 18-21 қараша аралығында WRO-2021 робот техникасы олимпиадасына қатысты.

Қатысушылар тізіміне 12 бала, оның ішінде 5 НЗМ оқушысы, 7 жалпы білім беретін мектеп оқушысы кірді (7-кестені қараңыз).

7-кесте. WRO-2021 робот техникасы олимпиадасына қатысушылардың тізімі

№	Аты-жөні	Мектеп	Санат	Тренер
1.	Балғабай Шыңғысбек	Алматы қаласындағы «Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының оқушылары	Негізгі жоғары	Шақан Ясынжан
2.	Жамбыл Альтаир			
3.	Пазилов Алдияр	Нұр-Сұлтан қаласындағы «Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының оқушылары	Шығармашылық жоғары	Кажыкенова Бахытгул
4.	Муханов Даулет			
5.	Рахимбергенова Амина			
6.	Кадыров Арьян	«Lessons.kz» оқу орталығының оқушылары	Негізгі орта	Еркабаева Айгерим
7.	Бердалиев Бернар	«Ақ-Ниет» жекеменшік бастауыш мектебінің оқушылары	Негізгі орта	Киселёв Олег
8.	Киселёва Кристина			
9.	Бирюков Марк			
10.	Мороз Пётр			
11.	Бекетов Даужан	«Халықаралық робототехника академиясы» білім беру орталығының оқушылары	Шығармашылық кіші	Tom Noah
12.	Островский Кирилл			

Олимпиада нәтижелерін мына сайттан көруге болады <http://robotics.nis.edu.kz/wro-2021/>



ҚР ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫН КӘСІБИ ТҰРҒЫДАН ДАМУ

4.1

ҚР педагог кадрларының
біліктілігін арттыруға
арналған білім беру
бағдарламалары

4.2

Тренерлер құрамын
дайындау

4.3

Қазақстан Республикасы
педагог кадрларының
біліктілігін арттыру

4.4

Курстық оқыту сапасына
мониторинг жасау

4.5

Педагог кадрларға курстан
кейін әдістемелік қолдау
көрсету

4.1. ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттыруға арналған білім беру бағдарламалары

2021 жылдың басынан бастап ПШО Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттыруға бағытталған **18 білім беру бағдарламасын әзірледі:**

– **Пәндерді тереңдетіп оқытудан педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының 14** білім беру бағдарламасы ҚР БҒМ Сараптама кеңесімен келісілді (Сараптамалық кеңес отырысының 2021 жылғы 10 маусымдағы №31 хаттамасы, ҚР БҒМ 14.06.2021 ж. № 18-6/765 хаты);

– Эссе жазудан асинхронды біліктілікті арттыру курсының 1 білім беру бағдарламасы;

– Оқу сауаттылығынан асинхронды біліктілікті арттыру курсының 1 білім беру бағдарламасы;

– Инклюзивті білім беруден біліктілікті арттырудың 2 білім беру бағдарламасы.

Онлайн форматқа ауыстыру үшін қайта өңделген 24 білім беру бағдарламасы:

1. Мектепке дейінгі ұйым басшыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

2. География пәнінен «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

3. Информатика пәнінен «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

4. Бастауыш мектеп бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

5. Білім беру мазмұнын жаңарту бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (16 пән);

6. «Қолданбалы зерттеулер әдіснамасы» пәнінен педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

7. Мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (9 айлық);

8. «Тиімді оқыту» біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасы.

Бұқаралық ашық онлайн курстар

Бүгінгі таңда қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқыту өзінің қолжетімділігі мен тиімділігі арқасында кеңінен тарала бастады. 2021 жылы ПШО 2 бұқаралық онлайн курс әзірледі:

- «Эссе жазу»;

- «Оқу зертханасы: оқимыз, түсінеміз, қолданамыз».

Курстар асинхронды форматта жүзеге асырылады, курс материалдары www.sdo.srm.kz сайтында орналастырылған.

Курс «Ауыл мектебі» жобасы аясында Зияткерлік мектептердің және 14 жалпы білім беретін мектептердің педагогтері арасында жүзеге асырылды. Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерін де оқыту жоспарланып отыр. Екі курсты да 2022 жылы кез келген тыңдаушы оқи алады.

4.2. Тренерлер құрамын дайындау

Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарын өткізу мақсатында тренерлер құрамын даярлау

ПШО қызметінің басым бағыттарының бірі оқыту, тәрбиелеу және дамытудың өзекті мәселелерін қамтитын Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарын өткізуге қабілетті тренерлер құрамын даярлау болып табылады.

2021 жылы мына білім беру бағдарламаларынан 567 тренер даярланды (8-кестені қараңыз):

25 - «Қолданбалы зерттеулерді жүргізу әдіснамасы»;

55 - «Білім беру ұйымдарындағы жан-жалды жағдайларды басқару»;

80 - «Бастауыш сынып пәндерінен бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау»;

61 - «Мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы тиімді менеджмент»;

321 - «Пәндік құзыреттерді дамыту»;

25 - «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент».

8-кесте. Біліктілікті арттыру курстарын өткізу үшін тренерлер құрамын даярлау

№	Бағдарлама	Тренерлер саны	оның ішінде		
			ПШО	НЗМ	Білім беру ұйымы
1	Қолданбалы зерттеулерді жүргізу әдіснамасы	25	25		
2	Білім беру ұйымдарындағы жанжалды жағдайларды басқару	55	55		
3	Бастауыш сынып пәндерінен бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау	80	17		63
4	Мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы тиімді менеджмент	61	16		45
5	Пәндік құзыреттерді дамыту (пәндер бойынша)	321	71	71	179
6	Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент	25	21	4	
	Барлығы	567	205	75	287

Жалпы білім беру ұйымдары мен Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагог кадрларынан даярланған тренерлер үлесі 64%-ды құрайды. Жалпы білім беретін мектептердің мұғалім-көшбасшыларын тренерлік қызметке тартудың көп жылғы тәжірибесі көрсетіп отырғандай, Назарбаев Зияткерлік мектептері ҚР педагог кадрларын оқытуға оң әсер етеді, өйткені тренер-мұғалімдер мектеп тәжірибесіндегі үлгілер мен кейстерді пайдаланады. Бұл тәжірибе курс материалының мазмұнын жақсы меңгеруге және түсінуге ықпал етеді. Ал тренер-мұғалімдер өз кезегінде ересек аудиториямен жұмыс істеу тәжірибесін алып, осы дағдыларды өздерінің білім беру ұйымдарындағы ұжыммен жұмыс істеу арқылы өздерінің кәсіби практикасын жетілдіру мақсатында қолданады.

Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері үшін мектеп тренерлерін даярлау

Мектепте мұғалімдерді оқыту «тең-теңімен» қағидаты негізінде жүргізілетін кәсіби-дамыту ортаны қалыптастыру мақсатында ПШО критериалды бағалауды енгізу үйлестірушілерін, әдістеме және технология бойынша мектеп тренерлерін, зерттеу бойынша мектеп тренерлерін, бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау тренерлерін қамтитын Әдістемелік активті дайындады.

2021 жылы 11 000 мектеп тренері даярлықтан өтті, оның ішінде 2000 зерттеу және 9000 бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеушілер мен сараптама жасаушылар. 2016-2020 жылдар аралығында әрбір мектеп үшін барлығы **59 326** мұғалім-көшбасшылардан тұратын әдістемелік актив дайындалды, бұл жалпы білім беру ұйымдары мұғалімдерінің жалпы санының 15%-ын құрайды (9-кестені қараңыз).

9-кесте Көшбасшы-мұғалімдер қатарынан әдістемелік актив дайындау

Оқытылған мектеп тренерлері	Оның ішінде			
	Критериалды бағалау бойынша мектеп үйлестірушілері	Оқыту әдістемесі мен технологиялары бойынша мектеп тренерлері	Зерттеу бойынша мектеп тренерлері	Бағалауға арналған мектеп тапсырмаларын әзірлеушілер мен сараптама жасаушылар
59 326	9 056	17517	7526	25227

Әдістемелік актив мүшелерінің қызметі ҚР БҒМ-мен реттеледі («Жалпы білім беретін мектептерде педагог кадрларды кәсіби дамытудың «Тәжірибедегі рефлексия» білім беру бағдарламасы бойынша мектепішілік ұйымдастыру туралы» нұсқаулық хат (2016 ж.), Критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша үйлестірушілердің қызметін ҚР жалпы білім беретін мектептерінде ұйымдастыру бойынша нұсқаулық хат (2016 ж.), «Зерттеу бойынша мектеп тренерлерінің қызметін ұйымдастыру туралы» нұсқаулық хат (2018 ж.).

Мектеп тренерлерін оқыту мамандардың қажетті құрамын жасақтауға мүмкіндік береді, бұл мектептегі оқу үдерісі барысында туындайтын және бағалау үдерісінде орын алатын мәселелерді жедел шешуге ықпал етеді.

4.3 Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттыру

В 2021 году в соответствии с письмом МОН РК от 29 января 2021 года № 8-18-6/337-И утвержден план повышения квалификации педагогов страны.

Педагогтердің жоспарлы саны - 42 700 адам, оның ішінде:

- мектепке дейінгі білім беру жүйесінен - 7 495 адам,
- орта білім беру жүйесінен - 33 947 адам,
- техникалық, кәсіптік және жоғары білім жүйесінен - 1 258 адам.

2021 жылы ПШО мемлекеттік тапсырыс аясында еліміздің педагогтерінің біліктілігін арттыру бойынша жоспарды толық көлемде орындады. Курстарды 42 700 педагог, сондай-ақ 2020 жылы жалпы білім беретін мектептердің басшыларына арналған курстарды бастаған 497 педагог аяқтады.

2021 жылы курсты оқыған педагогтердің жалпы саны - 43 197 адам.

Қазақстан Республикасының Бас санитарлық дәрігерінің қаулысы негізінде белгіленген карантиндік эпидемиологиялық жағдайда 2021 жылы ПШО 42 562 педагог (99,7%) үшін онлайн форматта курстар өткізді. Жазғы демалыс кезеңінде Алматы облысының 135 педагогі үшін барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, аудиториялық форматта курстар өткізілді.

Қашықтан оқыту курстары ПШО әзірлеген sdo.cpm.kz білім беру платформасында,

сондай-ақ ZOOM электрондық платформасы аясында жүргізілді.

Электрондық платформалар тренерлердің синхронды қатысуымен вебинарларды жүргізуге, жұптық, топтық және сыныптық талқылауларды ұйымдастыруға, тыңдаушылардың күнделікті өз бетінше орындауы үшін оқу материалдары мен тапсырмаларды орналастыруға, вебинар жазбаларын жүргізуге және бөлісуге, тренерлерге тыңдаушылармен жазбаша кері байланыс орнатуға мүмкіндік берді.

2021 жылы ПШО қашықтан оқытудың жаңа жағдайында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларын жүзеге асыруды жалғастырды. Курсты 3 санаттағы 7 495 педагог аяқтады:

- мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары - 2 000 адам;
- балабақша тәрбиешілері - 3 495 адам;
- балаларды мектепалды даярлау бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері - 2 000 адам

ПШО орта білім беру жүйесі педагогтерінің біліктілігін арттыру шеңберінде 2 002 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп басшылары үшін көшбасшылықты дамыту және менеджмент курстары өткізді, оның ішінде 497 тыңдаушы толық оқу курсын аяқтады, 1505 тыңдаушы қашықтан оқытылды және алған білімдерін өз тәжірибелеріне енгізуде.

Басқармалардың, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің, әдістемелік кабинеттердің басшылары мен мамандарының кәсіби құзыреттіліктерін дамыту шеңберінде 340 білім беру қызметкері үшін ПШО Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының еңбектерінде белгіленген әлеуметтік даму жолдарын түсіндіру бойынша курстар өткізді.

2021 жылы қашықтан оқыту форматына көшуді ескере отырып, ПШО жалпы білім беретін мектептердің 800 педагогі үшін «Тиімді оқыту» бағдарламасы бойынша педагогтердің бойында оқыту мен оқудың әдістемесі мен технологияларын дамыту бойынша курстар өткізді.

Мектептерде бағалаудың жаңа жүйесін енгізу бойынша НЗМ тәжірибесін тарату аясында ПШО пәндік құзыреттерді дамыту бағдарламаларына қатысты 10 700 пән мұғалімдеріне және бағалауға арналған

тапсырмаларды әзірлеу және сараптау бойынша 9 000 пән мұғалімдеріне арналған курстар өткізді.

Қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында ПШО «Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» және «Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» бағдарламалары негізінде математика, информатика, химия, биология, физика, география пәндері мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарын өткізді. Курсты 6 602 педагог маман аяқтады.

Мұғалімдер құрамына арналған курстармен қатар ПШО 1 000 психолог, 1 000 мектеп оқушыларын кәсіптік бағдарлау бойынша педагог, сабақты зерттеу бойынша 2 000 мектеп тренері және білім беру ұйымдарындағы жанжалды жағдайларды басқару бойынша 1 000 педагог үшін қысқа мерзімді курстар өткізді.

ПШО қызметінің стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру шеңберінде ПШО бағдарламаларына сәйкес жоғары оқу орындары мен колледждердің профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру жұмысы жалғастырылды.

Сабақ беру мен оқытудың әдістемесі мен технологиялары бойынша ПШО бағдарламалары бойынша курстарды ЖОО-ның 30 оқытушысы және колледждердің 430 оқытушысы аяқтады.

Кәсіптік және зерттеу дағдыларын дамыту бағдарламалары бойынша курстарды ЖОО-ның 200 оқытушысы және колледждердің 200 оқытушысы аяқтады.


Мемлекеттік колледждердің 10-11 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту аясында ПШО біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырды. «Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» және «Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» бағдарламалары бойынша жалпы білім беретін пәндердің 398 мұғалімі үшін біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламалары


2021 жылы ПШО ұзақтығы 15 күннен 20 күнге дейінгі онлайн курстарда мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларын жүзеге асыруды жалғастырды.

Курстар 3 санатта өткізілді: мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары – 2 000 адам, балабақша педагогтері – 3 495 адам және балаларды мектепалды даярлау бойынша шағын орталықтар мен сынып педагогтері – 2 000 адам. Оқыту курсы барлығы 7 495 педагог аяқтады (ҚР мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің санынан 7,8% (95 860 адам) (5,6,7-диаграммаларды қараңыз).


5-диаграмма. 2021 жылы оқыту курсынан өткен мектепке дейінгі ұйым басшыларының саны



6-диаграмма. 2021 жылы курсқа қатысқан балаларды мектепалды даярлау бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің саны



7-диаграмма. 2021 жылы курстарға қатысқан мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің саны



Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесі педагог кадрларының біліктілігін арттыру бағдарламалары

2021 жылы ПШО-да орта білім беру ұйымдарының 34 444 педагог маманы өз біліктілігін арттырды.

Жазғы демалыс кезеңінде пәндік құзыреттерді дамыту бағдарламалары бойынша курстарды қазақстандық мектептердің 10 700 мұғалімі аяқтады, оның ішінде онлайн форматта 10 565 адам және жаңа бағдарламаларды апробациялау үшін аудиториялық (пилоттық) режимде 135 педагог өтті. Курстар 10 оқу күніне созылды (13-суретті қараңыз).



13-сурет. Орта білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру

Мұғалімдердің пәндік құзыреттерін дамыту бойынша әзірленген бағдарламалар оқытылатын пән саласындағы білімді тереңдетуге, пән бойынша қазіргі заманғы зерттеулерде бағдарлану деңгейін, оқытудың жеке әдістемесін игеруге, сондай-ақ жаңа жағдайларда оқыту мен оқудағы педагогикалық шеберлікті жетілдіруге бағытталған.

Сонымен қатар орта білім беру жүйесінің педагогтері үшін басқармалардың аудандық/қалалық білім бөлімдерінің басшылары мен мамандары, әдістемелік кабинеттер, педагог-зерттеушілер, бағалаудың жаңа жүйесі бойынша тапсырмаларды әзірлеуші педагогтер, жанжалдарды басқару педагогтері және мектеп психологтері үшін қысқа мерзімді онлайн курстар өткізілді (10-кестені қараңыз):

10-кесте. Орта білім беру жүйесінің педагогтеріне арналған қысқа мерзімді онлайн курстар

Білім басқармасы, ауд/қал білім басқармасының басшылары мен мамандары әдістемелік кабинеттер 340 адам (5 күндік курс, 40 сағ.)
Мектеп директорларының мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру бойынша тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары 1000 адам (5 күндік курс, 40 сағат)
Сабақтың педагог-зерттеушілері 2 000 адам (10 күндік курс, 80 сағат)
Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеуші-педагогтер 9 000 адам (10 күндік курс, 80 сағат)
Жанжалдарды басқару педагогтері және білім беру ұйымы психологтары 2 000 адам (10 күндік курс, 80 сағат)

Білім басқармасы, аудандық/қалалық білім басқармасы басшылары мен мамандарына арналған бағдарлама педагогтерге Қазақстан Республикасының Тұңғыш


Президенті - Елбасының еңбектерін және онда көрініс тапқан ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың, қазақстандық патриотизмнің, мәдени дамудың жаңа бағдарларын

түсіндіруге бағытталған. Оқуды 680 педагог аяқтады, оның ішінде 2020-2021 жылдары 340 педагог оқыды.

ПШО 2021 жылы озық педагогикалық тәжірибені тарату шеңберінде оқушыларды кәсіптік бағдарлау бойынша педагогтерді

және мектеп психологтерін оқытуын жалғастырды, сондай-ақ педагогтерге арналған жанжалды жағдайларды басқару жөніндегі жаңа бағдарлама іске асырылды. Әрбір бағдарламаға 1 000 қазақстандық педагог маман қатысты (8-диаграмманы қараңыз).

8-диаграмма. 2021 жылы педагог-кәсіби бағдарлаушы, жанжалдарды басқару педагогтері мен психологтарға арналған курстар




2021 жылы «Мұғалім практикасындағы зерттеулер» жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларын кәсіби дамытудың білім беру бағдарламасы бойынша 2 000 мектеп тренері оқуды аяқтады (9-диаграмманы қараңыз).

Зерттеу дағдыларын дамыту курстары бағдарламасының мазмұны оқыту саласындағы зерттеулерді зерделеуге - мектеп пен

мектептер желісі шеңберінде іс-әрекеттегі сабақ пен зерттеу жүргізуге бағытталған. Бұл педагогикалық қызметті жан-жақты талдауға, оқушылардың оқуын бақылау үдерісіне бағытталған дағдыларды жетілдіруге, оқыту нәтижелеріне рефлексия жүргізуге, осы зерттеулерді өңдеуге және жариялауға мүмкіндік береді.

9-диаграмма. 2021 жылы мектептегі зерттеу тренерлерінің саны



2018-2021 жылдары барлығы 7 526 педагог **сабақты зерттеу бойынша мектеп тренерлерін оқыту** бағдарламасы бойынша курстарды аяқтады, бұл республика педагогтерінің жалпы санының 2,3%-ын құрайды, оның ішінде 2018 жылы - 1 526 педагог, 2019-2021 жылдары - 2 000 педагог.

Еліміздің мектептерінде бағалаудың жаңа жүйесін енгізу шеңберінде ПШО және оның филиалдары «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» бағдарламалары бойынша 9 000 пән мұғалімдеріне арналған курстар ұйымдастырды (14-суретті қараңыз).



14-сурет. «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» бағдарламасына бағытталған курсты аяқтаған педагогтер

Әзірлеушілер курсына мектептің пән мұғалімдері бағалауға арналған құралдарды (тапсырмаларды) әзірлеу мен сараптаудың негізгі тәсілдерін танысты, бағалау үдерісінде қолданылатын тапсырмалардың түрлері мен сипаттамалары туралы өз білімдерін кеңейтті, бағалау құралдарына әзірлеу және сараптама жүргізу дағдыларын жетілдірді.

Бағдарламаларды жүзеге асырудың төрт жылы ішінде **25 227** пән мұғалімдері оқудан өтті, оның ішінде 2018 жылы - **4 255** адам, 2019 жылы - **4 256** адам, 2020 жылы - **7 716** адам, 2021 жылы - 9 000 адам. Бұл еліміздегі пән мұғалімдерінің 8,2%-ын құрайды (АТО 2021 ж. «ҚР білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинағының мәліметіне сәйкес 308 135 адам).


Қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында ПШО «Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» және «Оқушылардың математикалық

және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» бағдарламалары негізінде математика, информатика, химия, биология, физика, география пәндері мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарын өткізді.

Курсты 6 602 мектеп педагогы аяқтады.

Курс бағдарламасы бес модульден тұрды, оның ішінде сабақ тақырыптарына қатысты шолу дәрістері, презентациялық теориялық материалдар және бекітуге арналған практикалық тапсырмалар. Мұғалімдер курс барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту және өз бетінше әзірленген тапсырмаларды дамыту бойынша алдыңғы жылдардағы халықаралық зерттеулердің тапсырмалардың үлгілерін пайдалана отырып, сабақтарды жоспарлауды үйренді, оқушылардың математикалық/жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамытуға ықпал ететін тәсілдер мен әдістерді зерттеді.

10-диаграмма. 2021 жылы функционалдық сауаттылықты дамытудан онлайн курстарға қатысқан мемлекеттік мектептердің педагогтері



«Тиімді оқыту» оқыту мен оқудың әдістемесі мен технологиялары бойынша білім беру бағдарламасы

ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығымен бекітілген Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес ПШО жыл сайын жаңартылған деңгейлік бағдарламалар бойынша педагогтердің біліктілігін арттырудың ұзақ мерзімді курстарын өткізеді. 2021 жылы «Тиімді оқыту» бағдарламасына қатысты курстар өткізілді.

Оқыту мен білім берудің әдістемесі мен технологияларына қатысты курс бағдарламаларының мазмұны метапәндік сипатымен ерекшеленеді: мұғалімдер оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдерін пайдалануды, сыни ойлауды, сабақты жоспарлауда оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алуды, сабақта АКТ пайдалануды үйренеді.


ПШО бағдарламаларына мониторинг жасау нәтижелеріне және олардың дамуы

деректеріне сәйкес курстардың тиімділігі жақсы деңгейде болып тұр. Осы курстардың нәтижесінде сыныптардағы жұмыс тәжірибесін жетілдіру үдерісін терең түсінетін, педагогикалық идеялармен алмасу мақсатында әріптестерімен белсенді жұмыс істеу дағдысы дамыған сертификатталған мұғалімдердің қатары толықты.

2021 жылы ПШО және оның филиалдары «Тиімді оқыту» бағдарламасы бойынша курстарды 800 педагог аяқтады. Оқыту онлайн режимінде ұйымдастырылды (11-диаграмманы қараңыз).

2012-2021 жылдар аралығында деңгейлік курстарды 74 926 педагог аяқтады (ҚР-дағы педагогтер санының 22,5%-ы), оның ішінде ПШО базасында - 35 130 адам (10,8%) және 2012-2018 жылдар аралығында «Өрлеу» «БАҰО» АҚ базасында - 39 796 адам (11,7%).

11-диаграмма. 2021 жылы әдістеме және технология бағдарламалары бойынша ПШО курстарындағы педагог мамандардың саны



ВБағдарламаларды жүзеге асырудың 9 жылы ішінде (2012-2021 жж.) ПШО және оның филиалдары базасында курстан **35 130 мұғалім** өтті (11-кестені қараңыз).

11-кесте. 2012-2021 жылдары жаңартылған деңгейлік бағдарламалар бойынша оқудан өткен мұғалімдер саны.

№	Бағдарламалардың атауы	Оқуды аяқтағандар саны (адам)										
		барлығы	оның ішінде									
			2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
1	Үшінші (негізгі)/ «Тиімді оқыту»	11 501	1 053	1 147	1 004	1 949	1 781	1 312	1 173	1 282	-	800
2	Екінші (негізгі)/ «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы»	7 613	-	997	999	173	1 420	1 363	1 061	800	800	-
3	Бірінші (жетік) «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалімнің көшбасшылығы»	16 016	-	3 093	3 101	2 871	2 995	2 940	514	502	-	-
БАРЛЫҒЫ:		35 130	1 053	5 237	5 104	4 993	6 196	5 615	2 748	2 584	800	800

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламалары

Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламалары ПШО мен оның Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Орал қалаларындағы филиалдардың ұзақ мерзімді курстарында жүзеге асырылады.

2021 жылы курстар екі бағыт бойынша өткізілді:

- жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша (9-айлық бағдарлама) 998 адам, оның ішінде 2020 жылы оқуды бастаған 497 адам толық курсты бітірді және 501 адам қашықтан оқытуды аяқтап, меңгерілген материалды енгізе отырып, мектепте тәжірибеден өтуде; толық курсты аяқтау

2022 жылға жоспарланып отыр (12-диаграмманы қараңыз);

- «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» бағдарламасы бойынша қашықтан оқытуды 1004 адам аяқтады және мектепте тәжірибеден өтуде. Толық курсты аяқтау 2022 жылға жоспарланып отыр.

Курстар мектеп ауқымын ескере отырып, көшбасшылық және менеджмент, білім беру үдерістерін стратегиялық жоспарлау және болжау саласындағы қазіргі заманғы басшылардың негізгі құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

2014-2021 жылдар аралығында білім берудегі көшбасшылықты және менеджментті дамыту бойынша ұзақ мерзімді курстармен 8 141 мектептің басшы қызметкерлері қамтылды (12-кестені қараңыз).

12-кесте. 2014-2021 жж. ПШО курстарындағы мектеп басшыларының саны

Тыңдаушылар санаты	Оқуды аяқтағандар саны (адам)								
	барлығы	оның ішінде							
		2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.


Толық курсты аяқтау

Басшылар	6 636	583	660	1 396	1 535	249	1 188	528	497
----------	-------	-----	-----	-------	-------	-----	-------	-----	-----

Аралас оқытуды аяқтау (мектепте тәжірибеден өту) 2021 ж.

Басшылар	1 505								1505
БАРЛЫҒЫ:	8 141	583	660	1 396	1 535	249	1 188	528	2 002

12-диаграмма. 2014-2021 жж. ПШО курстарындағы мектеп басшыларының саны



ЖОО мен колледждердің профессорлық-оқытушы құрамына арналған оқыту бағдарламалары

ПШО мектепке дейінгі және орта білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарымен қатар жеті жыл бойы жоғары оқу орындары мен колледждердің профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру курстарын белсенді түрде өткізіп келеді.

Зияткерлік мектептердің тәжірибесін ПШО-ның курстық іс-шаралары шеңберінде жоғары оқу орындары мен колледждер жүйесіне тарату білім беру деңгейлері (мектепке дейінгі, орта, кәсіптік-техникалық және жоғары) арасындағы сабақтастықты дамытуға және жаңа жағдайларда педагог кадрларды даярлау сапасына бағытталған.

ЖОО мен колледждердің ПОҚ үшін біліктілікті арттыру курстары 2021 жылы екі бағыт бойынша онлайн форматта ұйымдастырылды:

- оқыту мен оқу әдістемесі мен технологиялары бойынша,
- кәсіби және зерттеу дағдыларын дамыту бойынша.

Сонымен қатар ПШО 2021 жылы жаратылыстану-ғылыми циклы және математика пәндерінен жоғары сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бағдарламалары бойынша курстарды онлайн форматта жалғастырды. Оқыту 7 оқу күні, 56 академиялық сағат онлайн форматта ПШО ҚОЖ және ZOOM платформаларында жүргізілді (13-диаграмманы қараңыз).

13-диаграмма. 2021 жылы ПШО курстарындағы ЖОО-лар мен колледждердің ПОҚ саны



ПШО еліміздің мемлекеттік жоғары оқу орындарымен және колледждерімен жеті жылдық (2015-2021 жж.) ынтымақтастығы ішінде **7 512** педагог оқудан өтті, оның ішінде ЖОО-дан - **2 403** адам, колледждерден - **5 109** адам (13-кестені қараңыз).

13-кесте. 2015-2021 жылдардағы ПШО курстарындағы ЖОО мен колледждердің ПОҚ саны

№	Білім беру ұйымы	2015-2021 жж.	Оның ішінде жылдар бойынша (адам)						
			2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
1	ЖОО	2 403	298	284	155	572	431	433	230
2	Колледждер	5 109	0	250	150	552	429	2700	1028
БАРЛЫҒЫ		7 512	298	534	305	1124	860	3 133	1 258

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары шеңберінде бағалау

ПШО педагогтердің бағдарламалар мазмұнын меңгеру және сертификаттау деңгейін анықтау мақсатында біліктілікті арттыру курстарының 7 бағдарламасы бойынша тәуелсіз бағалау рәсімдерін жүргізеді.

Бағалауға оқыту мен бағалауда жаңа тәсілдерді жоспарлау және қолдану бойынша рефлексияны көрсететін портфолио мен презентациялар ұсынылады. 2021 жылы 23 267 педагогтің материалдары бағалаудан өтті, оның ішінде 21 164 (90,96%) сертификаттауға ұсынылды (14-кестені қараңыз).

14-кесте. Курс бағдарламалары бойынша педагог мамандардың саны

Бағдарлама	бағалаудан өтті	сертификатталды
Тиімді оқыту	800	593 (74,12%)
Жалпы білім беретін мектеп басшыларына арналған курстар	498	434 (87,2%)
Орта білім мазмұнын жаңарту курстары	5 568	5 176 (92,96%)
Пәндер бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау»	9000	8 091 (90%)
Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курстар	3 495	3 237 (92,62%)
Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың мектепалды даярлығын ұйымдастыру жөніндегі білім беру бағдарламалары педагогтеріне арналған курстар	2 000	1 813 (90,65%)
Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курстар	1 906	1 820 (95,5%)
Барлығы*	23 267	21 164 (90,96%)

Бұрын сертификаттауға ұсынылмаған 863 педагогке бағалау рәсімдері қайта өткізілді (15-кестені қараңыз).

15-кесте. Оқу бағдарламалары бойынша қайта бағалаудан өткен педагогтер саны

Бағдарлама	бағалаудан өтті	сертификатталды
Тиімді оқыту	18	8 (44,4%)
Жалпы білім беретін мектеп басшыларына арналған курстар	9	6 (66,7%)
Орта білім мазмұнын жаңарту курстары	328	288 (87,80%)
Пәндер бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау»	233	202 (86,6%)
Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курстар	145	97 (66,90%)
Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың мектепалды даярлығын ұйымдастыру жөніндегі мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру бағдарламалары педагогтеріне арналған курстар	28	25 (89,29%)
Мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына арналған курстар	33	33 (100%)
Барлығы*	794	659 (82,99%)

Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарын қашықтан оқыту форматына ауыстыруға байланысты бағалау бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттарға өзгерістер енгізілді. «Мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы тиімді менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына арналған біліктілікті арттыру курсы шеңберінде Жиынтық бағалауды ұйымдастыру және өткізу ережелері әзірленді

және бекітілді, мектепке дейінгі ұйым басшыларының презентацияларын бағалау бойынша бейненұсқаулық қазақ және орыс тілдерінде әзірленді.

2021 жылы бағалау рәсімдері порталының (<http://portal.cpi-nis.kz/>) жұмысы оңтайландырылды және кеңейтілді:

– қатысушылар бағалау рәсіміне өз бетінше тіркеле алады;

– бағалауға арналған педагогтердің материалдарының жүктелу мәртебесі көрсетіледі;

– педагогтердің материалдарын дестелі түрде жүктеп алу мүмкіндігі;

– бағалау нәтижелері бойынша айдарларды электронды түрде толтыру.

ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ тренерлерін бағалау рәсімдерін түсіндіру, тәсілдемелерді стандарттау және педагогтердің материалдарын бағалау критерийлерінің бірыңғай түсінігін қалыптастыру бойынша іс-шаралар өткізу арқылы әдістемелік қолдау жүзеге асырылды:

– орта білім мазмұнын жаңарту курстары, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін балаларды мектепалды даярлау бойынша 3 вебинар;

– оқытудың барлық бағдарламалары бойынша тренерлерге арналған 90-нан астам жеке және топтық кеңестер.

Тренерлерді бағалау тәжірибесін қолдау және сындарлы кері байланыс ұсыну мақсатында «Turnitin» онлайн сервисін пайдалана отырып, педагогтердің портфолиосын плагиатқа тексеру жұмысы жалғастырылды (16-кестені қараңыз).

16-кесте. Оқу бағдарламалары бойынша материалдарды плагиатқа тексеру нәтижелері

Программа	Есептер саны	Қалыптастырушы бағалау	Жиынтық бағалау
	тексерілді	плагиат табылды	плагиат табылды
Тиімді оқыту	2454	404 (16,46%)	307 (12,51%)
ҚР жалпы білім беретін мектеп басшыларына арналған курстар	3042	673 (22,12%)	353 (11,60%)
Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курстар	3640	745 (20,47%)	216 (5,93%)
Барлығы*	9136	1822 (19,94%)	876 (9,59%)

Қалыптастырушы бағалау кезеңінде нәтижелеріне сәйкес «Тиімді оқыту» бағдарламасы бойынша тыңдаушылардың плагиат көрсеткіші 16,46%-ды, ҚР жалпы білім беретін мектептерінің басшыларына арналған курс тыңдаушылары бойынша 22,12%-ды, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курс тыңдаушылары бойынша 20,47%-ды құрады. Жиынтық бағалау кезеңіндегі нәтижелерге сәйкес бұл көрсеткіш «Тиімді оқыту» бағдарламасы бойынша тыңдаушылардың 12,51%-ын, ҚР жалпы білім беретін мектептерінің басшыларына арналған курс тыңдаушыларының 11,60%-ын, мектепке дейінгі ұйымдардың

педагогтеріне арналған курстар бойынша тыңдаушылардың 5,93%-ын құрады.

Академиялық адалдық қағидаттарын қолдау және плагиатқа жол бермеу, сондай-ақ бағалауға ұсынылған жұмыстарда ақпарат көздерін пайдалануды түсіндіру мақсатында біліктілікті арттыру курстарының тренерлері мен тыңдаушыларына арналған вебинар өткізілді.

Педагогтер бағалауға ұсынған материалдардың сапасын талдау нәтижелеріне сәйкес педагогтердің 9,31%-ы «қанағаттанарлықсыз», 87,19%-ы «қанағаттанарлық», 3,51%-ы «жақсы» деген баға алды (17-кестені қараңыз).

17-кесте. Оқу бағдарламалары бойынша педагогтердің материалдарын бағалау нәтижелері

Оқыту орталығы	Бағдарлама	барлығы	баға					
			қанағаттанар-лықсыз		қанағаттанар-лық		жақсы	
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ және ДББҰ филиалдары	Тиімді оқыту	818	217	26,5%	575	70,29%	26	3,1%
	ҚР жалпы білім беру ұйымдарының басшыларына арналған курстар	507	67	13,3%	409	80,7%	31	6,2%
	Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курстар	3 640	306	8,4%	3290	90,38%	44	1,22%
	Мектепке дейінгі ұйымдардың балаларды мектепалды даярлау бойынша педагогтеріне арналған курстар	2 028	190	9,37%	1820	89,74%	18	0,89%
	Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау	9 233	940	10,2%	7716	83,6%	577	6,2%
	Мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына арналған курстар	1 939	86	4,4%	1 803	93%	50	2,6%
«Өрлеу» БАҰО	ҚР орта білім мазмұнын жаңарту курстары	5 896	432	7,32%	5366	91,02%	98	1,66%
Барлығы*		24 061	2238	9,31%	20 979	87,19%	844	3,51%

«Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» бағдарламасы бойынша 165 педагогтің материалдары ЖӘК сайтындағы «Жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің материалдары» бөліміне жүктелген және еліміздің барлық мұғалімдеріне пайдалануға ұсынылады.

4.4 Курстық оқыту сапасына мониторинг жасау

Озық педагогикалық тәжірибені тарату сапасын басқару жүйелі мониторингтік зерттеулер арқылы жүзеге асырылады, оны ПШО барлық негізгі кезеңдерде жүргізеді: курсалды кезеңде мұғалімдердің нақты кәсіби проблемалары мен үздік тәжірибені жалпылау мен жүйелеудегі қажеттіліктері зерттеледі; курстық оқыту кезеңінде оқыту мазмұнының алдын ала анықталған

күтілетін нәтижелер мен талап-тілектерге қатысты сәйкестік дәрежесі зерттеледі. Курстан кейінгі кезеңде үздік педагогикалық тәжірибені күнделікті тәжірибеге кіріктіру тиімділігіне мониторинг жүргізіледі.

Бұл зерттеулер 2012 жылдан бастап жыл сайын жүргізіледі. 2021 жылы жалпы 34 зерттеу жүргізілді. Олардың әрқайсында респонденттерді іріктеу репрезентациялық нормалар аясында жүргізіледі немесе 100% қамтуға сәйкес келеді.

Зерттеу түрлеріне сәйкес респонденттердің жалпы саны 18-кестеде көрсетілген.

18-кесте. 2021 жылы мониторингтік зерттеулердің қорытындылары бойынша респонденттерді қамту.

№ р/с	Зерттеу түрі	Респонденттерді қамту	Зерттеу жобаларының саны
1.	Курсалды	35 985	16
2.	Курстық	35 221	10
3	Курстан кейінгі	40 443	8
БАРЛЫҒЫ:		111 649	34

Респонденттердің ішінде:

- НЗМ басшылары мен педагог қызметкерлері;
- жетекші мектептердің басшылары мен мұғалімдері;
- мектеп мұғалімдері, оның ішінде мектеп тренерлері;
- мектепке дейінгі ұйымдардың оқыту мен тәрбиелеудің меңгерушілері, әдіскерлері, тәрбиешілері;
- жалпы білім беру ұйымдарының басшылары;
- ПШО тренерлері;
- мектеп оқушылары;
- оқушылардың ата-аналары;
- ЖОО мен колледждердің профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері;
- ҚР БҒМ БҒСБК өкілдері.

Мониторингтік зерттеулердің нәтижелері жыл сайын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының мониторингтік зерттеулері» сериясының кітаптары мен кітапшаларында жарияланады (ISBN 978-601-7780-05-04).

2021 жылы 12 кітап пен 5 кітапша жарық көрді.

Қазіргі педагогикада беделді авторлар жүргізген және дәлелді сипаттағы ауқымды және көпжылдық зерттеулердің нәтижелері мониторингтік зерттеулердің ғылыми негізі болып табылады:

1. Оқушылардың оқу сапасына әсер ететін факторлар: *оқушының өзі; оның отбасы; сыныбы; мұғалім* (Дж. Хэтти). Тиісінше, осы адамдар зерттеу объектілері болып табылады.

2. Мұғалімнің әлеуметтік капиталының деңгейі тұрақты кәсіби дамудың кепілі бола алады (Кэрри Р. Леанның ғылыми-практикалық зерттеуі).

3. Мектептерді жетілдіру құрамдас бөліктердің жиынтығынан тұратын мектептердің ұжымдық әлеуетін дамытуға бағытталған жағдайда мүмкін: *мектепті басқару; мұғалімдердің кәсіби әлеуеті; мектеп мәдениеті және оқыту ортасы; бірыңғай білім беру саясаты және тиімді ресурстар жүйесі* (М.Фуллан).

Жетекші мектеп педагогтерінің кәсіби әлеуетін арттыру мониторингі

«Жетекші мектептер» тетігінің сәтті жұмыс істеуі 2018 жылдан бастап жыл сайын жүргізілетін жүйелі мониторингтік зерттеулермен қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда 5 мониторингтік зерттеу жүргізілді.

2021 жылы қашықтан оқыту жағдайында жетекші мектеп педагогтерінің кәсіби әлеуетін анықтауға қатысты зерттеулер жүргізілді, екінші зерттеу барлық 5 зерттеуді қорытындылауға арналған және жетекші мектептерді өңірдегі мектептерде болып жатқан өзгерістердің тетігі ретінде қарастырады.

4.5 Педагог кадрларға курстан кейін әдістемелік қолдау көрсету

ДББҰ бастамасымен 2015 жылы ҚР жалпы білім беру ұйымдарының педагог кадрларының қызметіне курстан кейін әдістемелік қолдау көрсету бойынша қолдау алаңдары – Жетекші мектептер белгіленді. Көшбасшылық қызметті атқаратын Жетекші мектептер базасында оларға аумағы жағынан бекітілген мектеп педагогтердің кәсіби қауымдастықтары – серіктес мектептер құрылды.

Жетекші мектептер құрудың негізгі идеясы – мектептер желісі ішіндегі коллаборация, мектепаралық қоғамдастықтар арқылы

мұғалімдердің жүйелі кәсіби дамуы, сапалы оқыту мен оқу үшін неғұрлым ауқымды білім қорына қолжетімділікті кеңейту.

Жетекші мектептердің жұмысы ҚР БҒМ құжаттарымен реттеледі («Орта білім мазмұнын жаңартуды қолдау мектептерінің қызметін ұйымдастыру туралы», ҚР БҒМ нұсқаулық хаты, 2018 ж). Жетекші мектептердің тізімін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстық білім басқармалары жыл сайын бекітеді. Жетекші мектептердің қызметіне әдістемелік қолдау

көрсету жөніндегі жұмыс мектептердің өздерінің кәсіби қажеттіліктерін зерттеу нәтижелеріне негізделген.

Өңірдегі басқа мектептермен серіктестік жүйесінде жұмыс істеуге дайын жаңа мектептерді анықтау есебінен Жетекші мектептердің саны жыл сайын артып келеді. 2021 жылы 1 711 Жетекші мектеп болды, бұл ҚР жалпы білім беретін мектептерінің жалпы санының 25%-ын құрайды (19-кестені қараңыз).

19-кесте. Жетекші мектептердің саны

№	Өңір	ҚР бойынша мектептер	оның ішінде	
			жетекші мектептер	серіктес мектептер
1	Нұр-Сұлтан қ.	90	30	60
2	Алматы қ.	207	40	167
3	Шымкент қ.	139	30	109
4	Ақмола облысы	551	117	434
5	Ақтөбе облысы	403	116	287
6	Алматы облысы	760	220	540
7	Атырау облысы	195	42	153
8	Шығыс Қазақстан облысы	646	190	456
9	Жамбыл облысы	442	100	342
10	Батыс Қазақстан облысы	377	114	263
11	Қарағанды облысы	504	108	396
12	Қостанай облысы	488	98	390
13	Қызылорда облысы	293	70	223
14	Маңғыстау облысы	142	38	104
15	Павлодар облысы	355	52	303
16	Солтүстік Қазақстан облысы	468	108	360
17	Түркістан облысы	899	238	661
Барлығы		6957	1711	5 246

Жетекші мектептер серіктес мектептер үшін өсу алаңына айналды. Себебі олардың жұмысы оқыту сапасын жақсарту үшін білім беру ортасын белсенді дамытуға, командалық жұмыстың шабыттандыратын үлгісін көрсетуге, тиімді әдістемелік жұмыс тәжірибесін апробациялауға және басқаларға ұсынуға бағытталған.

Жетекші мектептердің мектепішілік әдістемелік жұмыс жүйесін құру үшін құрамында **59 326 мектеп тренері жұмыс істейтін мектептің әдістемелік активі құрылды**. Жетекші мектептердің мектептегі әдістемелік активіне ересек аудиториямен жұмыс істеу дағдыларын үйрету және осы бағытта оқыту мақсатында мұғалімдерге кері байланыс бере отырып, сабақтарға бақылау жүргізуді, жеке және топтық коучингтер, педагогтердің қажеттіліктері бойынша оқыту семинарларын өткізуді қамтитын «әдістемелік десанттар» белсенді түрде жүргізіледі. Бұл тәсіл бір уақытта бүкіл мектеп ұжымын кәсіби даму үдерісіне тартуға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, әрбір жетекші мектеп оған аумағы жағынан бекітілген серіктес мектептермен дәл осындай әдістемелік жұмыс жүргізеді. Жетекші мектеп жұмысы барысында ПШО тренерлері 62 058 әдістемелік іс-шара өткізді.

Жетекші мектептер желісін құру мектепаралық қоғамдастықтар арқылы мұғалімдердің жүйелі және құрылымдалған түрде кәсіби жағынан дамуына жағдай жасауға, анағұрлым сапалы оқыту мен оқу үшін кәсіптік білімнің кең қорына қол жеткізуге мүмкіндік берді.

2017 жылдан бастап Жетекші мектептердің қызметі жинақталып, инновациялық тәжірибемен алмасудың өңіраралық алаңдарында көрсетіледі. Осылайша, 2020 жылы 17 өңірдің Жетекші мектептері 5 ірі өңіраралық форумдарға біріктірілді. Бұл жұмыс өз тиімділігін көрсетті, себебі Жетекші мектептер желілік орталықтар ретінде кәсіби педагогикалық қоғамдастықтарда жұмыс істеу үшін барынша кең байланыстар орнату арқылы басқа салалардағы әріптестермен ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік алды.

2018 жылдан бастап ПШО тұрақты негізде жетекші мектептердің өңірдегі мектептерімен ынтымақтастық орнату тәжірибесін зерттеп келеді. Ол үшін әртүрлі әдістер қолданылады: сауалнама, сұхбат, фокус-топтар. Алынған деректердің дәйектілігін қамтамасыз ету үшін тек Жетекші мектептер ғана емес, сонымен қатар әдістемелік көмек көрсетілетін серіктес мектептердің педагогтері де осы зерттеуде қамтылды. Негізгі идеямен байланысты барлығы 5 зерттеу жүргізілді: үздік практикаларды және серіктес мектеп педагогтерінің әлеуетін арттырудағы көшбасшылық бағдарын растайтын дәлелдеу базасын жинау.

Зерттеу нәтижелері әртүрлі халықаралық және республикалық ғылыми іс-шаралар аясында бірнеше рет талқыланды. Оларды педагогикалық қоғамдастық мойындады және білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында осы тетікті құру дұрыс шешімдердің бірі болды, өйткені ол сандық және сапалы қайта құру үдерістеріне ықпал етеді деген негізгі қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Мысалы, «Мың бала» республикалық мәдени-ағарту жобасы байқауында үздік атанған 10 ауылдық мектептің 7-уі Жетекші мектептер болып табылады, бұл оқушылардың оқу сапасын жақсартуда басқа мектептермен қоғамдастықта оқыту және оқу мәселелерін зерделеу бойынша олардың көшбасшылық ұстанымын тағы да растайды. ПШО қалған 3 мектепті келесі оқу жылынан бастап өз өңірі үшін Жетекші мектептер ретінде дайындайды.

2022-2023 жылдарға Жетекші мектептермен жұмыстың келесі басым бағыттары анықталды:

1. Оқыту және кәсіби өзара әрекет ету үдерісінде АКТ-дағдыларын дамыту; педагогтердің пәндік білімін және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту дағдыларын тереңдету; мектептің дамуын басқару бойынша мектеп командаларының әлеуетін, оның ішінде басшылардың кадрлық резервін даярлау арқылы арттыру.

2. Жаңа (жыл сайын қосылатын) Жетекші мектептердің ішкі әлеуетін келесі

бағыттар бойынша тәжірибелі мектептер деңгейіне көтеру жұмысы жалғастырылды: оқыту әдістемесі мен технологиялары, критериялды бағалау жүйесі, зерттеу тәжірибелері.

3. ДББҰ Даму стратегиясына сәйкес педагогтердің кәсіби өзара әрекеттесуі үшін платформаны қолдау және дамыту.

Жетекші мектептердің педагог кадрларының қызметіне курстан кейін әдістемелік қолдау көрсету

Педагог кадрлардың қызметіне курстан кейін әдістемелік қолдау көрсету тетігі «жоғарыдан төмен қарай» сызбасына негізделген:

ПШО - ЖЕТЕКШІ МЕКТЕП - СЕРІКТЕС МЕКТЕП.

Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты курстан кейінгі әдістемелік қолдау 2020 жылдан бастап қашықтан жүзеге асырылуда, бұл еліміздің алыс өңірлеріндегі педагогтердің көбірек санын қамтуға мүмкіндік берді.

Педагог кадрлардың қызметіне курстан кейін әдістемелік қолдау көрсету мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- оқыту мазмұны және бағалау жүйесі мәселелері,
- оқыту әдістемесі мәселелері,
- зерттеу тәжірибесі,
- тәрбие жұмысын ұйымдастыру,
- басқару мәселелері.

1. Оқыту мазмұны мен бағалау жүйесі мәселелері бойынша педагог кадрлардың қызметіне курстан кейін әдістемелік қолдау көрсету.

2021 жылы осы бағытта конструктивті кері байланысты ұсына отырып, мұғалімдердің сабақтарын бақылау бойынша әдістемелік десанттарды өткізу және мұғалімдердің тәжірибесінде орын алатын проблемалық мәселелер бойынша кейіннен вебинарларды өткізу басым бағытқа айналды.

Өңірлердегі іс-шаралардың мысалдары:

Әдістемелік десант аясында ПШО тренерлері Нұр-Сұлтан қаласы мектептерінің

700-ден астам мұғалімдерінің сабақтарына бақылау жүргізді. Бақылау алдында онлайн сабақтарды бақылау парақтарын әзірлеу, бақылау фокусын анықтау, үдерісті ұйымдастыру тетігін анықтау бойынша алдын-ала әдістемелік дайындық жүргізілді. Сабақты бақылау қорытындысы бойынша мектеп әкімшілігі, мұғалімдер үшін мектеп тәжірибесін жетілдіруге бағытталған конструктивті ұсыныстар мен қорытындылар ұсынылды. Сабақтарды бақылау үдерісінде анықталған проблемаларды жою бойынша елорда мұғалімдері үшін келесі тақырыптар бойынша вебинарлар топтамасы өткізілді: «Қалыптастырушы бағалау», «Барлық оқушыларды белсенді оқытуға тарту», «Қашықтан оқытудағы кері байланыс».

ПШО тренерлері Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығымен бірлесіп елордалық мектептердің пән мұғалімдері үшін «Жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу кезінде нені ескеру қажет?» атты онлайн семинар өткізді. Пән мұғалімдері мектептегі тәжірибе барысында туындайтын мәселелерді талқылады, жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу ерекшеліктерін талдады, қорытынды тапсырмаларды әзірлеу кезінде туындайтын мәселелерді талқылады.

2. Оқыту әдістемесі мәселелері бойынша педагог кадрлардың қызметіне курстан кейін әдістемелік қолдау көрсету.

Жалпы білім беретін мектептердің қашықтан оқыту форматына көшуіне байланысты ПШО тренерлері онлайн форматта тиімді оқу және оқыту бойынша оқыту іс-шараларын жалғастырды. Сабақты бақылау арқылы келесі проблемалар мен қиындықтар анықталды:

- қалыптастырушы және жиынтық бағалауды ұйымдастыру және өткізу,
- тиімді цифрлық ресурстарды пайдалану,
- онлайн режимде оқу материалын ұсыну формалары мен әдістері,
- қысқа мерзімді жоспарлау: онлайн сабақтағы мақсаттарды саралау,
- оқушыларға тиімді кері байланыс беру.

Мұғалімдердің осы қажеттіліктеріне сәйкес қашықтан оқытуды жүзеге асыру үшін қажетті педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған оқыту іс-шаралары әзірленді және өткізілді.

ПШО Жетекші мектептер үшін қашықтан оқытуды ұйымдастырудың өзекті мәселелері бойынша бірқатар іс-шараларды өткізді: «Қашықтан оқыту кезінде команданы қалай басқаруға болады?», «Қашықтан оқыту жағдайында ZOOM-ды тиімді пайдалану», «Критерийлерге сәйкес оқытылатын пәндер бойынша тапсырмалар мен дескрипторларды құрастыру», «Қашықтан оқыту жағдайында оқытудың тиімділігін қалай бағалау керек?», «Балаларды қашықтан оқытуға қалай қызықтыруға болады?», «Қашықтан оқыту жағдайында оқушыларды оқуға ынталандыру жолдары» және т.б.

Вебинарлар түрлі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (Padlet, Miro, Jamboard, Google-формалар, Microsoft - forms, AnswerGarden, Quizziz және т.б.) қолдану көмегімен өтті. Бұл мұғалімдердің оқу үдерісіне жоғары деңгейде қатысуына мүмкіндік берді, сондай-ақ оқу материалына деген қызығушылығын арттырды.

Сондай-ақ, осы бағытта жас педагогтармен жұмыс істеуге баса назар аударылды.

Өңірлердегі іс-шаралардың мысалдары:

Алматы қаласындағы ПШО филиалында қашықтан оқыту жағдайында тиімді жұмысты ұйымдастыру мәселелеріне қатысты жас мамандарды кәсіби тұрғыдан қолдауға бағытталған «Жас педагогтер қауымдастығы» жобасы жұмыс істейді.

Ақтөбе қаласындағы ПШО филиалы Ақтөбе облысындағы «Жасқанат» макро-жобасының бастамашысы болды, бұл облыстағы жас мамандардың әлеуетін бекіту және мұғалім мамандығын дәріптеуге қатысты жаңа табысты жұмыстың бастамасы болды. Макрожобаға 3 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар Жетекші мектептердің жас мұғалімдері тартылған. Макрожоба келесі жолдар арқылы жүзеге асырылады:

- «Мұғалімнің шеберлігі – оқушының жетістігі» атты ортақ тақырыбы бар тұрақты

жұмыс істейтін педагогикалық шеберханаларды ұйымдастыру;

- Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің педагогикалық факультеттерінің IV курс студенттерімен жұмыс;

- «Цифрлық тәлімгер» Жетекші мектептерінің қызметі аясында жас мамандардың жұмысын қолдау;

- «Неліктен мен мұғаліммін?» - «Педагогикалық қонақжайда» педагогика мамандығының шеберлерімен кездесулер ұйымдастыру;

- «Мен мұны жақсы білемін...»: жас мұғалімдердің тәжірибесін көрсету;

- жас мұғалімдер арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін «Тең теңімен» ашық алаңы;

- мектеп директорлары арасында тәжірибе алмасуды ұйымдастыру. «Көшбасшылық мектебі» алаңы.

Жоба жастарды қолдауға бағытталған, онда мамандықтың қыр-сырын меңгеруге бағытталған бағыттар қарастырылған, әдістемелік көмекпен қамтамасыз ететін педагог-тәлімгерлер, облыстың тәжірибелі тренерлері, үздік Жетекші мектептердің директорлары тартылған.

Өскемен қаласындағы ПШО филиалы облыстың жас педагог мамандарымен белсенді жұмыс жүргізді. Осы жұмыс аясында педагогикалық хакатон ұйымдастырылды. Педагогикалық хакатон – педагог мамандардың марафоны, оның барысында әртүрлі пән мұғалімдері педагогикалық мәселені (кейсті) шешу мақсатында бірлесіп жұмыс істейді. Хакатонды «жеке сынақ» ретінде емес, командалық жұмыс ретінде қарастырған жөн. Нәтижесінде жеке адам емес, команда жеңеді және ұтылады. Хакатонның мақсаты – заманауи сабақты жоспарлау тәсілдерінің мағынасын қолдана отырып, оқу шарасының жоспарын әзірлеу.

Ақтау қаласындағы ПШО филиалы қашықтықтан оқыту жағдайында серіктес мектептермен тиімді жұмысты үйлестіру бойынша Жетекші мектептердің жас педагогтарына үздіксіз кәсіби қолдау көрсетуге бағытталған «Жаңғыру жолына – жас маман» жобасын іске асыруда.

Нұр-Сұлтан қаласының ПШО тренерлері жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту аясындағы вебинарлар сериясын өткізді. Вебинарлар аясында мұғалімдер зерттеу тапсырмаларын құрудың ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды құрастырды және сабақта оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру тәсілдерімен бөлісті.

Өскемен қаласындағы ПШО филиалы «Шығыс» РО-мен бірлесіп Шығыс Қазақстан облысының жалпы білім беретін ұйымдарының бастауыш сынып мұғалімдерінің форумын ұйымдастырды. Форум алаңдарында педагогтар бастауыш мектеп жасындағы балалардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселелерін талқылады, өмірге қажетті құзыреттілікті дамытудың табысты практикаларымен алмасты.

«Жалпы білім беретін мектеп жағдайында инклюзивті оқыту» атты облыстық семинар ұйымдастырылып, мұнда қатысушылар жалпы білім беретін мектеп жағдайында мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және білім берудің инклюзивті ортасын құру тәжірибесімен алмасты.

Петропавл қаласындағы ПШО-ның филиалы әдістемелік күндер шеңберінде жұмыс істеген Жас педагогтің виртуалды мектебін ұйымдастырды, онда офлайн және онлайн форматта сабақтарды жоспарлау, критериялды бағалау, тапсырмаларды әзірлеу, саралап оқыту және сабақ беру мәселелері қаралды.

Мұғалімдер бірлесіп талқылау барысында кәсіби мәселелерді шешіп, мектеп практикасындағы өзекті мәселелерді талқылау үшін қоғамдастықты ұйымдастырды.

3. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша педагог кадрлардың қызметін курстан кейін әдістемелік қолдау

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясына негізделген тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша педагог кадрлардың қызметін курстан кейінгі әдістемелік қол-

дау «Шаңырақ», «Туған елге тағзым», «Кураторлық», «Кәсіби бағдар», «Мектептік өзін-өзі басқару», «Кітапхананың тиімді жұмысы» НЗМ жобаларын мәселелері бойынша жалпы білім беретін мектептерге: кіріктірумен тыңыз байланысты.

Қашықтықтан оқыту кезеңінде оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, «тәуекел тобының» оқушыларымен және олардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру, әрбір оқушының әл-ауқатын жақсарту бойынша жүйені құру мәселелері бойынша директорлардың орынбасарларына, мұғалімдерге арналған, НЗМ психологтарымен және кітапханашыларымен бірлесіп өткізілетін вебинарлар маңызды болып саналады және ҚР жалпы білім беретін мектептерінің педагогтері үшін сұранысқа ие.

ҚР білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін **«Эмоциялар - өмір - мамандық» каникулдық онлайн мектебі ұйымдастырылды.** Бағдарлама пандемия жағдайында педагогикалық қызметтің тиімділігі мен өмір сүру сапасын арттыру үшін өз эмоцияларын түсіну және басқару әдістері мен тәсілдерін пысықтау арқылы педагог-психологтардың психологиялық құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Өткізілген онлайн-тренингтер түсіну дағдыларын дамытуға, мұғалімдердің өз эмоциялары мен алаңдағанын көрсетуге; эмоционалды жағдайын басқаруға; күйзеліс жағдайларында өзін-өзі реттеу мен бақылауға және т.б. бағытталған.

Өңірдегі іс-шаралардың мысалдары:

Алматы қаласындағы ПШО филиалының тренерлері Алматы облысының шағын жинақталған мектептерінің әлеуетін ашу бойынша тәрбие жобалары мен оқыту іс-шараларын тұрақты түрде жүзеге асыруда. Атап айтқанда, «25 кітап, 25 ән» жобасы қаланың Жетекші мектептерінде үлкен қызығушылық тудырады, табысты іске асырылуда және өз нәтижелерін беруде.

Өскемен қаласындағы ПШО филиалы «Мектепте қауіпсіз және жайлы орта құру:

буллинг пен кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында облыстық семинар өткізді. Семинарда педагогтер мен ата-аналарға әр баланың табысты дамуы үшін қолайлы жағдай жасауда көмек көрсету, психофизиологиялық денсаулықты сақтау мәселелері қарастырылды. Сынып жетекшілерін, психологтарды отбасылық тәрбие, жасөспірім кезіндегі қауіпті мінез-құлықтың алдын алу мәселелерінде әдістемелік қолдау мақсатында «Мен – жасөспірімнің ата-анасымын. Жасөспіріммен қалай араласу және оған көңіл толу үшін не қажет?», «Заманауи түлек» тақырыптары бойынша жүйелі вебинарлар сериясымен бірге «Махаббаттың бес тілі. Өз балаңды қалай түсіну қажет?» оқыту семинары өткізілді.

4. Зерттеу практикалары бойынша педагог кадрларының қызметін курстан кейінгі әдістемелік қолдау.

ПШО «Сабақты зерттеу» тәсілдерін өз тәжірибесіне де, серіктес мектептердің әріптес мұғалімдерінің тәжірибесіне де енгізетін Жетекші мектептердің мұғалімдеріне қолдау көрсету бойынша бірқатар іс-шаралар өткізді. Әдістемелік қолдау пәннің ерекшелігін ескере отырып, Сабақты зерттеу тақырыптарын тұжырымдау тәсілдерін таңдауға, зерттеу қызметін жүзеге асыру, зерттеу нәтижелерін ұйымдастыру және тарату үшін жұмыс топтарын құруға, зерттеу қызметі мен кәсіби дамудың өзара байланысын анықтау мақсатында мұғалімдердің қажеттіліктерін зерттеуге бағытталған.

ПШО-ның Word Association of Lesson Studies (Дүниежүзілік Сабақты зерттеу қауымдастығы) Кеңесіндегі мүшелігі шеңберінде ел мұғалімдерінің Сабақты зерттеудің педагогикалық тәсілін қолдануына бағытталған Қазақстандағы Сабақты зерттеу жобасы (Lesson Study Kazakhstan) белсенді түрде іске асырылуда, жоба мектеп мұғалімдеріне оқыту практикасын жақсарту тәсілі ретінде ғана емес, сондай-ақ кәсіби даму құралы ретінде де қаралады.

ПШО-ның барлық өңірлік/қалалық филиалдарында «Сабақты зерттеу: Қазақстан мектептерінің тәжірибесі» атты ғылы-

ми-практикалық конференцияларды жыл сайын өткізу жалғастырылды, онда «Қазақстандағы сабақты зерттеу» жобасына қатысушылардың зерттеу нәтижелері ұсынылады. Барлығы 16 өңірлік конференция өткізілді, оның жұмысына жалпы білім беретін және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагогтері мен басшылары қатысты. Пікір алмасу үшін тақырыптық алаңдар құрылды, онда цифрлық педагогика жағдайында Lesson Study процесін ұйымдастыру, пән мұғалімдерінің бірлескен зерттеу нәтижелері және оқушылар үшін олардың тиімділігі мәселелері талқыланды, инсайттармен және педагогикалық жаңалықтармен алмасу жүзеге асты. Конференция аясында зерттеу нәтижелерінің виртуалды көрмелері жүргізіледі. Сабақты зерттеу мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырудың мектепішілік процесінің ажырамас бөлігіне айналды, кейбір мектептерде LS кабинеттері ашылды.

Өңірдегі іс-шаралардың мысалдары:

Алматы қаласындағы ПШО филиалының тренерлері шағын жинақталған мектептердің басшылары мен мұғалімдері үшін өз тәжірибесіне зерттеулер жүргізу және ұйымдастыру бойынша оқыту өткізді, оның нәтижелері бойынша педагогтер өзінің және мектептің тәжірибесіне елеулі өзгерістер енгізді.

Қарағанды қаласындағы ПШО филиалы Қарағанды облысының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығымен бірлесіп «Сабақты зерттеу» (Lesson Study) және «Іс-әрекеттері зерттеу» облыстық байқауын өткізді. Ережеге сәйкес қазылар алқасы Lesson Study өткізудің үш кезеңін жоспарлау әзірлемелерін, бірлесіп жоспарланған және өткізілген сабақтардың жоспарларын, сабақты бақылау үлгілерін (карталар, диаграммалар, сызбалар және т.б.), мұғалімдердің топтық жұмысының талдау және рефлексия материалдарын, қорытынды презентацияларын зерттеді.

Талдықорған қаласындағы ПШО филиалының тренерлері аудандық мектептер арасында Бірлескен сабақты зерттеу үдерісін ұйымдастырды. Жетекші және серіктес

мектептердің мұғалімдерімен бірлесіп, бір-неше сабақтар бойынша зерттеу топтары құрылып, өткізілді, олар онлайн режимде сабақтарды жоспарлауды, оқытуды және талқылауды жүргізді.

5. Басқару мәселелері бойынша педагог кадрлардың қызметін курстан кейінгі әдістемелік қолдау.

ПШО өңірдегі жетекші мектептердің басшылары, әдістемелік актив мүшелері үшін бірқатар семинарлар, вебинарларды өткізді, онда біраз мәселелер талқыланды:

- қашықтан және пандемиядан кейінгі кезеңде педагог мамандармен әдістемелік жұмыс моделін құру;
- педагог мамандардың білім беру қажеттіліктері, кәсіби қолдаудың бағыттары мен тиімді формалары;
- пандемиядан кейінгі кезеңнің жағдайындағы мектеп менеджменті және мектептердің командалық жұмысын қолдау;
- қашықтықтан оқыту формасынан шығу жағдайында рөлі өте зор болған оқушылардың ата-аналарымен жұмысының тиімді модельдерін құру;
- онлайннан офлайн оқытуға көшу жағдайында оқушыларды белсенді ойлау қызметіне еліктіруге назар аудара отырып сабақтарды жоспарлау.

Білім беру ұйымдарының басшыларымен әдістемелік жұмыс мектеп ұжымдарының кәсіби дамуында және мектептің әдістемелік жұмысында ерекше орын алатын мәселелерді талқылауда бірлескен қызметтің маңыздылығын растады. Аталған бағыттар педагог мамандардың осы санаты үшін келесі жылы жалғасатын болады.

Өңірдегі іс-шаралардың мысалдары:

Қарағанды қаласындағы ПШО филиалы 2021 жылдың қазан айынан бастап әдіскердің онлайн мектебін ұйымдастырды. Қарағанды облысының аудандық және қалалық білім беру бөлімдерінің әдіскерлері филиал тренерлерімен бірлесіп әдіскердің кәсіби қызметінің нормативтік-құқықтық базасын зерделеді, Жетекші және серіктес мектептермен өзара әрекеттесу тетігін,

желілік әдістемелік жұмысты ұйымдастыру тәсілдерін талқылады.

Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының мектеп басшылары үшін стратегиялық жоспарлау, өзгерістерді басқару, мектепішілік жоспарлауды ұйымдастыру бойынша вебинарлар топтамасы өткізілді.

Көкшетау қаласындағы ПШО филиалының тренерлері білім беру бөлімдерімен бірлесіп «Жергілікті деңгейде серіктестік қарым-қатынасты ұйымдастырудағы Жетекші мектептің рөлі» атты облыстық семинарды ұйымдастырды, оның аясында жетекші мектептің идеяларын тәжірибеге енгізудің негізінде облыстың Жетекші және серіктес мектептерінің өзара әрекеттесу тәжірибесін дамыту мәселелері қаралды.

Жетекші мектептердің қызметі 2017 жылдан бастап қорытындыланып, инновациялық тәжірибемен алмасудың өңіраралық алаңдарында көрсетіледі. 2021 жылы 5 өңіраралық форум өткізілді.

Өңірдегі іс-шаралардың мысалдары:

Батыс облыстарының (Ақтөбе, Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан) V өңіраралық форумы «Оқушылардың білім сапасының негізі ретінде педагогтердің пәндік-әдіснамалық құзыреті» тақырыбы бойынша өткізілген. Форум жұмысы Жетекші мектеп педагогтерінің пәндік құзыреттілік саласындағы инновациялық қызмет пен өңіраралық ынтымақтастықты дамытуға баса назар аударылды.

Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларының Жетекші мектептерінің педагогтеріне арналған II өңіраралық форум пандемиядан кейінгі кезеңде оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту сапасын жақсарту мәселелерінде Жетекші мектептердің үздік педагогикалық тәжірибесін таратуға арналды.

Алматы, Жамбыл, Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласының Жетекші мектептері педагогтерінің қатысуымен оңтүстік өңірлердің «Жаңару жаршысы - 2021» III өңіраралық форумы өтті. Талқыланған негізгі тақырыптар мектепішілік менеджментті ұйымдастыру, Жетекші және серіктес мектеп мұғалімдерінің ынтымақтастығы,

мұғалімдердің зерттеу дағдылары мен бірлескен көшбасшылықты дамыту болды.

Қостанай, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының Жетекші мектептері педагог мамандарының II өңіраралық форумы Жетекші және серіктес мектептердің желілік жұмысын жандандыру арқылы педагог мамандардың кәсіби қоғамдастық қызметінің ұйымдастырушылық-әдістемелік жағдайларын қалыптастыруға арналған. Негізгі міндеттер көшбасшылық қасиеттерді дамыту және педагог мамандардың тұрақты желілік қоғамдастықтарын қалыптастыру аясындағы диалог үшін жағдай жасауға бағытталған, сондай-ақ солтүстік өңірлердің Жетекші мектептерінің желілік қоғамдастықтарын ұйымдастыру мен өзара әрекеттесудің үздік тәжірибесі ұсынылды. Бұл Қазақстан өңірлерінің білім беру ұйымдары қатысушыларының қызметтің түрлі бағыттары бойынша желілік қоғамдастықтарға бірігуіне ықпал етті.

Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарының Жетекші мектептері педагогтерінің II өңіраралық форумы «Мектеп қоғамдастығы: түрлі жағдайда оқытамыз» тақырыбында өтті. Форумның негізгі міндеттері білім берудің жоғары сапасына қол жеткізудің үздік тәжірибелерін анықтау, ынтымақтастықты дамыту тәжірибесімен алмасу және НЗМ тәжірибесін тарату болды.

2021 жылы мектептердің әдістемелік активі мүшелерінің қызметін әдістемелік қолдау мақсатында Facebook.com платформасында «Мектеп тренері» онлайн алаңы жұмыс істейді. Қазіргі уақытта «Мектеп тренері» тобында «Практикадағы рефлексия», «Мұғалімнің практикасындағы зерттеу» білім беру бағдарламалары бойынша курстардан өткен 12 800 мектеп тренері және критериалды бағалау бойынша мектеп үйлестірушісі тіркелген.

«Мектеп тренері» тобы мектепшілік әріптестердің біліктілігін арттыру мәселелері бойынша мектептердің әдістемелік активі мүшелерінің тәжірибесін тарату және диалог алаңына айналды. Алаңның контенті - шеберлік сыныптары, тренердің нұсқаулары, пайдалы ресурстар және «сұрақ-жауап» чаты. Топ мүшелерінің марафондар мен вебинарларға қатысу, тәжірибе алмасу, сұрақтар қоюға және пікір қалдыруға мүмкіндігі бар.

Қазіргі уақытта «Мектеп тренері» тобында 82 әдістемелік материал жүктелген.

Колледждер мен жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының қызметін курстан кейінгі әдістемелік қолдау.

Өңірлердегі тренерлер ПШО негізінде оқытудан өткен ҚР ЖОО мен колледждерінің профессорлық-оқытушылық құрамына әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқытушылардың сұрауы бойынша педагогикалық тәжірибелерді ұйымдастыру, қашықтықтан оқыту, студенттердің зерттеу дағдыларын дамыту, «деңгейлік бағдарламалар» идеяларын түсіндіру, білім берудің жаңартылған мазмұны, критериалды бағалау мәселелері бойынша іс-шаралар өткізілді.

Өңірлердегі іс-шаралардың мысалдары:

Орал қаласындағы ПШО филиалы 2019 жылы Ж. Досмұхамедов атындағы колледжбен басталған «Менің мамандыққа бастамам» жобасы бойынша жұмысын жалғастыруда. Жоба аясында оқытушылармен соңғы курс студенттері үшін бірқатар семинар өткізілді.

Қызылорда қаласындағы ПШО филиалы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің және М. Мәметова атындағы Жоғары педагогикалық колледжінің профессорлық-оқытушылық құрамымен жұмыс барысында Сабақты зерттеу үдерісінің ерекшеліктеріне (Lesson Study) ден қойды.

ПШО-ның Тараз қаласындағы филиалы НЗМ мұғалімдерімен бірлесіп, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Ustaz институты «Педагогика» мамандығының оқытушылары мен 4 курс студенттері үшін оқыту процесінде пайдаланылатын АКТ құралдарына шолу, қашықтықтан оқыту кезінде оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау әдістемесі бойынша бірқатар іс-шаралар өткізді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің қызметін курстан кейінгі әдістемелік қолдау.

Осы бағыттағы жұмыс оқыту іс-шаралары арқылы жүзеге асырылды. Оқыту іс-шаралары мектепке дейінгі балалардың оқу қызметін ұйымдастырудың заманауи

тәсілдерін және білім беру кеңістігінде 4К моделін іске асыру арқылы білім беру салаларын кіріктіру қағидаттарын ескере отырып, тиімді жоспарлауды әзірлеуде педагогтерге практикалық көмек көрсетуге бағытталған. Нәтижесінде қатысушылар құжаттармен жүйелі түрде жұмыс істеді, ойындарды балалардың қажеттіліктерін ескере отырып таңдауды, оқытудың интерактивті әдістерін тиімді пайдалануды үйренді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдармен жасалатын жұмыс жүйесі даму сатысында, мұғалімдердің нақты қиындықтарын зерттеуді қоса алғанда, ол кеңейту мен тереңдетуді талап етеді.

Өңірлердегі іс-шаралардың мысалдары:

ПШО-ның Өскемен қаласындағы филиалы ШҚО мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен шағын орталықтар қызметкерлерінің форумын өткізудің бастамашысы болды. Іс-шара мектепке дейінгі ұйымдардың оқушыларын тәрбиелеу және дамыту аясындағы қызметін ұйымдастырудың өзекті мәселелерін талқылау, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілерінің мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың жаңа тәсілдерін пайдалану тәжірибесімен таныстыру үшін ұйымдастырушылық-әдістемелік жағдай жасауға бағытталған.

ПШО-ның Атырау қаласындағы филиалы мектепке дейінгі білім беру педагог мамандарына арналған «Мектепке дейінгі білім беру педагог мамандарының кәсіби дамуы: теория мен тәжірибе» тақырыбындағы облыстық конференцияның бастамашысы болды. Конференция аясында мектепке дейінгі мекемеге жаңартылған бағдарламаны енгізу кезіндегі өзгерістерді басқару мәселелері талқыланды, дәстүрлі емес ойындарды ұйымдастыру тәжірибесімен, мектепке дейінгі жастағы балалардың зияткерлік даму әдістемелерімен, инклюзивті білім беру жағдайында балаларды дамыту әдістерімен бөлісті.

Нұр-Сұлтан, Орал, Көкшетау қалаларының ПШО тренерлері Lesson Study тәсілін мектепке дейінгі тәрбие тәжірибесіне бейімдеу жұмысын бастады.

Қостанай қаласының ПШО филиалы Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің

Білім бөлімімен бірлесіп, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының және жалпы білім беретін мектептердің педагог мамандары үшін «Іс-әрекет барысындағы геймификация» жобасын ұйымдастырды. Жоба нәтижесінде педагог топтары 3-4 және 5-6 жастағы балаларға арналған үстел ойындарын әзірлеп, апробациялады.



ДББҰ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

5.1

Зияткерлік мектептер -
аймақтардағы әдістемелік
орталықтар

5.2

Тәжірибені ұлттық
деңгейде тарату

5.1. Зияткерлік мектептер - аймақтардағы әдістемелік орталықтар

Зияткерлік мектептер 2018 жылдан бастап Қазақстанның 17 аймағында Білім беру мазмұнын жаңарту және педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жөніндегі әдістемелік орталықтар (бұдан әрі - Әдістемелік орталықтар) ретінде елдің зияткерлік әлеуетін арттыруға және оқыту мен білім берудің заманауи әдістері мен технологияларын меңгерген мұғалімдерді даярлауға ықпал ете отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін ҚР орта білім беру жүйесіне тарату жөніндегі аймақтық алаңдар болып табылады.

Әдістемелік орталықтар жұмысының мәні жалпы білім беретін мектептердің педагог мамандарына әдістемелік және ресурстық қолдау көрсету, мұғалімдердің желілік өзара іс-қимылын дамыту, жалпы білім беру жүйесінің педагог қызметкерлері үшін бірыңғай ақпараттық кеңістікті құру болып табылады.

ПШО тренерлері мен Зияткерлік мектептер мұғалімдері әдістемелік орталықтар базасында 2021 жылы 11 000 іс-шара өткізді, оның ішінде:

- Семинарлар - 852
- Шеберлік сыныптары - 610
- Конференциялар - 53
- Кеңестер - 3090
- Вебинарлар - 2531
- Дөңгелек үстелдер - 248
- Тренингтер - 453
- Сабақты бақылау қорытындысы бойынша жеке кеңестер - 3163.

Курстан кейінгі әдістемелік қолдауды (жоғарыдағы бөлімді қараңыз) әдістемелік орталықтар жетекші мектептер негізінде облыстық білім басқармаларымен келісілген жұмыс жоспарлары негізінде жүргізеді.

Осы бағыттағы тиімді жұмыс үшін оқу жылының басында кәсіби қиыншылықтарды

зерделеу, педагог қызметіндегі мәселелерді анықтау мақсатында жетекші мектептердің педагог мамандары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша жыл ішінде мамандардың келесі санаттары үшін оқыту іс-шаралары өткізілді:

- пән мұғалімдері,
- мектеп психологтары,
- педагог-кітапханашылар,
- сынып жетекшілері,
- мектеп әкімшілігі (директорлар,

директордың оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары).

Оқыту іс-шараларының форматы сондай-ақ «Тыңдаушы ретінде қандай іс-шараларға қатысқыңыз келеді: бақылаулар, семинарлар, шеберлік сыныптары, коучингтер, дөңгелек үстелдер, вебинарлар?» сұрағының негізінде де анықталған.


Сондай-ақ, сауалнама нәтижелерінің негізінде жетекші мектептердің педагогтерінде оқу барысында үлкен қиындықтарды тудыратын әдістемелік бағыттар анықталды:

- ✓ саралаудың түрлі әдістерін қолдану,
- ✓ функциялық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін тапсырмаларды әзірлеу,
- ✓ оқушыларды оқу үдерісіне еліктіру,
- ✓ оқу үдерісінде цифрлық технологияларды пайдалану,
- ✓ оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту,
- ✓ CLIL әдістерін қолдану,
- ✓ қалыптастырушы және жиынтық бағалауды іске асыру,
- ✓ қашықтан оқытудың ерекшеліктері.

Барлық іс-шаралар ZOOM платформа-сында онлайн режимінде өтті. Іс-шараларды онлайн форматта ұйымдастырудың нәтижесінде тыңдаушыларды қамтудың оң динамикасы байқалды.


20-кесте. Тыңдаушылар санының салыстырмалы динамикасы

Тәжірибе трансляциясын тыңдаушылар санының динамикасы



Әдістемелік орталықтар жұмысы бағыттарының бірі - 2021 жылдың ішінде жалпы білім беретін мектептерге тәрбие жұмысы жобаларын кіріктіру: «Шаңырақ», «Туған елге тағзым», «Кураторлық», «Кәсіби бағдар», «Мектептің өзін-өзі басқаруы», «Кітапхананың тиімді жұмысы» және т.б. (23-суретті қараңыз).

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНІҢ ЖОБАЛАРЫ



23-сурет. НЗМ ДББҰ жобалары

ҚР жалпы білім беретін мектептерінің педагогтеріне цифрлық білім беру технологияларын зерделеумен және қолданумен байланысты вебинарлар өзекті және сұраныста, олардың барысында педагогтерге цифрлық білім беру платформалары ұсынылды, оларды қашықтан оқыту жағдайында пайдаланудың өзектілігіне баса назар аударылды (24-суретті қараңыз).



24 -сурет. Шеберлік сыныптарының жұмысы

Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің пәндік құзыреттілікті дамытуға және пәндік білімді тереңдету аясында балалармен жұмыс жасауға, күрделілігі жоғары есептерді шешу

әдістеріне, әрбір оқушыға арналған жеке бағдарлама әзірлеу арқылы олимпиадаға дайындалуға бағытталған шеберлік сыныптары жоғары баға алды. Пәндік вебинарлар аясында оқытуды саралау, сыни ойлау дағдыларын дамыту, оқушылардың өзін-өзі реттеу және қалыптастырушы бағалау мәселелері қаралды. Сабақтан алынған нақты мысалдар оқыту іс-шараларын тәжірибеге бағдарлауға және олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Аймақтардағы іс-шаралардың мысалдары:

Орал, Атырау, Ақтөбе, Ақтау қалаларындағы ПШО филиалдары НЗМ-мен бірлесіп «Білім беру болмысының жаңа қырлары. Тұлғаның сау-саламаты мен эмоциялық дамуы». Конференция назарында - оқушылардың сау-саламатын дамытудағы білім беру ортасының рөлі, шығармашыл ойлауды дамыту, қашықтықтан оқудың экожүйесі, эмоциялық қажудың алдын алу және басқа да өзекті мәселелер.

Тараз қаласындағы ПШО филиалы НЗМ-мен бірлесіп қашықтан оқыту кезеңінде оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, «тәуекел тобындағы» оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмысын ұйымдастыру, әрбір оқушы-

ның әл-ауқатын арттырудың жүйесін құру мәселелері бойынша аймақтағы жалпы білім беретін мектептерінің педагог-психологтары үшін бірқатар іс-шаралар өткізді.

Көкшетау қ. НЗМ мұғалімдерінің пәндік құзыреттілікті дамытуға және пәндік білімді тереңдету аясында балалармен жұмыс жасауға бағытталған шеберлік сыныптарын тыңдаушылар жоғары бағалады. Мысалы, физика мұғалімдерімен шеберлік сыныбын өткізу кезінде күрделілігі жоғары есептерді шешу әдістері көрсетілді, сондай-ақ әрбір оқушы үшін жеке бағдарлама әзірлеу арқылы олимпиадаға дайындық үдерісін ұйымдас тыру тәсілдері ұсынылды. Жұмыс барысында цифрлық білім беру платформалары ұсынылған, оларды қашықтан оқыту жағ дайында қолданудың өзектілігіне баса назар аударылған, түрлі пәндердегі кіріктірілген тапсырмалардың мысалдары келтірілген.

Павлодар қаласының Зияткерлік мектебі болашақ химия пәнінің студент-мұғалімдерін сабақтарда CLIL тәсілін қолдану мәселелері бойынша оқытуды жалғастырды. Оқыту екінші және үшінші курстың 34 студенті үшін апта сайын өткізіледі (25-суретті қараңыз).



17-сурет. Павлодар қаласындағы педагогикалық университеттің студенттеріне арналған CLIL қолдану бойынша оқыту семинарлары

Алматы облысы педагогтерінің желілік қоғамдастығын дамыту мақсатында, сондай-ақ тәжірибе алмасу және оқу барысында туындайтын қиындықтарды еңсеру стратегияларын талқылау үшін 2021 жылғы наурызда мұғалімдердің нақты кәсіби қажеттіліктеріне негізделген вебинарлар сериясы өткізілді. 24 вебинар келесі тақырыптар бойынша ұйымдастырылып,

өткізілген: «Сабақтарда функциялық және математикалық сауаттылықты дамыту», «Балаларды Pisa, Timss-ке дайындау, жақсы нәтижелерге қол жеткізу жолдары», «Пәндік олимпиадаларға дайындық». Вебинарлармен Алматы облысының барлық 17 ауданы, сондай-ақ Талдықорған және Текелі қалалары қамтылды. Оған 1229 педагог қатысты. Вебинарларға қатысушылар вебинарлар мазмұнды, танымдық, пайдалы және қызықты болғанын атап өтті.

Атырау облысы мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету үшін Атырау қаласындағы Зияткерлік мектебі 14-15 жас аралығындағы оқушыларға арналған «Web-дизайн және өңдеу» (102 сағат) және 13-16 жас аралығындағы оқушыларға арналған «Бейнепродакшн» (80 сағ.) элективті курстарын әзірледі.

«Web-дизайн және әзірлеу» курсының өзектілігі әртүрлі мамандықтар мен қызмет салаларындағы адамдар арасында сайттарға сұраныстың артуына байланысты. Курс бағдарламасы веб-сайттарды құру техникасын игеруге бағытталған. Бұл курстың ерекшелігі – зерттелетін материалды басқа оқу пәндерімен біріктіру мүмкіндігі. Курс барысында алынған білім әртүрлі пәндік салалардың тақырыптық беттерін жасау үшін пайдаланылуы мүмкін: математика, физика, химия және басқалардың.

«Бейнепродакшн» элективті курсы бойынша қосымша білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы тыңдаушыларды элективті курс бағдарламасының мақсат-міндеттері, құрылымы және мазмұнымен таныстыруға бағытталған.

Өткізілген іс-шаралар тізімін одан әрі жалғастыруға да болады. Жылдан-жылға міндеттерді түсінетін және өз аймағының педагогикалық қоғамдастығының кәсіби дамуы үшін жауапкершілікті саналы түрде алғысы келетін көшбасшы мұғалімдердің кәсіби шеберлігі айтарлықтай артып, қызметі жандана түсетінін атап өткен жөн.

5.2. Тәжірибені ұлттық деңгейде тарату

«АУЫЛ МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ.

Өткен жылғы есепте Жоба бойынша орындалған іс-шаралардың аралық талдауы

ұсынылды. Осы есепте Жобаны іске асыру қорытындылары көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес ДББҰ бастамашылық еткен жоба. 2019 жылғы 2 қыркүйекте өткен «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» ДББҰ-ның үздік сарапшыларын жинаған, еліміздің ауыл мектептерінің жағдайын талдау бойынша теңдессіз жоба болды. Қазақстанда инфрақұрылым сапасынан бастап оқыту сапасына дейін және мүдделі тұлғалардың қанағаттанушылығына дейін оқу процесінің барлық аспектілерін қамтитын ауыл мектептерінің ахуалына жүйелі зерттеу жүргізілген жоқ.

Жобаның ерекшелігі – ДББҰ талдаумен шектелмей, осы мектептердің педагогтерінің біліктілігін арттыруға белсенді қатысады.

Талдау қорытындысы бойынша мектептердің педагогикалық ұжымдарына тәжірибені жақсарту, кәсіптік дамыту, оқу қызметін жоспарлау, цифрлық ресурстарды белсенді пайдалану, оқу жабдықтарының, шығыс материалдарының, барлық пәндерден ҚР МЖМБС орындауға қажетті міндетті және қосымша әдебиеттердің тізбесі бойынша ұсынымдар әзірленді.

Мектеп әкімшіліктеріне мектепте заманауи білім беру ортасын құру, мектеп кітапханаларының жұмысын қайта жүктеу және оларды оқушылар мен мұғалімдер үшін қосымша білім беру алаңы ретінде пайдалану жөнінде ұсынымдар берілді.

Материалдық-техникалық базаны жақсарту мақсатында жергілікті атқарушы органдармен және демеушілермен бірлесіп мектеп ғимараттары мен оқу үй-жайларын жөндеу жүргізілді, 5 мектепке арналған жабдық (26 кабинет), жиһаз және оқу жабдығы, 1 мектепке арналған компьютерлік техника – жалпы сомасы 1 062 520 092 теңгені құрады, оның 700 миллионнан астамы жеке инвесторлар тарапынан берілді.

917 сабаққа бақылау жүргізілді, мұғалімдердің мектеп тәжірибесін жақсарту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, кері байланысты ұсынылды.

Кешенді талдау 838 педагогтің, 8-11-сынып 1 745 оқушысының, 967 ата-ананың пікірін зерттеуге мүмкіндік берді.

53 педагог, 58 ата-ана, 50 ҚҚ мүшелерімен фокус-топтар және 7 мектеп директорымен сұхбат жүргізілді.

Жұмыс қорытындылары барлық мектептерде оқыту мен ынтымақтастық үшін қолайлы ахуалы, ата-аналар мен оқушылар тарапынан мектеп қызметін бағалаудың жоғары деңгейі байқалатынын көрсетеді. Жақсартуды талап ететін бірнеше аспект анықталды; мысалы, соңғы 5 жылда барлық мектептерде білім сапасы әлсіз деңгейде қалып отыр, бастауыш мектептен негізгі мектепке ауысқан кезде оқушылардың білім сапасының күрт төмендеуі байқалады, сынып өскен сайын үздік оқушылар мен төртке оқитындар үлесінің тұрақты төмендеуі, екпінді оқушылар үлесінің пропорциялық өсімі байқалады. Білім беру сапасының төмендеуі көбінесе негізгі мектепте басталатын жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерінің есебіне байланысты.

Ауыл мектептеріндегі білім берудің негізгі көрсеткіштері

Ел ішіндегі білім беру сапасын бағалау ауыл балалары арасындағы білім деңгейінің төмендігін көрсетеді. Осындай жағдай оқушылардың білім сапасына талдау жүргізілген 14 ауылдық мектепте де байқалады. Сыныптар бойынша оң динамика байқалады, алайда соңғы 3 жыл ішінде білім сапасы 60% деңгейінде қалды, ал ҰБТ орташа балы осы кезеңде 10 балға төмендеді.

Сынып жоғарлаған сайын, әсіресе бастауыш мектептен негізгі мектепке ауысқан кезде білім сапасы төмендейді. Нәтижелер оқушылар 9-сыныпқа көшкен кезде – балалар әдетте мектеп бітіруге және ҰБТ тапсыруға дайындалып жатқан кезде өсе бастайды, алайда 11-сыныпта да білім сапасы 4-сыныпта көрсеткен деңгейге жетпейді.

Дегенмен, көптеген оқушыларға мектеп бітіруші сыныптарда оқыған қызық, олар сондай-ақ ынтамен оқыса, мектепті бітіргеннен кейін жақсы ЖОО-ға немесе колледжге түсе алатынына сенімді. Балалардың үштен екісі университетке түскісі келеді, ал үштен бірі колледжге түсуге үміттенеді.

Мамандық жоспарлауда ауыл мектептері оқушыларының болашақтан үміттері аз екендігі байқалады. Сауалнама жауаптарында оқушылар болашақ мамандықтардың шектеулі тізімін көрсетеді. Мектептегі

кәсіби-бағдарлау жұмысы, оның ішінде өңірлік жоғары оқу орындарымен және ТЖКБ ұйымдарымен ынтымақтастық орнату арқылы күшейтілуі тиіс.

Жыл сайын Зияткерлік мектептерге конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша қала және ауыл мектептерінің көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізіледі. 2020 жылы ауыл мектептерінің 6-сынып оқушылары арасында өткізілген «Мың бала» республикалық мәдени-ағарту жобасының олимпиада нәтижелері салыстырылды.

Ауыл мектептеріндегі оқыту үдерісіне әсер ететін факторлар

2019-2020 оқу жылында 14 ауыл мектебінің мұғалімдерінің арасында жүргізілген сауалнаманың деректері бойынша мұғалімдердің жартысы (50%) оқушылар оқу мақсаттарына ішінара ғана қол жеткізеді деп есептесе, педагогтердің 8%-ы оқушылар оқу бағдарламасын толық меңгермейді деп есептейді. Оқу бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізудің негізгі кедергісі ретінде мұғалімдердің көпшілігі (65%) оқу үдерісіне қажетті жабдықтардың жетіспеушілігін атайды. Әрбір 5-ші мұғалім бағдарламаға бөлінген уақыттың жетіспейтіндігін, оқушылардың білім көлемінің аздығын, сондай-ақ әдістемелік әдебиет пен оқулықтардың жетіспеушілігін оқушылардың бағдарламаны игеруіне кедергі келтіретін себептер деп көрсетті. Мұғалімдердің тек 11%-ы педагогикалық тәжірибенің жетіспейтіндігін себеп ретінде белгіледі.

Көптеген халықаралық зерттеулер білім беру үдерісін сәтті жүзеге асырудағы мұғалімнің жетекші рөлін атап өтті, сондықтан педагогтердің үнемі өзін-өзі дамытуға және кәсіби тәжірибесін жетілдіруге ұмтылу әрбір педагогтің басты мақсаты болуы тиіс.

Аймақтардың біріндегі ауыл мектептері оқушыларының арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері ауыл мектептерінде сабаққа қатысу салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетеді. Оқушылардың сабаққа қатысуы кестеге қарағанда аз. 8-11-сынып оқушыларының жауаптары бойынша олар аптасына 30-дан аз сабаққа қатысады, аптасына 8-сыныпта - 25 сабақ, 11-сыныпта - 30 сабақ. Сондай-ақ, жауаптарында аптасына

7 сабақтан аз көлемде қатысатынын атап өткен оқушылар бар. Ауыл мектептерінде оқушылардың барынша көп қатысуын қамтамасыз ету жұмысы қажет.

14 ауыл мектебінің педагог кадрларының сапалық және сандық құрамына келетін болсақ, педагог мамандардың 60%-ға жуығы бірінші немесе жоғары санатты немесе «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» біліктіліктеріне ие.

Айта кететін жайт, мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдердің жартысы 40 жастан аспаған және 15 жылға дейінгі педагогикалық өтілі бар. Алайда, 30 жылдан астам еңбек өтілі бар мұғалімдердің (17%) қалыптасқан әдеттерге байланысты көзқарастары мен сенімдерін өзгертуге ниеті жоқ және оқытудың жаңа тәсілдерін, әдістері мен стратегияларын қабылдауға дайын емес педагогтердің тәуекел тобына кіреді.

Ауыл мектептерінің бірінде педагогтердің 31%-ы дәстүрлі аттестаттау жүйесі бойынша бірінші немесе жоғары санатқа ие болған. Біліктіліктің жаңа жүйесі енгізілгеннен кейін мамандардың 39%-ы педагог-сарапшы, зерттеуші және шебер дәрежесін алды. Алайда, бұл деректі мұқият қарастырған жөн, өйткені санаты жоқ 8 мұғалім педагог-модератор деңгейін аттап, сарапшы-педагог және зерттеуші-педагог дәрежесін алды. Мұғалімдердің біліктілігін арттырудың анағұрлым жүйелі тәсілі ұсынылады.

Педагогтерді кәсіби дамыту және қолдау

Мектеп директорларының жұмысындағы әкімшілік-шаруашылық мәселелердің көлемі 75%-дан 30%-ға дейін төмендегеніне қарамастан, жұмыс көлемі бұрынғыдай жоғары болып қалуда. Директорлар білім беру саласындағы басқарушыларды оқыту қажеттілігін атап өтеді - мектеп директорларының 100%-ы жоғары оқу орындарындағы педагогикалық білімнің мазмұнында жалпы білім беру ұйымдарындағы басқару және менеджмент мәселелерін қарастыратын пәндердің жоқ екендігін мәлімдейді - (2012-2019 жж. ПШО талдауынан).

Сондай-ақ, педагогикалық кадрларды даярлау бағдарламасын қайта қарауды талап етеді, оның мазмұнында теориялық сипаттағы ақпараттың көлемі басым, түлек-

тердің мектепте жұмыс істеу аясындағы практикалық дағдыларын күшейту қажет: сабақтарды жоспарлау және өткізу, сауатты бағалау, балалармен және әріптестермен өзара әрекеттесу және т.б.

Сарапшылардың сабақтарды бақылауына сүйене отырып, ауыл мұғалімдері педагогикалық үдерістің негізгі аспектілерінде – сабақты жоспарлау, мақсат қою, оқушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды әзірлеу, оқушыларды бағалау кезінде қиындықтарға тап болады. Педагогикалық қызметті дамыту салалары оқытуда зерттеу тәсілін (Inquiry Based Learning) ескере отырып, сабақты ұйымдастыру және өткізу; басқа мұғалімдермен бірлесіп сабақтарды жоспарлау; оқушыларды оқыту үшін АКТ және қосымша ресурстарды пайдалану және оқушылардың оқу және бағалау үдерісіне тартылуы үшін сараланған оқытуды, жұптық/топтық жұмысты қолдану болып қала береді.

14 ауыл мектебінің педагог мамандары арасында жүргізілген сауалнама деректеріне сүйене отырып, ауыл мектебі мұғалімінің келесідей портреті көрінеді:

- Педагог мамандар басқа мұғалімдердің сабақтарына үнемі қатысып, оларға кері байланыс беріп, бірлескен кәсіби даму шараларына қатыса отырып, кәсіби тұрғыда өзара әрекеттеседі.

- Мамандардың кәсіби құзыреттіліктеріне (сыни ойлауды дамыту, критериялды бағалау жүйесін пайдалану) деген сенімділік дәрежесін жоғары бағалайды.

- Мұғалімдер кәсіби дамуды, мысалы, оқытудың инновациялық әдістерін қолдануды қажет деп санайды.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 52%-ы жұмысқа байланысты күйзелісті сезінетінін, 16%-ы күйзелістің жоғары деңгейін атап өтті. Мұғалімдердің 34%-ы үшін аса жоғары деңгейдегі күйзеліс көзі ЖАО немесе ҚР БfМ тарапынан тексерулерден өту болып табылады. 6 мектепте тексеру салдарынан күйзеліске ұшыраған мұғалімдердің үлесі 40%-дан асады. Жауап бергендердің үштен бірі үшін күйзеліс көзі – аттестаттаудан өту. Мұғалімдердің 27%-ы әкімшілік жұмыстың үлкен көлемінен, 22%-ы оқушылар жұмысының үлкен көлемін тексеру қажеттілігінен, 25%-ы сабаққа дайындық жұмыстарының үлкен көлеміне байла-

нысты айтарлықтай күйзеліске ұшырағанын атап өтті. Мұғалімдердің 17%-ы күйзелістің себебі ретінде шамадан тыс оқу жүктемесін атап өтеді.

Осы факторлардың жиынтығы педагогтердің мамандыққа қызығушылығының төмендеп, оның сұранысына сенімсіздікті тудырады.

Мектеп ахуалы

Ауыл мектептерінің мықты жағы – бұл жағымды мектеп ахуалы және адами қарым-қатынас. Оқушылар да, мұғалімдер де оқу үдерісі аясында өзара әрекетке оң баға береді. Педагог мамандар (93%) мектеп қосымша көмек қажет ететін оқушыларды қолдайтынын, сондай-ақ мұғалімдердің (95%) оқушылармен жақсы қарым-қатынаста екенін атап өтті.

Оқушылар (82%) сынып жетекшісінің қолдауын, мұғалімдер тарапынан құрмет сезінетінін (оқушылардың 85%), сабақтардағы оң ахуалды (оқушылардың 80%), өз мектебін жақсы көретінін және оны мақтан тұтатынын (оқушылардың 90%) атап өтеді, сондай-ақ оқушылар сыныптастарымен жақсы қарым-қатынаста екенін белгілейді.

Ауыл мектептерінде оқушылар (90%) мұғалімдерге құрметпен қарайды, олар сабақта еркін сөйлей алады, мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің қолдауын сезінеді (80%).

Мектеп инфрақұрылымы

Мектептің инфрақұрылымы білім беру ортасын қалыптастырады. Білім беру ортасы ыңғайлы, эмоцияға толы, танымдық мүмкіндіктерін кеңейтетін, түрлі әрекеттерге ынталандыратын, тәуелсіздік пен шығармашылыққа итермелейтін болуы тиіс.

Жоба шеңберінде мектептердің материалдық-техникалық жай-күйіне, мектеп жанындағы аумақтың жайластырылуына кешенді талдау жүргізілді. 447 оқу үй-жайларының: 44 зертхана мен 403 оқу кабинеттерінің техникалық жай-күйі, олардың жабдықтармен және шығыс материалдарымен жарақталуы, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, ҚР СанЕжН талаптарына сәйкестігі зерделенді (26-29-суреттерді қараңыз).

По итогам анализа инфраструктур школ было выявлено, что:

- **14 мектептің 5-еуінде** оқыту екі ауысымда ұйымдастырылды, дегенмен

ғимараттың жобалық қуаты оқушылар контингентінен көп;

- **14 мектептің 13-іне** күрделі жөндеу жұмыстары қажет;

- **10 мектепте** өрт қауіпсіздігі жүйесі жұмыс істемейді немесе жөндеуді қажет етеді;

- **14 мектептің тек 1-інде** ғана жарықтандыру нормаларға сәйкес келеді, **13 мектепте** электр сымдарын ауыстыру қажет, ғимараттың периметрі бойынша


жарық жоқ, бір мектепте электрмен жабдықтау жүйесін толығымен ауыстыру қажет;

- барлық мектептерде интернеттің әлсіз байланысы байқалады (нақты жылдамдық 4-тен 40 Мбит/с-қа дейін өзгереді);

- **14 мектептің 2-еуінде** температуралық режим нормаларға сәйкес келмейді;

- **13 мектепте** желдету жүйесі жұмыс істемейді, бір мектепте мүлдем жоқ;

- барлық **14 мектепте** ескірген аналог бейнебақылау жүйелері орнатылған.



26-29-суреттер. Мектеп ғимараттарының жағдайы.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің көпшілігінің пікірінше, қажетті оқу жабдықтарының жетіспеушілігі оқыту мақсаттарына қол жеткізбеуге әкеледі. Мектептердің инфрақұрылымын жақсарту қажеттігін 14 мектептің барлық оқушылары атап өтті. 14 мектептің оқушылары өздерінің жабдыққа (компьютерлік сыныптар, кітапхана, спортзал) қанағаттанушылығын орта есеппен 5 балдан 3,9 балға бағалады. Олар материалдық-техникалық базаны, мек-

теп аумағын, сондай-ақ мектептің жалпы дизайнын жақсартуға қатысты тілектерін білдірді. Оқушылар үшін мектептерді интернеттің жоғары жылдамдығымен АКТ жабдықтарымен қамтамасыз ету мәселесі маңызды болып қалуда, өйткені бұл факторлар жас ұрпақтың цифрлық дағдыларын дамытуға тікелей әсер етеді.

Жобаны іске асыру қорытындылары

ДББҰ анықталған мәселелер қорытындысының негізінде мынандай бағыттар бойынша біліктілікті арттыру курстары: оқытудың әдістемесі мен технологиялары, мектептегі менеджмент және көшбасшылық, орта білім берудің жаңартылған мазмұны, оқушылардың функциялық сауаттылығын дамыту, бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау, мектеп тренерлері мен психологтарына арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. Оқытудан барлығы 195 педагог өтті.

Ауыл мектебі педагогтерінің қызметіне әдістемелік қолдау көрсетудің шеңберінде жобаға қатысушы барлық 14 мектептің мұғалімдерін 100% қамти отырып 810 іс-шара, оның ішінде семинарлар, шеберлік сыныптары, вебинарлар, сабақтарды бақылау өткізілді.



2021 жылы «Ауыл мектебі» жобасын жүзеге асыру аясында «Ауыл мұғалімінің тәжірибесі» атты екінші республикалық онлайн-семинары өткізілді. Семинардың 900-ден астам қатысушысы оқыту және сабақ беру практикасын жақсарту тәжірибесімен алмасты. Мектептердегі өзгерістерді басқару мәселелерін талқылағаннан кейін, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының ауыл мектептерінің басшылары педагогтердің кәсіби даму тәжірибесімен бөлісті.

Күзде ПШО ауыл мектептерінің 192 пән мұғалімі үшін пәндік білімдерін тереңдету бойынша демалыс мектебін өткізді. Аталған

іс-шараның негізгі мақсаты - оқушылардың үнемі қиындықтарға тап болатын пән тақырыптарын оқыту әдістемесін қарастыру.

ПШО-ның ауыл мектептерінің педагогтері үшін «Эссе жазу» тақырыбы бойынша онлайн-курсы іске қосылды. Курс бағдарламасы тыңдаушыларды эссенің құрылымы мен мазмұнымен таныстыруға, оқушыларды оны жазуға оқыту әдістемесін, бағалау критерийлерін зерделеуге бағытталған.

Білім беру бағдарламалары орталығы 211 мұғалім үшін 1-11-сыныптардың барлық пәндері бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұнын іске асыру ерекшеліктері бойынша оқыту семинарларын ұйымдастырды.

Педагогикалық өлшемдер орталығы 882 мұғалім үшін критериалды бағалауды жүзеге асыру бойынша оқыту курстарын өткізді, 4-8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізді, әр пән және сынып бойынша 49 есеп және пәндер бойынша әр оқушы үшін 2 550 жеке есеп дайындады.

ДББҰ өткізген әдістемелік жұмыс мектептердің кәсіби әлеуетін арттыруға, оқыту мен сабақ берудің сапасын жақсартуға, мұғалімдердің цифрлық және аналитикалық дағдыларын дамытуға үлесін қосты.

Орта білім беру сапасын арттыру мақсатында мектептердің жай-күйі мен қызметіне мониторингті қамтамасыз ету, педагогтерді кәсіби дамыту, оқушылардың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі жұмыс, жергілікті қоғамдастықты еліктіру, мектеп инфрақұрылымын дамыту бойынша бірқатар ұсыныстар әзірленіп, мектептер мен ЖАО-ға жіберілді.

ЗЕРТТЕУ ПРАКТИКАСЫ БОЙЫНША ЖОБАЛАР (LESSON STUDY, ACTION RESEARCH)

Ел педагогтерінің сабақты зерттеудің педагогикалық тәсілін қолдануы аясындағы Қазақстанда сабақты зерттеу (Lesson Study Kazakhstan) жобасы белсенді іске асырылуда, ол мектеп мұғалімдеріне оқыту практикасын жақсарту тәсілі ретінде ғана емес, сонымен қатар кәсіби даму құралы ретінде де қарастырылады. 2017 жылдан бастап жыл сайынғы аймақтық конференциялар өткізіледі, онда мұғалімдер оқыту мен сабақ беру тәжірибесін жақсарту үшін зерттеу нәтижелерімен бөліседі.




2021 жылы ПШО WALS (Макао қ.) конференциясына қатысушы ретінде осы мәселе бойынша Қазақстанның зерттеу нәтижелері мен тәжірибесін ұсынуға, сараптамалық баға алуға, даму жоспарларын талқылауға және әлемдік кеңістікте Сабақты зерттеу тәсілін іске асыру бойынша өзекті ақпарат алуға мүмкіндік алды. Педагогикалық шеберлік орталығы алғаш рет WALS конференциясының шеңберінде 100-ден астам қазақстандық және халықаралық сарапшы мен зерттеушілердің қатысуымен симпозиум өткізді. Орталықтың 4 тренері симпозиумның негізгі спикерлері ретінде сөз сөйлеп, «Қазақстан және Сабақты зерттеу: қалыпты жағдайы және болашағы» тақырыбына зерттеу ұсынды.

ҚР БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСУ.

2021 жылғы 9-17 тамыз аралығында ҚР педагогикалық қызметкерлеріне арналған «Білім және ғылым - елдің тұрақты дамуының кепілі» атты жыл сайынғы республикалық конференция өтті. Тамыз конференциясы - жаңа оқу жылының басталуына және жаңа педагогикалық идеяларға есеп беретін дәстүрлі іс-шара. Аталған конференция ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына арналып өткізілді.

Тамыз конференциясы шеңберінде жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқу бағдарламалары арқылы оқушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға бағытталған 27 вебинар өткізілді (30-32-суреттерді қараңыз).



30-32-суреттер. Республикалық тамыз конференциясының секциялық отырыстарын өткізу.

ПӨО тренерлері он бес пән бойынша бағалау аясында тақырыптық сессияларды өткізді, онда функциялық сауаттылықты қалыптастыруға қатысты ұсынымдар берілді, ағымдағы және қорытынды бағалаудың форматы мен мазмұны ұсынылды.

ПШО тренерлері ҚР Білім беру ұйымдарының пән мұғалімдері үшін «Мұғалімді әдістемелік қолдау» (екі студиядан тұратын жұмыс) секциялық отырыстарын өткізді,

15 пән бойынша 29 мастер-класс әзірленіп, жазылды (барлығы 506 481 рет қаралды), оның ішінде:

- ҚР жетекші мектептері педагогтерінің үш санатына арналған «Білім беру үдерісін мониторингілеу және талдау: оқыту мен сабақ беруді жақсарту» секциясы (директорлар, ӘБ басшылары, мектеп тренерлері), 1452 адам қамтылды;

- ПШО филиалдары өткізген облыстық/аймақтық деңгейдегі пән мұғалімдерінің секциялық отырыстары мен 177 әдістемелік іс-шара, оның ішінде 1-11-сынып мұғалімдеріне арналған барлық пәндер бойынша 148 шеберлік сыныбы.

2021 жылғы 16-17 тамызда конференция аясында «Ауыл мектебі» жобасына қатысушы 14 мектептің мұғалімдеріне, мектеп басшылары мен пән мұғалімдеріне, қазақ және орыс тілдерінде қашықтықтан екі әдістемелік алаң өткізілді. Педагогтер білім беру саласындағы өзекті трендтерді қарастырды.

Екі күн ішінде 39-дан астам вебинар мен шеберлік сыныбы өткізілді, оларға 1 800 педагог қатысты. Аталған іс-шараны ұйымдастыруға Өскемен қаласының НЗМ педагогтері, ПШО, БББО және ПӨО тренерлері қатысты.

Конференцияның тақырыптық отырыстары барысында педагогтер жоспарлау тәсілдерімен, нормативтік-құқықтық актілермен, мектепішілік бақылау түрлерімен, нысандарымен және әдістерімен, жобалық-бағдарлы оқыту технологиясымен танысты, осы технология бойынша оқытудың неліктен маңызды екенін қарастырды, мектепте жобалау жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін зерттеді. Секция жұмысы барысында қатысушыларға заманауи мектеп кітапханаларының онлайн білім беру ресурстарымен, қашықтан және дәстүрлі оқыту қосымшаларымен жұмыс істеу әдістері туралы ақпарат ұсынылды. Сонымен қатар, жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндер бойынша сабақтарда зертханалық және тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу туралы ақпарат ұсынылды. Химия, биология және физика пәндері бойынша тәжірибелік жұмыстарды орындаудың жалпы әдістерінің мысалдары көрсетілген.

Оқыту семинарлары барысында «функционалдық сауаттылық», «сыни ойлау»

ұғымдары туралы теориялық білім берілді, олардың мазмұны ашылып, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мүмкіндіктері көрсетілді. Мұғалімдер мектеп практикасында сараланған оқытуды ұйымдастыру және сабақтың әртүрлі кезеңдерінде ынталандырушы мәселелерді қолдану мүмкіндіктерін қарастырды. Зерттеуді мұғалімнің практикасында ұйымдастырудың негізгі қадамдары және олардың мектепті дамытудағы рөлі талқыланды.

4 және 8-сыныптарда білім сапасының мониторингінің мазмұны, форматы, есептері мен нәтижелері туралы сұрақтар зерделенді. Кейінгі тәжірибелік қызмет үшін мониторинг есептерін пайдалану бойынша жалпы ұсыныстар берілді, сабақта қалыптастырушы бағалауды қолдану, бағалаудың тиімді тәсілдерін, әдістері мен құралдарын пайдалану бойынша шеберлік сыныптары өткізілді.

Мектеп климатының аспектілері мен негізгі компоненттері қарастырылған, сонымен қатар оны жақсартуға ықпал ететін тәжірибелер ұсынылған. Математика және жаратылыстану пәндерінен сабақтарды көлденең және тік жоспарлаудың ерекшеліктері зерттелді.

Оқытуды технологияландырудағы, мұғалімнің АКТ құзыреттілігін арттырудағы, оқыту сапасын бағалауда және арттыруда АКТ қолдану жолдары мен үдерісін тиімді жоспарлаудағы маңызды аспектілер қаралды.

Тілдік емес пәндер мұғалімдері «пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL)» заманауи тәсілдерімен, CLIL шеңберінде білімді жандандырудың кейбір негізгі тәсілдерімен танысты.

Бұл іс-шара ауылдық мектептерде жұмыс істейтін педагогтерге әдістемелік және тәжірибелік қолдау көрсету қорындағы тағы бір білім беру алаңына айналды.

«ҚАЗАҚМЫС КОРПОРАЦИЯСЫ» ЖШС-МЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖОБА

2020 жылдың мамырынан 2021 жылдың шілдесіне дейін ДББҰ ПШО мен «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС арасындағы қызмет көрсету туралы шарт негізінде Қарағанды облысының Жезқазған, Балқаш, Сәтбаев және Ұлытау аудандарының жалпы білім беретін мектеп педагогтерін кәсіби дамыту жөніндегі жобасын іске асырды.

Бұл ынтымақтастық «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС әлеуметтік жобасының аясында өтті және жоғарыда аталған аудандар тұрғындарының өмір сүру сапасы мен қызметін арттыруға бағытталған.

ДББҰ-ның осы жобасының аясындағы негізгі мақсаты - педагог мамандардың кәсіби біліктілік деңгейін арттыру, осы аймақтардағы білім деңгейін арттыру мақсатында оларға әдістемелік қолдау көрсету болып табылады. Жоба Қарағанды облысының ең шалғай өңірлерін, оның ішінде ауылдық шағын жинақты мектептерді де қамту мүмкіндігін берді.

ПШО жобасының бастапқы кезеңінде Балқаш, Жезқазған, Сәтпаев, Ұлытау аудандарының жалпы білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарының мәселелері мен қажеттіліктерін анықтау бойынша мониторингтік зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында 191 сабаққа сұхбат, сауалнама, бақылау жүргізілді және 251 құжат (мектептің даму жоспарлары, педагогикалық/әдістемелік кеңестердің жұмыс ақысы, мектеп басшылары мен мұғалімдерінің портфолиосы) зерттелді. Зерттеу нәтижелері бойынша педагогтердің кәсіби дамуының негізгі бағыттары - мектепті басқару, оқыту және сабақ беру ұсынылды.

Осы бағыттар бойынша 1 257 әдістемелік іс-шара және 9947 адамды қамтыған жеке онлайн-кеңестер өткізілді.

«Мектепті басқару» бағыты аясында мектеп директорларына арналған вебинарлар, дөңгелек үстелдер, онлайн-кеңестер өткізілді. Бұл іс-шаралар қашықтықтан оқыту жағдайында мектептегі білім беру үдерістерін басқару, мектепті басқару үшін АКТ мүмкіндіктерін пайдалану, білім беру үдерісін бақылау және талдау, сондай-ақ мектепшілік бақылауды жоспарлау және ұйымдастыру, мектептің дамуын стратегиялық жоспарлау мәселелерін талқылауға бағытталған.

«Сабақ беру мен оқыту» бағыты бойынша аймақтардағы педагогтерге әдістемелік қолдау:

- математикалық және оқу сауаттылығын дамыту, бағалау тапсырмаларын

әзірлеу және сараптау, пәндер бойынша орта білім мазмұнын жаңарту, зерттеу бойынша мектеп тренерлерінің бағдарламасы аясындағы біліктілікті арттыру курстары (1 332 адам),

- оқыту семинарлары/вебинарлары (5120 адам) ұйымдастырылды.

Семинарларда мұғалімнің зерттеу практикасын ұйымдастыру (сабақты зерттеу және іс-әрекеттегі зерттеу), қашықтан оқыту кезеңінде тиімді жоспарлау, қашықтықтан оқыту кезеңінде оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау, қашықтан оқытуды қолдау үшін онлайн-ресурстар, мектептерде тәлімгерлікті ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау дағдыларын дамыту үшін критериялды бағалау мәселелері бойынша 1 065 адамды қамтыған тоқсандар арасында 4 демалыс кезіндегі мектеп өткізілді.

НЗМ тәжірибесі шеберлік сыныптары мен семинарлар арқылы таратылған психологиялық-педагогикалық қызмет қызметкерлері мен мектеп кітапханашылары оқушыларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру саласындағы мәселелері жөніндегі бұл жобаға шақырылды.

Осы жоба аясында Қарағанды облысы аймақтары мектептерінің 25 педагогіне білім беру туры ұйымдастырылды. Турдың ерекшелігі - аймақтың қашық мектептерінен, соның ішінде шағын жинақталған мектептерден келген педагогтердің кәсіби дағдыларын дамытудың бірегей мүмкіндігі. Мұғалімдер «Саралап оқыту», «Тиімді сабақты көлденең және тігінен жоспарлау», «Оқытудың тиімді формалары мен әдістері», «Авторлық бағдарламаларды әзірлеу» тақырыптары бойынша семинарлардан өтті.

Жоба біліктілікті арттыру курстарын кіріктіру және педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету негізінде бірыңғай білім беру кеңістігін құруға ықпал етті. Жобаны іске асыру нәтижелерін талдау 4 аймақтағы педагог мамандардың кәсіби шеберлік деңгейі және оқушылардың білім сапасының көрсеткіштері өскенін көрсетті.

**«АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
ОРТА БІЛІМ БЕРУ
ЖҮЙЕСІН ДАМУҒА
ЖӘРДЕМДЕСУ» ЖОБАСЫ**

Дүниежүзілік банктің соңғы болжамдарына сәйкес, COVID-19 індеті қазақстандық оқушылар арасында функционалдық сауаттылықтың айтарлықтай төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сонымен бірге, сарапшылар Қазақстанның білім беру жүйесіндегі айтарлықтай теңсіздікті көрсетеді. Бұл оқыту тілдері, гендерлік және ел аймақтары тұрғысынан да байқалады.

Ұлттық статистика және халықаралық салыстырмалы зерттеулер деректері Атырау облысының білім беру сапасы елдің орташа көрсеткіштерінен артта қалғанын көрсетеді.

Осыған сәйкес, облыс әкімдігі «Атырау облысының білім беру жүйесін дамытуға жәрдемдесу» жобасын ұсынды.

Жобаны іске асыру шеңберінде ДББҰ өңірдің жалпы білім беретін мектептерінің жағдайын, оқыту мен білім беру сапасын зерделеуге арналған құралдарды әзірледі.

Жобаның қойылған міндеттеріне байланысты Атырау облысы мектептерінің білім беру қызметіне оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі, педагогтердің кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктерін диагностикалау, мектеп ахуалы мен инфрақұрылымын талдау арқылы ауқымды зерттеу жүзеге асырылды.

Аталған зерттеуді жүргізуге түрлі бағыттағы ДББҰ-ның екі жүзден астам маманы (практик-педагог, әдіскерлер, АТ мамандары, психологтер, статистика сарапшылары және т.б.), сондай-ақ БҰҰ Халық қоныстану қорының, БҰҰ Балалар қорының, Дүниежүзілік банктің, Ресей Федерациясының Жоғары экономика мектебінің және т.б. халықаралық сарапшылар тартылды.

Нормативтік-құқықтық құжаттардың жобалары, түрлі оқу ресурстары - элективті курс бағдарламалары, қосымша білім беру бағдарламалары және т.б. әзірленді.

Педагог әлеуетін арттыру мақсатында бірнеше мамандар тобы (тренерлер, әдіскерлер және т.б.), өңірдің білім беру жүйесінде жаңартпалы идеяларды ілгерілетуге және оң өзгерістерді іске асыруға қабілетті күш ретінде мектеп басшыларының резерві әзірленді.

Жобаның нәтижелері ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету, облыстың білім беру жүйесін қолдау және білім беру саласындағы өңірлік саясатты іске асыру нәтижелері осы талдамалық есепте ұсынылған.

Атырау облысы білім басқармасының қызметкерлеріне халықаралық салыстырмалы зерттеулер мен ұлттық тестілеулердің қорытындыларын талдау және түсіндіру үшін қолжетімді деректерді пайдалану бойынша оқыту іс-шаралары.

Өңірде орта білім беру ұйымдарынан талдамалық зерттеулер жүргізуге дайын оқытылған мамандардың - білім басқармасы, әдістемелік орталық қызметкерлері (60 адам) қатарынан 3 бағытта: талдамалық, статистикалық, басқарушылық (обл. ББ-ның 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 91 бұйрығы) бағытта Талдамалық тобы құрылды.

Олар үшін халықаралық зерттеулер мен ұлттық тестілеулердің қорытындылары бойынша талдау және түсіндіру үшін қолжетімді деректерді пайдалану бойынша тренинг өткізілді.

Құрылған талдау тобына білім беру үдерісінің жағдайы мен сапасын жақсарту үшін оқушылардың оқу жетістіктеріне тұрақты түрде мониторинг жүргізу, ҰБТ нәтижелеріне талдау жасау, облыс педагогтерін аттестаттауға мұқият қарау ұсынылды.

Қала және ауыл мектептерін диагностикалау және зерттеу. 50 мектепті кешенді зерттеу

Тапсырманы орындау үшін бірқатар іс-шаралар өткізілді, атап айтқанда:

1) ДББҰ, ПШО, ПӨО, БББО қызметкерлерінен, Зияткерлік мектептердің педагогтерінен 125 адам көлемінде жұмыс тобы құрылды.

2) Индикаторлар ДББҰ жұмыс тобының отырыстарында талқыланды, онда мектептердің ағымдағы жағдайы үшін неғұрлым өзекті мәселелер іріктеліп, ұсынылды.

3) Ақпаратты жинау құралдары мен әдістемесі әзірленді, сапалы және сандық әдістерді пайдалана отырып, Атырау облысының 50 мектебінде зерттеу жүргізілді. Іріктеме оқыту тілі (қазақ, орыс) және орналасқан жері (ауылдық, қалалық, орталық, шет) әртүрлі мектептермен ұсынылған.

Мәселен, 2021 жылғы 11-22 мамыр аралығында мектептердің оқу-тәрбие үдерісін кешенді диагностикалау және зерттеу, оқушылардың оқу жетістіктерінің сапасына, педагогикалық кадрлардың сапалық құрамына (біліктілік деңгейлері, жас құрамы, өтілі бойынша, санаттары бойынша, оқу жүктемесі бойынша, білік-

тілікті арттыру курстарынан өту және т.б. туралы) талдау жүргізілді.

Кешенді зерттеу нәтижелері бойынша Атырау облысының 50 мектебінің негізгі мәселелері анықталды, оларды мектептердің индикаторлары мен көрсеткіштерін әзірлеу кезінде ескеру қажет.

Нәтижесінде облыстың 50 мектебінің педагогтері мен басшыларына арналған ұсынымдарды қамтитын мектептердің 64 талдамалық есебі дайындалды (мектептердегі оқыту тілін ескере отырып: екі тілдегі 14 мектеп үшін, қазақ тіліндегі 34 мектеп үшін, орыс тіліндегі 2 мектеп үшін).

197 мектепте 11320 оқушыға арналған 14 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырушы тесті ұйымдастырылып өткізілді.

4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг ұйымдастырылып, өткізілді.

Білім беру үдерісіне қатысушылардың академиялық адалдығы

Академиялық адалдық бағдарламасы бойынша Атырау облысының мектеп әкімшілігі мен педагогтерін оқыту 2021 жылғы 1-4 қараша аралығында Атырау облысының барлық мектептерінің басшылары үшін (210 адам) жүргізілді.

Мектеп басшылары оқушылар арасында академиялық адалдық бойынша бірыңғай сабақ өткізу әдістемесімен танысты. Семинар қатысушыларына академиялық теріс қылықтың түрлері көрсетілген жағдаяттық бейнероликтер ұсынылды. Мектепте академиялық адалдықты сақтау туралы ата-аналардың, оқушылар мен мектеп педагогтерінің сұхбаттары көрсетілді. Оқыту 11 топқа, оның ішінде: 3 топ орыс тілінде және 8 топ қазақ тілінде өткізілді, семинар соңында **210 қатысушыға сертификаттар берілді.**

Қалалық және ауылдық мектептердің педагогикалық кадрларының кәсіби дамуы

Қалалық және ауылдық мектептердің педагогтерінің кәсіби қажеттіліктері анықталды, сабақты бақылау негізінде педагогтерге кері байланыс берілді, одан әрі қолдау көрсету мақсатында мұғалімдермен,

оқушылармен, ата-аналармен сауалнама жүргізілді.

Педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін анықтау үшін Атырау облысының 28 мектебі (оның ішінде: 12 - қалалық мектеп, 16 - ауылдық мектеп) педагогикалық шеберлік орталығымен зерттеу құралдары әзірленді:

- қалалық және ауылдық мектептердің басшыларына, педагогтеріне, оқушылары мен ата-аналарына арналған сауалнама;
- аудандық білім бөлімдері басшыларының, қалалық және ауылдық мектептер басшылары мен педагогтерінің сұхбатына арналған сұрақтар тізбесі;
- сабақты бақылау картасы;
- мектеп құжаттамасын зерттеуге арналған бағалау парағының үлгісі.

Онлайн сауалнама жүргізуге және талдау үшін деректерді одан әрі түсіруге LimeSurvey платформасы <https://cpm.kz/forms/> дайындалды.

Барлығы:

- 336 сабақты бақылау;
- Онлайн-сауалнама 14760 респондентке (оның ішінде: басшылар - 83, педагогтер - 2360, оқушылар - 6122, ата-аналар - 6195);
- 16 респондентпен сұхбат жүргізу (білім беру бөлімінен 1 басшы, аудандық әдістемелік кабинеттен 1 басшы);
- 1066 мектеп құжатын талдау жүргізілді.

Жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша талдамалық есеп дайындалды.

Жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыру

Атырау облысы педагогтеріне оқытуды ұйымдастыру үшін:

- Атырау облысы педагогтерінің тізімі жинақталды;
- sdo.cpm.kz платформасында жобаға бөлек қойынды әзірленді, сілтеме: <https://sdo.cpm.kz/local/crw/index.php?cid=50&crws>;
- осы ресурс арқылы ағымдағы жылдың сәуір айынан қазан айына дейін біліктілікті арттыру курстарында **1060 педагог** оқытылды.

Педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту

Онлайн форматта жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің АКТ құзыреттілігін анықтау бойынша:

- LimeSurvey <https://cpm.kz/forms/> платформасында сауалнама әзірленді;

- 197 мектептің 12276 педагогіне сауалнама жүргізілді;

- сауалнама қорытындысы бойынша 2021 жылдың сәуір айынан мамыр айына дейін зерттеу жүргізілді.

Зерттеу мақсаттары: респонденттердің АКТ құзыреттілігінің деңгейін анықтау және оларды жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу. Деректерді жинау зерттеу фокустары шеңберінде жүзеге асырылды:

- педагогтердің сервистер мен бағдарламаларды пайдалану деңгейі;

- ақпараттық қауіпсіздік туралы педагогтердің хабардар болу деңгейі;

- синхронды және асинхронды оқытуды ұйымдастыруға арналған құралдарды меңгеру деңгейі. Деректерді жинау көзі респонденттердің практикалық және тест тапсырмаларын орындау қорытындылары бойынша жүргізілген білім мен дағдыларын кешенді бағалауға бағытталған онлайн-сауалнама болды. **Талдамалық есеп жасалып, Атырау облысының ББ-на жіберілді.**

АКТ құзыреттілігінің деңгейін анықтау және қашықтан білім беру жағдайында оларды жетілдіру стратегиясын әзірлеу бойынша ұсынымдар жасау арқылы зерттеу жүргізілді, оған облыстың жалпы білім беру ұйымдарының педагогтері қатысты.

Зерттеу **2021 жылғы сәуір-мамыр аралығында 12276 респондентті қамти отырып жүргізілді.**

Респонденттердің үлкен үлесі (орта есеппен 47%) онлайн-қолдауға мұқтаж. Респонденттердің осы санатынының пікіріне сәйкес, мынандай форматтар пайдалы, олар:

- біліктілікті арттырудың онлайн-курстары;

- вебинарлар;

- бейнесабақтар;

- шеберлік сыныптары.

Респонденттердің көпшілігі (орта есеппен 54%) ең көп сұранысқа ие деп мыналарды атады:

- АКТ негізінде білім беру орталарында оқу ресурстарын әзірлеу және жұмысты ұйымдастыру;

- сабақта мәтіндік редакторлардың жұмыс қағидаттары мен пайдалану мүмкіндіктері;

- оқыту мәселелерін шешуге бағытталған қажетті цифрлық ресурстарды іздеу;

- электрондық поштаның есептік жазбасын жасау және пайдалану;

- оқушыларды объективті бағалау үшін және бірлесіп оқыту мен өзара іс-қимылды ұйымдастыру үшін интернет-ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану;

- оқушыларды оқу үдерісіне тарту үшін интерактивті тапсырмаларды әзірлеу.

Біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу.

Осы қызмет аясында 2 бағдарлама әзірленді:

- **оқыту және басқару үшін компьютерлерді, мобильді құрылғыларды, қолжетімді бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға, сондай-ақ қазақстандық білім беру ресурстарымен және платформаларымен жұмыс істеуге үйрету бағытындағы** базалық деңгей. Осы бағдарлама аясында педагогтер оқыту және кәсіби даму үшін түрлі интернет-ресурстар мен сервистердің мүмкіндігін пайдалану дағдысына ие болды;

- білім беру ортасын тиімді ұйымдастыру үшін оқу және оқыту үдерісіне интернет-ресурстарды кіріктіруді үйретуге бағытталған **ілгері деңгей**. Осы бағдарлама аясында педагогтер оқыту және бағалау үшін өз материалдарын әзірлеуді үйренді.

Мұғалімдер қатарынан тренерлерді даярлау

Тренерлерді іріктеу үш кезеңмен өткізілді (түйіндеме бойынша іріктеу, тестілеу, әңгімелесу). Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің 55 түйіндемесі іріктелді.

Тестілеуден 50 адам өтті, оның ішінен соңғы кезең - әңгімелесуден 40 педагог өтті. Курстарда 40 тренер оқытылды (36 қазақ тілінде, 4 орыс тілінде).

Мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыру

Осы екі бағдарлама (базалық деңгей және ілгері деңгей) бойынша 2021 жылғы 29 шілде мен 31 тамыз аралығында біліктілікті арттыру курстары өткізілді, 3600 педагог (3000 қазақ тілінде, 600 орыс тілінде) оқытылды:

- ілгері деңгей - 200 адам;

- базалық деңгей - 3400 адам.

Облыста цифрлық сауаттылықты дамыту бойынша:

- оқушылардың цифрлық сауаттылығын енгізу және ілгерілету үшін мұғалімдердің сыни массасын құру мақсатында АКТ құзыреттілігін дамыту курстарында оқытылған 40 тренерге облыс педагогтерін оқытумен қамту;

- ілгері деңгейде оқытылған мұғалімдер оқыту және бағалау үшін өз материалдарын әзірлеу, білім беру ортасын тиімді ұйымдастыру үшін сабақ беру және оқыту үдерісіне интернет-ресурстарды енгізу және біріктіру;

- мұғалімдер алған құзыреттіліктерін оқу үдерісінде барынша қолдана алу, жоба барысында әзірленген ресурстарды әртүрлі білім беру платформаларында тарату.

Мүмкіндіктер мектебі - «Зияткер»

Жергілікті атқарушы органдардың ДББҰ көмегімен Атырау облысында конкурстық іріктеу негізінде жоғары мектеп (9-11-сыныптар) оқушылары үшін «Зияткер» мүмкіндіктер мектебін құру мақсаттарының бірі - облыстың дарынды балаларының білім деңгейін арттыру болып табылады. Аталған мектепте жоғары мектеп пәндерінің мазмұнын, сабақтан тыс іс-әрекет (үйірмелер) бағдарламаларын тереңдету және кеңейту үшін жаратылыстану-математикалық, лингвистикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша қазақ және орыс тілдерінде 17 элективті курспен күшейтілген ҚР МЖМБС-ға сәйкес білім беру бағдарламасы тиімді іске асырылатын болады, бұл балалардың алған білімдерін іс жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастыруға және жан-жақты дамытуға зор ықпал ететіні сөзсіз (33-суретті қараңыз).



33-сурет. «Зияткер» мектебінің ашылуы

ДББҰ «Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатын уақытылы ашу үшін Мектеп жарғысының жобасы әзірленіп, талқылауға ұсынылды. Кеңістікті тиімді пайдалану мақсатында мектептің дизайны, оқу кабинеттерін қабаттар бойынша бөлу жоспары, 9-10-сыныптар аралығында екі тілде оқытуды ескере отырып, оқу кабинеттері мен педагогтерге қажеттілікті есептеу, оқу жабдығы мен жиһазға қажеттілік тізбесі, қажетті оқу жабдығының тізбесі әзірленді. Сонымен қатар, оқыту практикасын жақсарту және педагогтердің қажеттіліктерін анықтау үшін жоспардан тыс әдістемелік іс-шаралар:

- кері байланыс берумен 20 сабақты бақылау (8 педагог);

- оқытуды жоспарлау және тиімді әдіс бойынша 2 семинар;

- «Тиімді мұғалімнің құзыреттіліктері» атты 1 коучинг-сессия;

- мектеп педагогтерінің онлайн-сауалнамасы;

- оқу үдерісін ұйымдастыру және мектептік бақылау мәселелері бойынша мектеп әкімшілігі мүшелеріне кеңес беру өткізілді.

9-10-сынып оқушыларына тәуелсіз конкурстық іріктеу ұйымдастырылып, өткізілді.

Мұғалімдердің конкурстық іріктеуі ұйымдастырылып, өткізілді.

«Зияткер» Мүмкіндіктер мектебінің педагог мамандарына пәндік оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша оқыту жүргізілді.

Педагогтерді оқыту екі кезеңде онлайн режимінде, педагогтерді мектепке қабылдау шамасына қарай жүргізілді.

- 2021 жылдың 3 қыркүйегінде 9-11-сынып мұғалімдерінің жаңартылған оқу мазмұнының білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру ерекшеліктері бойынша оқытудың бірінші кезеңі өткізілді;

- 11-12 қазанда мектептің 12 педагогін оқытудың екінші кезеңі өткізілді.

Оқыту нәтижелері бойынша сертификаттар алды.

Элективті курстардың бағдарламаларын әзірлеу

Жоғары мектеп пәндерінің мазмұнын тереңдету және кеңейту үшін жаратылыстану-математика, лингвистикалық және қоғамдық-гуманитарлық

бағыттар бойынша қазақ және орыс тілдерінде 17 элективті курс әзірленді. Әрбір элективті курсқа курс бағдарламасының қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық нұсқалары бар диск, қосымша материалдар (тапсырмалар жинақтары, әдістемелік нұсқаулықтар, постерлер, жұмыс дәптерлері және басқалар) қоса берілген.

Қосымша білім беру

Мектептегі қосымша білім – бұл сабақтан тыс іс-шаралар және бір кеңістікке біріктірілген элективтер. Жалпы, оқушылардың мектепке дейінгі білім жүйесі: оқушылардың қажеттіліктеріне жауап береді; жеке тұлға мен шығармашылық әлеуетті ашуға көмектеседі; балалардың психологиялық және әлеуметтік жайлылығын қамтамасыз етеді; оқушылар арасындағы қарым-қатынасты орнатады; өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге итермелейді; сабақта алған білімдерін тереңдету және қолдану арқылы жалпы мектептегі білім беру әлеуетін жүзеге асырады. Баланың мектептен тыс жерде белгілі бір іс-шарамен айналасуы оның тәртіптілігін, жинақылық және өзін-өзі бақылауын қалыптастырады. Бірлескен сабақтар оқушыларды топ құрамында жұмыс істеуге үйретеді, командалық рухты нығайтады, қарым-қатынас дағдылары мен жауапкершілікті тек өздері үшін ғана емес, бүкіл команда мүшелері үшін де дамытады.

Қосымша білім беруді жетілдіру мақсатында 9 білім беру бағдарламасы әзірленді:

- Инженерлік іс.
- Ұшқышсыз ұшу аппараттары.
- WEB-дизайн және әзірлеу.
- Бейнеөндіріс (Видеопродакшн), Youtube-ке контент шығару.
- «LEGO WEDO 2.0 құрастыру».
- Дизайнерлік және сәулеттік жобалау.
- Қыш өнерінің негіздері.
- Сыртқы көрініс эстетикасы.
- Әмбебап (үй) шебер.

Сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларына:

- **екі тілде 180 әдістемелік материал** (оқу материалдары, промо-роликтер, презентациялар);

- қосымша білім беру бағдарламаларына арналған бейнесабақтар (Youtube арнасына жүктелген);

- 18 біліктілікті арттыру бағдарламасы (тренерлерді даярлауға арналған 9 бағдарлама, педагогтерді даярлауға арналған 9 бағдарлама) әзірленді.

Өңірдің қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатарынан тренерлерді даярлау мақсатында қосымша білім беру бағдарламаларын одан әрі іске асыру үшін қосымша білім берудің үздік педагогтері қатарынан тренерлер құрамына іріктеу жүргізілді: ББ-дан ұсыным хаттары бар портфолио, ауызша әңгімелесу, тренерлерді оқытуға 50 кандидат іріктелді. Тренерлерді даярлау бойынша оқыту семинары 2021 жылғы 22 қарашада өткізілді, 50 тренер оқытудан өтті.

Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша **дайындалған 50 сертификатталған тренер** қосымша білім беру ұйымдарында және мектептерде заманауи талаптар мен стандарттарға сәйкес оқушыларға қосымша білім беруді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Мектептерде қосымша білім беруді нығайту үшін келесі іс-шаралар ұсынылды:

- оқытылған және сертификатталған 50 тренер облыстың ББ-мен бірлесіп мұғалімдерді оқытуды жүргізу және оқу үдерісіне қосымша білім берудің 9 бағдарламасын жүйелі түрде енгізу: Инженерлік іс (қолданбалы математика, физика, информатика), Ұшқышсыз ұшу аппараттары, WEB-дизайн және әзірлеу, Бейнеөндіріс, Youtube үшін контент шығару, LEGO WEDO 2.0 құрастыру. Дизайнерлік және сәулеттік жобалау, Қыш өнерінің негіздері, Сыртқы көрініс эстетикасы, Әмбебап (үй) шебер;

- қосымша білім беруді оқушылардың сұраныстары мен қызығушылықтарына қайта бағыттау (Робот техникасы, STEAM оқыту және т.б.);

- оқушылардың барлық санаттары үшін қосымша білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Оқушылардың әл-ауқаты

Халықаралық стандарттарға және ұлттық заңнамаға сәйкес оқушылардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу жөніндегі жобалау тобы құрылды (ББ, Әдістемелік орталық, мектептер қызметкерлерінен, Атырау облысы білім басқармасының бұйрығымен бекітілген).

Нормативтік құқықтық құжаттар әзірленіп, ЖАО-ға берілді:

1. Мектептің психологиялық қызметі туралы ереже.
2. Мектептегі қауіпсіздік ережелері.
3. Мектептегі психологиялық қызмет кабинетіне қойылатын талаптар.
4. Мектептегі буллингтің алдын алу және шешу жөніндегі ұсынымдар.
5. Мектептегі ПМПК туралы ереже.
6. Мектептердегі сексуалдық қанау, сексуалдық қорлау және кез келген сипаттағы кемсітуден қорғау саясаты.
7. Оқушыларды қатыгез іс-әрекет жайттарынан қорғау саясаты;

Ұсынылды:

– облыс мектептерінің басшылары, педагогтер мен психологтар (ББ әдіскерлері) арасында жіберілген НҚА бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- жобалық жұмыс тобының жұмысын тұрақты негізде жүзеге асыру.

«Берік отбасы» мектебіндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне ден қою және алдын алу.

«Берік отбасы» бағдарламасы бойынша сынып жетекшілері, мектеп психологтері оқытылды (фасилитаторларды даярлау).

«Берік отбасы» балалар мен ата-аналар қарым-қатынасын нығайту (40 сағаттан кем емес), оларды қажетті оқу-әдістемелік материалдарымен қамтамасыз ету бойынша дайындық іс-шаралары жүргізілді:

Атырау қаласының 16 мектебіне сапар жасалды. Сапардың мақсаты:

- «Берік отбасы» бағдарламасын таныстыру;
- «Берік отбасы» бағдарламасы бойынша тренингке қатысатын педагогтерді іріктеу;
- «Берік отбасы» бағдарламасы бойынша тренингке қатысатын Атырау қаласының 16 мектебінің мұғалімдерінің тізімі жасалды.

Атырау қаласында 2021 жылғы 17-20 тамыз аралығында Халықаралық тренер (Ұлыбритания) Дебора Аленнің қатысуымен 4 күндік тренинг өткізілді. Тренингке қатысушылар: Атырау қаласының 16 мектебінен 48 педагог қызметкер және Атырау облысы ББ әдістемелік орталығының 6 әдіскері. «Берік отбасы» бағдарламасы бойынша барлығы 54 фасилитатор оқытылды.

16 мектепте бағдарламаға мониторинг

жүргізу мақсатында мектептерге ББ әдістемелік орталығының әдіскерлері бекітілді. WhatsApp-та фасилитаторларға қашықтан кеңес беру үшін чаттар құрылды.

22-31 қазан аралығында әдістемелік көмек көрсету және бағдарламаға мониторинг жүргізу мақсатында 16 мектепке сапар ұйымдастырылып, фасилитаторлармен кездесу болды. Мониторинг барысында бағдарламаны пилоттау кезеңінде келесі қиындықтар анықталды:

- ата-аналарды бағдарламаға тарту. Жұмысбастылыққа байланысты қатысудан бас тарту, сабаққа сенбі және кешкі уақытта қатысуды қаламау;

- оқу сабақтан тыс уақытта және заңды өкілдердің жұмыс уақытын ескере отырып өткізілді;

- ата-аналардың сабаққа қатыспауы, орта есеппен сабаққа 6-дан 8-ге дейін ата-ана қатысты, әр мектепте 10 ата-ана жоспарланған;

- іс-шараға кететін күштің шығыны, мұғалімдер сабақты кешкі уақытта жүргізді, жұмыстан кейін сағат 18-19-дан 21-22-ге дейін. Демалыс күндері сағат 9-дан 13-ке дейін, осылайша көптеген жеке уақыт өтіп, бұл мұғалімдердің психофизикалық жағдайына әсер етті;

- бағдарламаға қатысушыларды ынталандырудың төмендігі, пилоттық кезеңде бағдарламаны аяқтау қаупі бар, өйткені пилотқа қатысушылар шаршайтындарына шағымданды, фасилитаторлардың белгілі бір бөлігі болашақта бағдарламаны жалғастырғысы келмеді және мектептерде мұндай бағдарламаларды өткізу ақылы болуы керек деген тілек білдірді;

- болашақта бағдарламаны кеңейту және оның тұрақтылығы үшін аймақта тренерлерді даярлауды жалғастыру қажет.

Ұсынылды:

- облыс деңгейінде өз мектебінде бағдарлама енгізетін фасилитаторлар үшін материалдық (қосымша ақылар, сыйақылар) және материалдық емес (жұмыстан босату, демалыстар) сыйақылар енгізу;

- «Берік отбасы» бағдарламасын енгізетін педагогтерге тұрақты мониторинг және әдістемелік қолдау көрсету үшін ББ әдіскерлерін, тренерлерді одан әрі оқыту.

Мектепте оқушылардың абайсызда жарақаттануын мониторингілеу жүйесін енгізу мақсатында (жаттықтырушы-

ларды даярлау есебі жүйесі, әдістемелік қолдау 2021 жылғы 11-12 қараша аралығында Атырау қаласындағы 16 мектептің медицина қызметкерлерін даярлау және абайсызда жарақаттану мониторингі бойынша онлайн-семинар өтті.

Семинар нәтижелері бойынша қатысушыларға электрондық әдістемелік материалдар, оның ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі презентациялар, мектептегі оқушылардың жарақаттануына мониторинг жүргізу жөніндегі әдістемелік материалдар және оқушылардың жарақаттануына мониторинг жүргізу құралын пайдалануға түсіндірме жазбалар берілді. Оқыту нәтижесі бойынша 16 қатысушы-мектептің медицина қызметкерлеріне сертификаттар дайындалып, 2021 жылдың желтоқсан айында Атырау облысы Білім басқармасының әдістемелік орталығына тапсырылды.

Ұсынылды:

- жобаны іске асыруға Денсаулық сақтау басқармасын тарту (облыс әкімдігі деңгейінде тиісті тапсырма беру);

- мектеп мұғалімдері мен оқушыларының психоэмоциялық жағдайына мониторинг жүргізу;

- мектеп психологтері мен әлеуметтік педагогтердің кәсіби шеберлік деңгейін арттыру бойынша жұмыс істеу.

Оқушыларға дағдарыстық көмек көрсету, суицидтің алдын алу, қауіп-қатер тобымен жұмыс жүргізу, оқушыларды мектептен шығарудың алдын алу бойынша келесі іс-шаралар өткізілді:

- 2021 жылғы 20-24 қыркүйекте білім беру ұйымының 35 қызметкеріне 5 күндік семинар-тренинг (4 модуль: 2 модуль оффлайн, 2 модуль онлайн)

- 2021 жылғы 8 қазанда 32 мектеп мамандары, 16 психолог және 16 әлеуметтік педагог, 3 әдіскерге интервизиядағы қиын жағдайды талдау үшін кейстер жазу бойынша психологтер мен әлеуметтік педагогтерді оқыту бойынша модульаралық сессия өткізілді.

- 19 қазанда «Интервизия психологтер мен әлеуметтік педагогтердің практикасындағы қиын жағдайларды шешуге әдістемелік көмек көрсету нысаны ретінде» тақырыбы бойынша курстың 3 модулі өткізілді.

- 17 қарашада 16 мектептің 32 қызметкері, 3 әдіскеріне интервизия өткізу

практикасы бойынша модульаралық сессия өткізілді.

- 18 қараша – HEADSS жасөспірімдердің психоэмоциялық жай-күйін бағалау аспабын оқыту, балаға қатыгездікпен қарау жағдайларында аспапты пайдалана отырып кейсті талдау және талқылау бойынша 4 модуль өткізілді (34-суретті қараңыз).



34-сурет. Семинар жұмысы

Оқушылардың репродуктивті (ұрпақ әкелуге қабілеттілік) денсаулығын қорғау бойынша репродуктивті денсаулық пен оқу бағдарламасын қорғау интеграциясының биология пәні мұғалімдері оқытылды. БҰҰ халық қоныстануы қорының саласындағы Республикалық жазғы мектебіне одан әрі қатысу үшін жоғары сынып оқушыларынан еріктілер желісі құрылды, жоғары сынып оқушыларынан тренерлер даярлау.

2021 жылғы 7-11 маусым аралығында Атырау қ. химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі базасында Атырау қ. оқушыларының 16 мектебі арасында тренерлерге арналған «Жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулығын қорғау мәселелерін тең-теңімен әдісімен оқыту» тренингі өтті. Жастар арасында «тең-теңімен» қағидаты бойынша оқыту – бұл жастардың өздері білім беретін, көзқарастар қалыптастыратын және жасы мен әлеуметтік жағдайы бойынша өздеріне тең, сондай-ақ мүдделері ұқсас немесе ұқсас қауіп-қатерге тап болған адамдар арасында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға көмектесетін оқыту түрі.

Атырау қаласындағы тренинг Атырау облысында Y-Peer еріктілер желісін құруға бағытталған алғашқы іс-шара болды. Y-Peer жастар желісі 1999 жылы ЮНФПА қолдауымен құрылды. Қазіргі уақытта Y-Peer репродуктивті денсаулық пен жастардың құқықтарын қорғау саласында жұмыс істейтін 500-ден астам ұйым мен бүкіл әлем

бойынша мыңдаған жастарды біріктіреді. Желі Шығыс Еуропа мен Орталық Азия, Таяу Шығыс, Солтүстік және Шығыс Африка, Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі құрдастарын біріктіреді. Қазақстанда Y-Peer желісі өз қызметін 2003 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында бастады (35-37-суретті қараңыз).



35-37-суреттер. Репродуктивті денсаулық бойынша тренингке қатысушылар.

5 күндік тренинг аясында Атырау қаласында көшбасшылық, денсаулық және салауатты өмір салты, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар, контрацепция, жауапты мінез-құлық, гендер және гендерлік

теңдік, буллинг және басқа да тақырыптар қаралды. Тренингтің соңғы күні қатысушылар таңдалған тақырыптар бойынша байқау тренингтерін өткізді.

Жобаның серіктесі БҰҰ-ның халық саны саласындағы қоры (ЮНФПА) болып табылады. Тренинг қорытындысы бойынша қатысушыларға сертификаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді. Конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша тренингке 3 қатысушы ЮНФПА-ның техникалық және қаржылық қолдауымен ұйымдастырылған жазғы көшбасшылық мектебінің жұмысына қатысты.

Жазғы көшбасшылық мектебі Түркістан облысында 2021 жылдың 22-27 тамыз аралығында өтті.

2021 жылғы қарашадағы жағдай бойынша тренинг пен жазғы көшбасшылық мектебінің қатысушылары сыныптастарына өз мектептерінде тренингтер өткізеді (38-39-суретті қараңыз).



38-39 суреттер. Жазғы көшбасшылық мектебінің қатысушылары

2021 жылғы 1-6 қараша аралығында Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мек-

тебі базасында «Биология» пәні бойынша 32 мұғалімге, Атырау қаласы мектептерінің 16 педагог-психологіне және 16 әлеуметтік педагогіне арналған «Валеология» курсы бойынша жыныстық және репродуктивті денсаулықты қорғау мәселелері бойынша күшейтілген компонентпен тренинг өтті.

Тренинг бағдарламасына сәйкес денсаулық, репродуктивті жүйе аурулары, жұқпалы аурулардың алдын алу, жоспарланбаған жүктіліктің алдын алу, отбасын жоспарлау және жауапты ата-ана болу мәселелері және басқа да тақырыптар қаралды. Бұдан басқа, шағын оқыту бойынша сессиялар өткізілді, оның мақсаты қатысушылардың бойында репродуктивті денсаулықты қорғау бойынша оқушылармен мақсатты белгілеу, жоспарлау, сабақтарды дайындау және өткізудің практикалық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Инфрақұрылым, білім беру ортасы

ЖАО-ға қажетті жабдықтардың, оқу, анықтамалық, көркем әдебиеттің, шығыс материалдарының тізбесін ұсыну

Атырау облысының 50 мектебінің оқу қызметінің барлық аспектілері бойынша талдау нәтижелеріне сәйкес қажетті оқу жабдықтары мен шығыс материалдары тізбесінің жобасы, оқу, анықтамалық және көркем әдебиет тізімдері мен тізбелері дайындалды, олар 2021 жылғы 28 қыркүйектегі № 04-04-4/948 хатымен Атырау облысының әдістемелік орталығына жіберілді.

Мектептегі білім беру ортасын түрлендірудің халықаралық тәсілдемелері және білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында білім беру ортасын жоспарлау бойынша оқыту

2021 жылғы 25-26 қарашада Білім басқармасының аудандық және қалалық білім бөлімдерінің, әдістемелік орталықтың қызметкерлері үшін халықаралық сарапшылардың және ДББҰ қызметкерлерінің қатысуымен мектептегі білім беру ортасын түрлендірудің халықаралық тәсілдемелері, сондай-ақ жалпы орта білім беру стандартын іске асыру жағдайында білім беру ортасын жоспарлау мәселелері бойынша оқыту семинарларының сериясы өткізілді.


Семинарға қатысушылар аймақтағы мектептер мен мектептен тыс ұйымдарда

инновациялық білім беру ортасын енгізу бойынша бастама көтеріп, өз ұсыныстарын білдірді.

2021 жылы 25 қарашада Ұнайбай Күшеков атындағы Атырау аграрлық-техникалық колледжі базасында 60-тан астам адамның қатысуымен семинардың ашылуы болды, олардың ішінде 30-ға жуығы көзбе-көз, ал қалғандары ZOOM конференция арқылы қатысты.

Қатысушылар Дүниежүзілік банктің Мәскеу өкілдігінің білім беру жобалары мысалында ұсынылған білім беру ортасын зерттеудің сараптамалық тәсілдемелерімен танысты. «Мектептегі білім беру ортасын түрлендіру» тақырыбы білім беру ортасын анықтау және халықаралық зерттеулердің нәтижелері бойынша материалдар негізінде қарастырылады. Семинарға қатысушылар ЭЫДҰ-ның «Ортақ күш-жігермен оқыту ортасының сапасын арттыру мақсатында мектептердегі сауалнамалар» атты кіріспе құралын алды, оны мектептегі білім беру ортасын диагностикалау үшін пайдалануға болады. «Білім беру ортасын жобалау шешімдері. Кеңістік пен функционалды жайларды қайта ұйымдастыру мүмкіндіктері» мәселесі қарастырылды. Бұл мәселе білім беру ортасын түрлендіру бойынша әртүрлі жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктеріне арналды. Білім беру ортасын ұйымдастыру Ресей Федерациясының Калининград облысының «Болашақ мектебі» мысалында көрсетілген (40-41-суреттерді қараңыз).





40-41-суреттер. «Мектептегі білім беру ортасын түрлендіру» семинарының жұмысы

2021 жылдың 26 қарашасында «Жаңартылған білім беру мазмұнын тиімді жүзеге асыру үшін білім беру ортасын жоспарлау» тақырыбы қарастырылды. Қатысушылар білім беру ортасының мәселелерін тиімді шешуді қамтитын түрлі пәндер бойынша жұмысты ұйымдастыру әдістерімен танысты, сондай-ақ химия, биология, қазақ тілі, өнер сабақтарында және мектепті безендіруде осы шешімдерді пайдалану бойынша практикалық жұмыстар жүргізді. Қазіргі білім беру ортасын және оның сипаттамаларын түсінудің халықаралық тәсілдері А.А. Пинский атындағы жалпы және қосымша білім беру орталығының, Ресейдің «Жоғары экономика мектебі» ФЗУ білім беру институтының, мысалында қарастырылған.

ЭЫДҰ-ның «Ортақ күш-жігермен оқыту ортасының сапасын арттыру мақсатында мектептердегі сауалнамалар» құралы егжей-тегжейлі ұсынылды, оны қатысушылар білім беру ортасының әртүрлі аспектілерін диагностикалау мақсатында мектеп басшыларына, мұғалімдерге және оқушыларға сауалнама жүргізу үшін пайдалана алады. Сондай-ақ, қатысушылар Google Forms бағдарламалық жасақтамасын және «Мектеп климаты мектеп экожүйесінің маңызды сипаттамасы ретінде» онлайн-сауалнаманы қалай ұйымдастыруға болатынын білді. Тыңдаушылар материалдарға, соның ішінде

презентацияларға, бейнежазбаларға және практикалық жұмыстарға сілтемелер алды.

60 педагогті мектептегі білім беру ортасын түрлендірудің халықаралық тәсілдемелеріне оқыту, сондай-ақ білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында білім беру ортасын жоспарлау тыңдаушыларға білім беру саласындағы негізгі халықаралық салыстырмалы зерттеулермен және олардың тәсілдемелері мен мазмұнындағы айырмашылықтарды зерттеумен танысуға мүмкіндік берді. Мұғалімдер Қазақстан Республикасы мен Атырау облысының нәтижелерін халықаралық салыстырмалы зерттеулердің дерекқорынан экстраполяциялауды, талдау және түсіндіру үшін қолжетімді деректерді пайдалануды үйренді. Тренингке қатысушылар SPSS, IDB Analyzer статистикалық бағдарламалық жасақтаманы пайдалана отырып, деректерді талдау бойынша базалық дағдыларды қалыптастырды.

«Атырау облысының орта білім беру жүйесін дамытуға жәрдемдесу» бірлескен өңірлік жобасы Назарбаев Зияткерлік мектептері, еліміздің жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің, қазақстандық және шетелдік сарапшылардың озық инновациялық тәжірибесін таратуға және алмасуға бағытталған және болашақта Атырау өңірінің мұғалімдері мен бүкіл мектеп қоғамдастығы үшін ашық диалог алаңына айналды.



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

Ресей Федерациясының ЮГРА - Ханты-Мансийск автономиялық округімен бірлескен жоба (ХМАО)

2019 жылдың қазан айында ДББҰ мен ХМАО-ЮГРА Білім және жастар саясаты департаменті арасында білім беру саласында ынтымақтастық және тәжірибе алмасу туралы келісім жасалды.

АСQUIN (Германия) **аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институтының халықаралық сертификаты бар оқыту әдістемесі мен технологиялары бойынша біліктілікті** арттырудың білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген ХМАО - Югра педагог қызметкерлерін оқыту бойынша онлайн-біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылып, өткізілді: «Тиімді оқу және оқыту» (2020) және «Қалыптастырушы бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдемесі ретінде» (2021).

2020-2021 жылдары ХМАО-Югра жалпы білім беру мектептерінің педагогтері үшін ДББҰ ПШО біліктілікті арттырудың 2 бағдарламасын әзірледі, олар бойынша 900-ден астам ресейлік педагог оқытылды. Курстардың бағдарламалары тиімді оқу және оқыту идеяларын жүзеге асыру үшін мұғалімдердің кәсіби дамуын жетілдіруге бағытталған және педагог қызметінің негізгі бағыттары (оқу үдерісін ұйымдастыру; сабақты жоспарлау және талдау; оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау) шеңберінде педагогикалық тиімділік туралы түсінікті береді.


Оқыту ПШО платформасында www.sdo.cpm.kz және ZOOM қызметін пайдалану арқылы өткізілді. Курс синхронды және асинхронды форматта ұйымдастырылды. Оқу барысында ресейлік мұғалімдер қалыптастырушы бағалаудың тұжырымдамасымен, тәсілдерімен және әдістерімен танысып, бағалауға арналған тапсырмалар құрастырды. Оқытудың бірегейлігі оқыту үдерісінде әзірленген тапсырмаларды мұғалімдер сыныпта нақты оқыту тәжірибесіне енгізгендігінде болды. Бұл енгізіліп отырған өзгерістердің практикалық құндылығын көруге мүмкіндік берді.

Ынтымақтастықты жалғастыру аясында Ханты-Мансийск автономиялық округі -

Югра педагог қызметкерлерінің 2021 жылғы тамыз кеңесінде «Тәрбиелеу заманауи білім беру кеңістігінде баланың жеке басын дамыту мен қалыптастырудың жалпыұлттық стратегиялық басымдығы ретінде» тақырыбында онлайн форматта педагогтер үшін екі шеберлік сабақтары өткізілді:

- тиімді оқу және оқыту,
- мұғалімнің тәжірибесіндегі зерттеу.

Ханты-Мансийск автономиялық округі - Югра 2021 жылғы педагогикалық қызметкерлерінің тамыз кеңесіне халықаралық сарапшы ретінде шақырылған ДББҰ Басқарма төрайымы К.Н. Шәмшидинова сөз сөйлеп, «Бағалаудағы критериялды тәсілдеме білім беру жүйесіне сенімсіздік мәселесін шешу болып табылуы мүмкін» деген тақырыпқа баяндама оқыды, БББО және ПШО сарапшылары шеберлік сабақтарын өткізді (42-суретті қараңыз).



42-сурет. ДББҰ-ның ХМАО-Югра тамыз педагогикалық конференциясына қатысуы

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Президенттік, шығармашылық және мамандандырылған мектептерді дамыту агенттігімен ынтымақтастық

2021 жылғы 18-21 сәуірде 2019 жылғы қыркүйекте құрылған Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Президенттік, шығармашылық және мамандандырылған мектептерді дамыту агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) делегациясы жұмыс сапарымен келді.

Кездесу нәтижесінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрайымы Күләш Шәмшидинова мен Агенттік директорының орынбасары Амирулло Абдуллаев арасында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды (35-суретті қараңыз).



35-сурет. Меморандумға қол қою рәсімі аяқталды

- Өзбекстанда екі жыл бұрын президенттік мектептер құрылды. Бүгінгі таңда олардың төртеуі бар: елорда - Ташкентте, Хиуа, Наманган және Нүкісте. Бүгінде біздің стратегиялық әріптестеріміз - Назарбаев Зияткерлік мектептері мен Кембридж университеті. Біз қазіргі уақытта әлемдік білім беру көшбасшылары ретінде танылған NIS тәжірибесіне мүдделіміз, - деп атап өтті Амирулло Абдуллаев.

Сапар барысында әріптестер Педагогикалық шеберлік, Педагогикалық өлшемдер және Педагогикалық бағдарламалар орталықтарының жұмысындағы басым бағыттармен танысты.

Білім беру бағдарламалары орталығында NIS-Programme негізгі қағидаттары мен оның халықаралық мойындалуын талқылады.

Педагогикалық шеберлік орталығында зерттеулерді ұйымдастыру мен педагогтердің кәсіби дамуындағы бизнес-үдерістер, сондай-ақ оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған оқу қызметін жобалау бойынша кейс-сессия пысықталды.

Педагогикалық өлшеулер орталығында бағалаудың кешенді жүйесінің негізгі қағидаттары, компоненттері мен рәсімдері, конкурстық іріктеу, қалыптастырушы және жиынтық бағалауға теңгерімді көзқарас өзбек әріптестерінің үлкен қызығушылығын тудырды.

Қазіргі заманғы білім берудегі аккредиттеу және сертификаттау, халықаралық тану, бағалау жүйесі,

оқу үдерісін онлайн форматқа көшіру сияқты стратегиялық тақырыптар делегация мүшелерінің үлкен кәсіби қызығушылығын тудырды.

Бұл өзбек делегациясының Қазақстанға алғашқы сапары емес. Бұған дейін (2020 жылғы 10 желтоқсан) Агенттік өкілдері (Агенттік төрағасының орынбасары Амирулла Абдуллаев және халықаралық ынтымақтастық бөлімінің бастығы Фарход Ниязов) NIS жүйесінің тарихымен, ерекшеліктерімен және жетістіктерімен танысып, елордалық үш Зияткерлік мектепте - физика-математика бағытында, халықаралық бакалавриатта, Халықаралық мектепте болды. Мектептердегі жұмыс барысында ғимараттар құрылысы, педагогикалық ұжымды қалыптастыру, NIS-Programme құру, конкурстық іріктеу өткізу, элективті курстар мен әлеуметтік тәжірибелерді ұйымдастыру, ата-аналармен ынтымақтастық, табысты команда және корпоративтік дәстүрлерді қалыптастыру секілді түрлі бағыттар бойынша үлкен сұрақтар пакеті пысықталды.

Арнайы Агенттік делегациясы үшін халықаралық аккредиттеу, тәрбие жұмысы және олимпиадалық қозғалыс, сондай-ақ балалар үшін достық және қауіпсіз орта құру ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасалды.

Өзбек әріптестер Назарбаев Зияткерлік мектептерінде алған үздік сабақ ретінде шабыт пен уәждемені атап өтті.

Агенттік директорының орынбасары Амирулло Абдуллаев Өзбекстанның елдік білім беру жобасы үшін Назарбаев Зияткерлік мектептерімен ынтымақтастықтың зор маңызын атап өтті.

Дүниежүзілік банктің «Орта білімді жаңғырту: ҚР орта білім берудегі оқу жетістіктерін бағалауды жетілдіру» жобасы

Қазіргі уақытта ҚР БҒМ Дүниежүзілік банктің қолдауымен «Орта білімді жаңғырту» кешенді жобасы (бұдан әрі - жоба) шеңберінде «Оқушыларды бағалау жүйесін білім берудің жаңартылған мазмұнына сәйкес келтіру» бағыты бойынша қазіргі заманғы сыртқы бағалау жүйесін (ҰБТ және ОБЖМ) әзірлеуге бағытталған реформаларды іске асыруда. Жобаны іске асыру шеңберінде халықаралық

бағалау стандарттарына сәйкес бағалау форматтарын жаңарту көзделген:

- оқушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу (ОБЖМ) оқу бағдарламасының жаңартылған мазмұнының негізгі құзыреттеріне баса назар аудара отырып, тіл, жаратылыстану ғылымдары (биология, физика және химия сияқты пәндерді интеграциялай отырып) және математика саласындағы функционалдық сауаттылықты бағалайтын болады;

- Ұлттық бірыңғай тестілеу мектеп түлектерінің ойлау дағдылары мен ЖОО-да одан әрі оқуға академиялық дайындығын бағалайтын болады.

Жобаны іске асыру барысында келесі іс-шаралар өткізілді:

- Қазақстан Республикасындағы ағымдағы бағалау жүйесін талдау және жетекші елдердің халықаралық тәжірибесіне әдеби шолу;

- халықаралық талаптарға сәйкес 500-ден астам тест әзірлеушілерін оқытудың 1 және 2 кезеңдерін іріктеу және өткізу (44-46-суреттерді қараңыз);

- 4 мыңға жуық тест тапсырмаларын әзірлеу және олардың алғашқы апробациясын өткізу;

- тесттерді басқару үшін АТ-платформасын сатып алу және енгізу бойынша ҰТО талаптары мен мүмкіндіктерін талқылау.

Қайта қаралған ОБЖМ және ҰБТ жүйелері бастауыш және орта білім беруді жалпы жүйелік жақсарту үшін неғұрлым теңгерімді бағалау құрылымын құрады:

- оқу бағдарламаларының стандарттарын жетілдіру,

- білім беру саясатын күшейту,

- халықаралық зерттеулердегі нәтижелерді қоса алғанда оқушылардың үлгерімін арттыру.




44-46-суреттер. Тест тапсырмаларын әзірлеушілерді оқыту

«Отбасы, мектеп және қоғамдастық: баланың мүддесі үшін ойланамыз және әрекет етеміз» атты XII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы

Конференция аясында «Балалардың әл-ауқаты үшін мектептерді бірлесіп дамытамыз» тақырыптық алаңы ұйымдастырылды, онда НЗМ тәжірибесін тарату және әріптестермен бірлесіп сәтті іске асырылған педагогтердің кәсіби дамуы бойынша 5 білім беру жобасы ұсынылды.

Пленарлық бөлімде педагог кадрларды даярлау, білім беру ортасында әл-ауқат қалыптастыру, ауыл мектептерін дамыту және білім беру сапасын арттыру үшін білім беру бастамаларын ілгерілету мәселелері талқыланды. Іс-шараға 500-ден астам адам қатысты. Алаң қатысушылары «Ж. Досмұхамедов атындағы Жоғары педагогикалық колледжде білім беру мазмұнын жаңғырту және білім беру үдерісін ұйымдастыру», «Ауыл мектебі», «Табысқа бірге», «Жетекші мектептер қоғамдастығы», «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС



қолдауымен Қарағанды облысы педагогтерінің кәсіби дамуы» секілді педагогтердің кәсіби даму жобаларымен егжей-тегжейлі танысуға мүмкіндік алды.

Тақырыптық алаңға қатысушылардың ашық диалогі мектептегі өзгерістерді басқарудың өзекті мәселелерін талқылауға, оқу мен оқытуға өзгерістер енгізуге, мұғалімдердің цифрлық және зерттеу дағдыларын дамытуға, педагогтердің әлеуетін арттыру үшін Жетекші мектептердің серіктестіктермен өзара әрекеттесуіне мүмкіндік берді.

Конференция аясында өткен «Болашаққа бағытталған Ы. Алтынсарин идеялары» дөңгелек үстеліне 300-ден астам адам қатысты. Белгілі отандық және шетелдік ғалымдар Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері туралы баяндады. Жазушының өмірінен бұрын беймәлім болған, бүгінде қоғамның игілігіне айналған шығармалары мен көпшілікке мәлім емес деректер келтірілді.

Конференция аясында ПШО «Назарда – мектеп сабағы» кейс-сессиясын өткізді.

Сессия жұмысына 1000-нан астам қатысушы қатысты. Негізгі спикер – Дүниежүзілік сабақты зерттеу Қауымдастығының (WALS, Жапония) негізін қалаушылардың бірі, профессор, халықаралық сарапшы Хироюки Куно.

Спикер практикалық іс-шаралар барысында қатысушылардың қорытындыларына сараптамалық баға берді. Мұғалімдер 10 сессия залында белсенді қарым-қатынас жасады. Сабақтың үзінділеріне фокустық бақылау жүргізу, бірлескен талқылау сабақты сапалы бақылау үшін қандай дағдылар қажет екенін, рефлексивті талдауды қалай құруға болатындығын, нәтижелерді түсіндірудің қандай әдістері тиімді екенін көруге мүмкіндік берді. Сессияда Қазақстан мектептерінде «Сабақты зерттеу» тәсілдемесін енгізу шеңберінде ПШО жүргізген зерттеу нәтижелері ұсынылды, қорытындылар мен ұсынымдар айтылды, мұғалімдер практикасындағы өзгерістерге ықпал ететін факторлар белгіленді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тиімділігі жоғары білім беру жүйесі кез-келген ел мен қоғам экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып саналады.

Қазіргі қазақстандық қоғам қоғамдық жаңғыруымен және білім беру жүйесі жетекші орын алатын әлемдік интеграциялық үдерістерге қосылуымен сипатталады. Республикадағы білім беру саласындағы үрдістер және оның әртүрлі деңгейлерінің алдында тұрған міндеттер олардың рөлдерін, қызметтері мен жалпы білім беру жүйесінде алатын орнын қайта ой елегінен өткізу, оларды одан әрі дамытудың жаңа тәсілдемелерін әзірлеу қажеттілігін туындатып отыр.

Отандық білім беру жүйесінің жаңартылған білім беру мазмұнына толық көшуі білім берудегі құзыреттілік тәсілдеме аясында педагог мамандардың жұмысына, білім беру үдерісінің дербестену жағдайында олардың жұмыс істеу дайындығын қалыптастыруға жаңа талаптар қояды.

Болашақта ДББҰ келесі іс-шараларды жоспарлайды:

1) 2023 жылға дейін саны 2000 Жетекшіні қамтитын желіні құру, оның негізінде ДББҰ-мен бірге білім берудегі инновацияларды алға жылжытатын көшбасшылардың бастауыш сынып мұғалімдерінің және пән мұғалімдерінің желілік қоғамдастықтары жұмыс істейтін болады. 2000 Жетекші мектептің әлеуетін олардың санын одан әрі арттырмай барынша дамыту серіктес мектепке әдістемелік қолдауды дербестендіруге мүмкіндік береді;

2) өңірлердің сұрауы бойынша, «Ауыл мектебі» жобасы шеңберінде ауыл мектептерінің жұмысын жақсарту жөнінде кәсіби ұсынымдар әзірлей отырып, оқу-тәрбие үдерісіне және білім беру ортасына зерттеулер жүргізу;

3) «AI SCHOOL» ЖШС-де NIS-Programme бастауыш мектебінің оқу бағдарламасын сүйемелдеу және енгізу;


4) «Online Мектеп» цифрлық білім беру платформасында «Ustaz» бөлімінде жеке модуль құру. Бұл модульде мұғалімдердің стандартты және стандартты емес мәселелерді шешудің әдістері мен тәсілдерін меңгеру деңгейін теңестіруге ықпал ететін тереңдетілген деңгейдегі тапсырмаларды орналастыру жоспарлануда. Бұл оларды оқу үдерісінде және пәндік олимпиадаларға дайындық кезінде одан әрі пайдалану үшін тапсырмалар банкін құруға мүмкіндік береді;

5) 2022 жылға қарай сараптама бойынша мектеп тренерлерінің жаңа санатын дайындау;

6) 2024 жылы Қазақстанда WALIS халықаралық конференциясын өткізуге дайындық жасауды жоспарлайды.

2021 жылғы ПШО қызметкерлерінің республикалық баспасөз және интернет-басылымдардағы жарияланымдары

р/с	Авторы	Жарияланым атауы	Жарияланған күні	Қайда жарияланды	
				Баспасөз басылымдары	Сілтеме / PDF
1	НЗМ баспасөз қызметі	Мұқағали Мақатаев - 90 жыл: Тараздағы Зияткерлік мектепте мерейтой айлығы басталды	01.02.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=135224
2	К.Н. Шәмшидинова «НЗМ» ДББҰ Басқарма Төрайымы	Қашықтан оқыту: тәжірибе және перспективалар	05.02.2021 ж.	«Казахстанская правда» газеті	https://www.kazpravda.kz/fresh/view/distsionnoe-obuchenie-opit-i-perspektivi
3	НЗМ баспасөз қызметі	«Даналық бейсенбісі»: Жұлдыз Мақатаев - асылдың сынығы	09.02.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=136101
4	ПШО қызметкерлері мен Жетекші мектеп педагогтері	ПШО - «Бүгінгі жетекші мектептер - Ведущие школы сегодня», арнайы басылым	16.02.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	
5	Д.А. Алиаскаров «НЗМ» ДББҰ ПШО Шымкент қаласындағы филиалының тренері	Ұстаз болсаң, Ыбырайдай бол!	02.03.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=138572
6	НЗМ баспасөз қызметі	Гүлнар Апева - Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы атағын алды	19.03.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=141905
7	С.Т. Камалова ПШО-ның Қызылорда қаласындағы филиалының директоры	Мәдениет: метатанымдықтан мектепке дейін	26.03.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=142662
8	К.С. Альмагамбетов ПШО-ның Павлодар қаласындағы филиалының менеджер-әдіскері	«Ізденуден жалықпаңыз»	03.04.21 ж.	«Сарыарқа самалы» газеті	

					
9	Б.Қ. Асубаев ПШО-ның Алматы қаласындағы филиалының директоры	Тәуелсіздікке 30 жыл: 30 есім, 30 тарихи дерек: өмірі өнегемен өрілген	13.04.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=149696
10	Ш.К. Альтаева ПШО-ның Тараз қаласындағы филиалының МСБ маманы	«Төңкерілген сынып»: оқытудың аралас тәсілі»	19.04.2021 ж.	«Білім шырағы» газеті	
11	Н.М. Турысбекова ПШО-ның Тараз қаласындағы филиалының менеджер-әдіскері	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» тәжірибесін орта білім беру ұйымдарына таратудағы әдістемелік орталықтың рөлі»	19.04.2021 ж.	«Білім шырағы» газеті	
12	Г.Я. Казыгулова ПШО-ның Талдықорған қаласындағы филиалының аға менеджері	«Оқушылардың қалай оқу керектігін үйренуіне тиімді қолдау жасау - табыс кепілі»	26.04.2021 ж.	«Білім шырағы» газеті	https://bsh.kz/news/16799
13	Р.Б. Абишева ПШО-ның Талдықорған қаласындағы филиалының аға менеджері	Жаңа шындықта кадрлардың кәсіби дамуын басқару	26.04.2021 ж.	«Білім шырағы» газеті	https://bsh.kz/news/16798
14	ПШО-ның Орал қаласындағы филиалының директоры Л.В. Обыденкина Орал қаласындағы ФМБ НЗМ директоры А.Т. Айтпукешевтен сұхбат алды.	«Педагогикалық шындыққа деген қызығушылық ағартушының ұстанымы және педагогикалық зерттеулердің тәжірибесі ретінде»	06.05.2021 ж.	Педагогикалық шеберлік орталығының «Шамшырақ» онлайн-алаңы	https://fb.watch/6fMlq7uYwW/

15	С.С. Копбергенова ПШО-ның Ақтау қаласындағы филиалының менеджер-әдіскері	Ойталқы: Сабақты зерттеу тәсілінің берері көп	07.06.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=157564
16	А.Ж. Егизбаев ПШО-ның Қарағанды қаласындағы филиалының директоры	«Түйінді идеяларды тәжірибеде белсенді қолдану қажет»	10.06.2021 ж.	«Ізденіс» газеті	 
17	С.Б. Испусинова «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрағасының орынбасары	Бүгінгі мұғалімнің кәсіби дамуы	18.06.2021 ж.	«Казахстанская правда» газеті	https://www.kazpravda.kz/fresh/view/o-professionalnom-razviti-kazahstanskih-uchitelei-rasskazala-zampred-aoo-nish?fbclid=IwAR2qPMv0thP8kTn6mgGyvex8vcgCXizdQzhnbpCkZEscYbRtw01mS1md9Ps
18	НЗМ баспасөз қызметі	НЗМ-де Мұрат Әуезовпен кездесу өтті	06.09.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=170193
19	ПШО	Ауыл мектептерін қолдауға арналған жаңа шешімдер	06.10.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=172088
20	Ж.Ж. Кабдыкаримова ПШО директоры	Мұғалімдердің кәсіби дамуындағы көшбасшылық	18.11.2021 ж.	«Казахстанская правда» газеті	https://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/liderstvo-v-professionalnom-razviti-uchitelei
21	И.Л. Энтина ПШО әдістемелік жұмыс бөлімінің бастығы	Әрқашан трендте болу: уақытпен қатар оқыту	09.11.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=176655
22	НЗМ баспасөз қызметі	«Шамшырақ»: Оспан Сүлейменұлының табыс тарихы	10.11.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=176879

23	Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Атырау қаласының жалпы білім беретін орта мектептерінің директорлары NIS-те тағылымдамадан өтті.	15.11.2021 ж.	Facebook-тің ресми парағы	https://www.facebook.com/126511627697673/posts/1582857002063121/?d=n
24	Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Атырау қаласының жалпы білім беретін орта мектеп директорлары Алматыдағы NIS-те қонақта болды.	15.11.2021 ж.	Facebook-тің ресми парағы	https://www.facebook.com/groups/526182284253518/permalink/1649405961931139/
25	НЗМ баспасөз қызметі	Оспан Сүлейменов: ұстаз - әлемдегі басты мамандық	30.11.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=179144
26	Ж.Ж. Кабдыкаримова ПШО директоры	Мұғалімнің кәсіби дамуындағы көшбасшылық	07.12 2021 ж.	«Егемен Қазақстан» газеті	https://egemen.kz/article/298351-mughalimninh-kasibi-damuyndaghy-koshbashylyq
27	Ж.Ж. Кабдыкаримова ПШО директоры	Тәуелсіз елде - ұстазды ұлықта	14.12.2021 ж.	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	

2021 жылғы ПШО қызметі туралы аймақтық және республикалық баспасөз басылымдардағы сыртқы пікір

р/с	Авторы	Жарияланым атауы	Жарияланған күні	Қайда жарияланды	
				Баспасөз басылымдары	Сілтеме/ПДФ
1	Шолпан Каринова, ҚР БҒМ Вице-министрі Сұхбат алушы - Нұрлан Тілегенұлы	Білім саласы жаңа өзгерістермен толығыда	16.02.2021	Газета «Білімді ел - Образованная страна»	https://bilimdinews.kz/?p=137209
2	Л.Ж. Тынышбаева Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, №3 Қарауылкелді ОМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жетекші мектеп координаторы	Жетекші мектеп - жетістіктер алаңы	23.02.2021	Газета «Білімді ел - Образованная страна»	https://bilimdinews.kz/?p=137961
3	Б.Б. Мусабаев Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Қожаберген жырау атындағы ОМ директоры,	Үйрете жүріп үйренетін ұстаздармыз	25.02.2021	Газета «Білімді ел - Образованная страна»	https://bilimdinews.kz/?p=138175
4	А.Т. Ажмуратов Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Қорғантау ОМ директоры	Ауылдағы ұстаздардың еңбегін жетекші мектеп ретінде облысқа таныттық	25.02.2021	Газета «Білімді ел - Образованная страна»	https://bilimdinews.kz/?p=138185
5	К.А. Солтаналинова Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Абай атындағы ОМ директоры	Жетекші мектеп: Жұмыла көтерген жүк жеңіл	01.03.2021	Газета «Білімді ел - Образованная страна»	https://bilimdinews.kz/?p=138820
6	Ержанова Г.Д., заместитель директора ШГ № 1 им. А.С. Пушкина, г. Шымкент	Жетекші мектеп: Желілік қоғамдастықтың маңызы	19.03.2021	Газета «Білімді ел - Образованная страна»	https://bilimdinews.kz/?p=141872
7	Г.Ы. Сихымбаева Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Баршатау ауылы, Оспанқұл Меңаяқұлы атындағы ОМ директоры	Жетекші мектеп: Үздіктер үлгісінің ізімен	21.03.2021	Газета «Білімді ел - Образованная страна»	https://bilimdinews.kz/?p=142235
8	Г. Турманбетова Алматы облысы, Іле ауданының білім беруді дамыту бойынша білім беру-әдістемелік орталығының әдіскері	Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру - кәсіби оқыту нысаны	24.03.2021	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=142373
10	Адам Гурьев	Жетістікке бірге Вместе к успеху	11.05.2021	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	
11	Әсет Сыздықов	Дөңгелек үстел «Роботтар мұғалімді алмастырады ма?»	06.07.2021	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=160931

12	А.М. Туркестанова	«Қазақмыс» корпорациясының білім беру туры	06.07.2021	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=161070
13	Әсет Сыздықов	«Жаңа шындықтағы білім» конкурсының жеңімпаздары мен лауреаттары	06.07.2021	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	
14	Дана Ли	Дөңгелек үстел «NIS-те білім беру сапасындағы бағалаудың рөлі талқыланды»	26.10.2021	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=174720
15	Еліміздің педагогтері: 1) Роза Магперова, Петропавл қаласындағы №27 ОМ математика пәнінің мұғалімі; 2) Торғын Ибрагимов, Қостанай қаласындағы №10 ОМ бастауыш сынып мұғалімі; 3) Татьяна Рассохина, Нұр-Сұлтан қаласындағы №47 МГ химия пәнінің мұғалімі; 4) Ирина Романенко, Өскемен қаласындағы облыстық мамандандырылған IT-мектеп-лицейінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі; 5) Асылжан Бәйменова, Петропавл қаласындағы №32 ОМ тарих мұғалімі; 6) Инабат Джанадилова, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданындағы №7 «Еркетай» бөбекжай әдіскері; 7) Эльвира Капарова, Атырау қаласындағы №30 «Жұмбақ» бөбекжайының әдіскер-инноваторы.	Табысты болуды үйренеміз	26.10.2021	«Білімді ел - Образованная страна» газеті	https://bilimdinews.kz/?p=174859
16	Еліміздің педагогтері: 1) Аманжол Исабеков, Павлодар облысы, Железин ауданының білім беру бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі; 2) Сағида Ахметова, Ақмола облысы, Жақсы ауданы білім басқармасының әдістемелік кабинетінің меңгерушісі; 3) Арай Тобықова, Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласы, Ә. Ермаков атындағы №2 жалпы білім беретін мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі; 4) Роза Турманова, Алматы облысы, Іле ауданы, №49 орта мектебінің биология пәні мұғалімі.	Идеяларды біріктіре отырып, шеберлікті дамытамыз	26.10.2021		https://bilimdinews.kz/?p=175930

Теруге 19.05.2020 берілді. Басуға 22.06.2020 қол қойылды.
Пішімі 84х108/16. Кеңсе қағазы 80 г/м2. Сандық басылым.
Шартты б. т. 3,78. Таралымы 15 дана. Тапсырыс № 459

«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында басылды.
e-mail: info@cpm.kz